

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Ө.А. Тұрғанов**

**«Қазақстан Республикасының қылмыстық  
заңнамасын қолданудың теориясы мен практикасы»**

**Оқу құралы**



**ҚАРАҒАНДЫ  
2023**

## **ӘОЖ 343.236.1**

Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

**Рецензенттер:** Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры з.ғ.к., полиция полковнигі **С.Қ. Алтайбаев**, «ҚТО» КЭУ экономикалық және Құқықтық ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері з.ғ.к., доцент **Б.У. Сейтхожин**.

**Автор:** Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, з.ғ.м., полиция полковнигі **Тұрғанов Өмірзақ Асылтайұлы**.

**Ө.А. Тұрғанов**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын қолданудың теориясы мен практикасы: Оқу құралы:** Қарағанды: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. – 140 б.

**«Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын қолданудың теориясы мен практикасы:** тақырыбында дайындалған оқу құралы жеткілікті білім деңгейінде даярланып, ЖООКББФ магистранттары мен білім алушыларының тәжірибелік қызметте дұрыс, әрі сапалы жұмыс істеуі үшін, өз міндетінің шеңберінде қылмыстық заңдағы өзара ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір-бірінен айырмашылығын және заң нормаларын тәжірибеде дұрыс қолдануға септігін тигізер деген ойдамыз.

Оқу құралы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша жарияланады. (22.06.2023 ж. №10 хаттама)

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023 ж.

© *Ө.А. Тұрғанов*

## КІРІСПЕ

Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері ретінде қылмыстың объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі аталады. Бұлардың әр қайсысының қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын зерттеуде, ол бойынша кінәлі адамның жауаптылығын белгілеуде өз рөлі бар.

Қылмыстың объектісі ретінде қылмыстық заң бойынша қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың, заңды мүдделердің, құқықтардың және құндылықтардың жиынтығы алынады деп түсіну керек.

Кейбір әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ретінде “қоғамдық қатынастар” деген ұғым алынып, ал қалған “заңды мүдделер, құқықтар мен құндылықтар” деген ұғымдар “қоғамдық қатынастар” деген ұғымға жатқызылады.

Қылмыстың объективтік жағы ретінде қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайтын белгілердің жиынтығы алынып, онда қылмысты факт немесе оқиға ретінде бағалауға болатын белгілер тобына сипаттама беріледі. Объективтік жақты қылмыстың жасалу оқиға сын білдіретін элемент ретінде түсінуді ұсыну, ол объективтік жақтың “қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайды” деген ұғымға байланысты. Яғни бұл құрам элементінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін көзге көрсете алатын сыртқы белгілер болып табылатын қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, елеулі зардап, себепті байланыс, қауіпті құрал, тәсіл, жағдай тәрізді белгілер түгелденеді немесе осы бағыттағы материалдарды саралау жүргізуші субъект іздестіреді.

Қылмыстың субъективтік жағы ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін ішкі жақ белгілері алынады. Демек бұл құрам элементінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қауіпті іс-әрекетіне, зардапқа, қылмыстық құқық бұзушылық тәсіліне, жағдайына деген психикалық қатынасы, сонымен бірге қылмыстың жасалуына түрткі болған ішкі сезімдер ашылады. Яғни қылмыскердің қылмыстың объектісі мен объективтік жағының белгілеріне деген ми жұмысының шешімдері анықталуға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс, кінәлі адам алынады. Қылмыстың құрамын негізінен субъективтік және объективтік бағыттардағы белгілерден құралатынын ескеріп, оның ұғымын осы екі бағыттағы белгілердің жиынтығы түрінде алу қисынды және өзге әдебиеттерде де осындай сипаттағы түсінік беріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері өзара бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Мысалы қылмыстың объективтік жағы мен субъективтік жағының түсінігі және оларды құрайтын белгілер бірін-бірі дәлелдеуші, анықтаушы рөл атқарады. Яғни қылмыстың объективтік жағы қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттаса, ал субъективтік жақ ішкі бейнесін ашады.

Қазақстан Республикасы демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында дамуы, алға қойылған мақсаттарды дұрыс

шешу заңдылықтың одан әрі нығайтумен, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік құрылысты, бүкіл құқықтық тәртіпті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды күшейтумен өзара тығыз байланысты.

Қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресуде заңның бүкіл күшін қолдану өзгертілмес міндет болып қала бермек. Бұл жерде маңыздысы адамдар мемлекет тарапынан өздерінің мүдделерін қорғалуын, қылмыс жасаған адамдар үшін жаза тағайындалатынын сезуі қажет.

Қазіргі заманда қылмысқа қарсы күресуде басты бағыт қылмыстың алдын алуға және оны болдыртпауға бұрылады. Қылмыстың алдын алу қылмыс жасаймын деген ойы анықталған адамдарды оны іске асырудан бас тартуға көндіру арқылы жүзеге асырылады. Қылмысты болдыртпау қылмыстық ойын іске асыруға кіріскен адамдарды ұстау және оларды, әдетте, қылмысқа дайындалғаны немесе оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту арқылы жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдарының қылмыстың алдын алу және оны болдыртпау қызметінің құқылық негізі болып Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, және әсіресе, ҚК қасақана қылмысты жасау сатылары жөнінде нормалары табылады.

Қылмысқа дайындалу және оқталу сатыларын анықтаудың ең басты маңызы заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға нақты, кейде ауыр зардаптар келуінің алдын алуда болады. Дайындық әрекеттері кезінде немесе қылмыс жасалып, бірақ әлі аяқталмаған, сәтте қылмысты болдыртпау шынайы нақты зиянның тууына жол бермейді.

Қылмысқа дайындалудан немесе оқталудан бас тарту алдын ала қылмыстық әрекет үшін қылмыстық жауаптылықты жою мән-жай болып табылады.

ҚР ҚК 26-б. 1-бөлігінде: "Адамның дайындау іс-әрекеттерін немесе қылмыс істеуге тікелей бағытталған дайындалу іс-әрекетті тоқтатуы не іс-әрекетті (әрекетсіздікті) тоқтатуы, егер адам қылмысты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржола бас тартса, ол осы қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс", - анықтама берілген.

Осы орайда қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс (ҚК 26-б. 2-бөл.). Мысалы, шабуыл жасап тонауы үшін адам атыс қаруын сатып алды, бірақ кейін оны іске асырудан бас тартты (ҚК 287-б.).

# 1. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

## 1.1 Қылмыстық құқық ұғымы, қағидалары және міндеттері

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі заңдылық пен құқықтық тәртіпті ұдайы нығайтуды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің конституциялық құрылысын берік қорғауды талап етеді. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту қылмыстылық сияқты әлеуметтік індетпен ымырасыз күрес жүргізуді ұйғарады. Мемлекет қылмыстылықпен күресте әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да шаралардың бүкіл кешенін пайдаланады. Құқықтың басымды және дербес салаларының бірі қылмыстық құқық болып табылады. Ол құқықтың басқа салаларынан ерекшеленіп, өзінің айырықша міндеттеріне, өзінің пәні мен өзінің реттеу әдістеріне ие болады. Сонымен бірге қылмыстық құқық осы жүйеде құқықтың негізгі қағидалары тән болатын құқықтың жалпы мемлекеттік жүйесіне енеді.

Қылмыстық құқықтың негізі құқықтың барлық саласы сияқты тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қол сұғушылықтан қорғайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 15-бабында «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Қоғамдық қатынас ерекшеліктеріне қарай құқық жүйесі бірқатар салаларға бөлінеді. Құқықтың әрбір саласы сапалық жағынан өзгешеліктері бар ерекше қоғамдық қатынас түрлерін реттейді. Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқық құқықтың өз алдына бөлек саласы ретінде, белгіленген қылмыстық жауаптылыққа негізделген іс-әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалануға жататындығын, жазалар мен өзге де мәжбүрлеу шараларын, оларды тағайындаудың жалпы ережелері мен шарттарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың шарттары мен тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасы Парламентімен белгіленген заңдық нормалардың жиынтығы ретінде анықталады.<sup>1</sup> Сөйтіп, қылмыстық құқық кең мағынада қоғамға жағымсыз құбылыс – қылмыстармен күрес жүргізудің нормативтік негізі болып табылады. Қылмыстық құқық, құқық саласы ретінде өзіне тін қасиеттерге ие болады. Біріншіден, ол іс әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығын, қылмыстық жауаптылық негіздемесін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуды қолдануды анықтау үшін заңдылық негіз болып табылады. Екіншіден, қылмыстық құқық өзіндік ерекше реттеу пәніне ие болады. Қылмыстық құқық пәні осы дәрістің екінші сұрағында нақтырақ қарастырылады. Үшіншіден, қылмыстық құқыққа бір жағынан қылмыс жасаған адам мен екінші жағынан құқық қорғау органдары арқылы көрінетін мемлекет арасындағы қоғамдық

<sup>1</sup> *Борчашвили И.Ш., Сахаров В.Н.* Уголовная право Республики Казахстан. Общая часть: Учебно-методическое пособие. – Қарағанды, 2004. 6-бет.

катынастарды реттеудің ерекше жолы тән. Қылмыстық құқық әдістеріне талдау жасуға кейінірек тоқталамыз.

Қылмыстық құқықтың мән-мағынасы мен табиғатын, оның міндеттері мен қызметтерін танып-білу үшін оның жетекші ережелері немесе басқаша айтқанда, қылмыстық құқық қағидалары үлкен маңыз бен мәнге ие болады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіндегідей қылмыстық құқық қағидаларының жүйесі мен мазмұны берілген дербес баптар жоқ. Қылмыстық құқық қағидалары деп Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының негізіне алынған негізге алынатын идеялар мен ережелер танылады.<sup>2</sup>

Қылмыстық құқықтың алдында тұрған міндеттер арнайы құралдар – қылмыстық құқық ғылымы мен сот тәжірибесі қағидалары негізінде туындаған жаза қолдану қатерімен және қолдану жолымен шешіледі. Бұл ереже ҚР ҚК 1-бабының 2-бөлігінде қылмыстық заң Қазақстан Республикасы Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы танымал қағидалары мен нормаларына негізделеді, деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында негізге алынатын мынадай қағидалар анықталған: қоғамдық келісім пен саяси тұрақтылық, бүкіл халық үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу.

Қылмыстық құқықтық теорияда отандық және халықаралық құқықтық дәстүрлерді қылмыстық заңнамаларды және оларды қолдану тәжірибесінің отандық және халықаралық дәстүрлерін талдауды ескере отырып, мынадай қағидаларды бөліп қарауға болады:

- 1) заңдылық қағидасы;
- 2) әділеттілік қағидасы;
- 3) азаматтардың заң алдындағы тең қағидасы;
- 4) өз кінәсіне жауаптылық қағидасы;
- 5) адамгершілік қағидасы;
- 6) қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелендіру қағидасы.

Заңдылық қағидасы - қылмыстық құқық қағидалары жүйесінде бірінші орынды алады. Заңдылық қағидасының қылмыстық құқықта бекітілуі мен жүйелі жүзеге асырылуы өте маңызды орын алады. Бұл қағиданың мазмұны бай, ол іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығы, сондай-ақ өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптардың ҚР Қылмыстық кодексімен анықталуын белгілейді. Бұл жағдай былайша түсіндіріледі. Қандай іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) қайсысы қылмыс деп, қайсысы қылмыс емес деп танылатындығы тек қана ҚР Қылмыстық кодексімен анықталады. Тек қана ҚР Қылмыстық кодексімен ғана кінәліге қылмыс жасағаны үшін қандай жазаның түрлері мен мөлшері белгіленген. Тек қана ҚР Қылмыстық кодексімен ғана басқа да қылмыстық-құқықтық зардаптар қарастырылған (мысалы, соттылық). Заңдылық қағидасы барлық қылмыстық-құқықтық нормаларға жүреді. Дегенмен, Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында ол жөнінде тереңірек

---

<sup>2</sup> *Поленов Г.Ф.* Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 1997. 6-бет.

айтылады. Мысалы, ҚР ҚК 4-бабында «қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады, деп анықталған. Ал, ҚР ҚК 10-бабында қылмыс ұғымы «осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» деп берілген.

Заңдылық қағидасын жүзеге асырудың кепілі қылмысты дұрыс саралау, яғни белгілі бір қылмыстық-құқықтық қатынастардың бар екендігі фактісін ресми түрде тану болып табылады. Саралаудағы жіберілетін қателіктер қате жаза тағайындауға жол беріп қана қоймай, құқықтық шектеулерді негізсіз қолдануға немесе тіптен қолданбай тастауға әкеп соқтырады (мысалы, бас бостандығынан айыру орындарында қатаңырақ немесе жеңілірек режим белгілеу, рақымшылық жасауды қолдану немесе қолданбау).

Заңдылық қағидасы құқық нормаларымен қарастырылмаған өз бетімен әрекет жасаумен сыйыспайды. Құқық пен әділеттілікті қоғамда құқыққа жатпайтын құралдардың көмегімен орнықтыруға болмайды. Қылмыстық істердің барлық мән-жайларын объективті зерттеу талаптарын бұзушылық заңсыз әрекет деп танылады. Егер мұндай заңсыз әрекеттер жасалатын болса, онда бұл құқық қорғау органы қызметкерлерінің кәсіби даярлығының нашарлығын, не олардың тиісті қызметті теріс немесе асыра пайдалануын білдіреді. Заңдылықтарды күшейту мен одан әрі жетілдіру заңдылық пен мақсаттылық арасындағы қатынастардың талаптарын дұрыс түсіне білу деп танылады.

Әділеттілік қағидасы – адами қатынастардың кең саласын қамтитын күрделі әлеуметтік-философиялық санаттардың бірі. Бұл ұғымның мазмұны қоғам өмірі мен оның даму ағымының экономикалық, саяси және құқықтық шарттарын тікелей немесе жанама түрде көрсетеді. Бұл қағиданың мәні қылмыстық жауаптылыққа тарту тек қана сенімді, дәлелденген және заңды мән-жайларға негізделуіне байланысты. Бұл әсіресе жаза тағайындау кезінде аса маңызды. Ол, жазаның ауырлығы қылмыстың қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, оны жасау жағдайларына, сондай-ақ кінәлі адамның мінездемесіне объективті түрде сай болғанда ғана әділетті саналады, өйткені жаза әділетті болғанда ғана өзінің шынайы мақсатына жеке алады. Қылмысқа кінәлі адам өзінің қоғамдағы алған орнына, қызметіне, лауазымына, байланыстарына қарамастан қылмыстың жауапқа тартылуы тиіс.

Әділеттілік қағидасына байланысты ҚР Қылмыстық кодекстегі барлық қылмыстар сипаты мен дәрежесіне қарай кішігірім, орташа ауырлықтағы, ауыр және ауыр болып бөлінеді. Осы сияқты іс-әрекеттерінің санаттарына, яғни ауырлығына қарай кінәлі адам түрлі құқықтық зардаптарға ұшырайды.

Жаза тағайындаудың әділеттілігі жөнінде ҚР ҚК 52-бабының 1-бөлігінде былай деп көрсетілген: «қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады».

Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидасы - қылмыс жасаған адамның заң алдында жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, тегіне, мүліктік және қызметтік жағдайына, тұратын жеріне, діни көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатысына, сондай-ақ басқа да жағдайларына қарамастан бірдей тең және қылмыстық жауапқа тартуға жатады. Бұл қағида өзінің бастауын Қазақстан Республикасы Конституциясының «Әркім заң мен сот алдында бірдей тең» деп айтылған 14-бабынан алады.

Бұл, сонымен бірге, ешқандай жағдайлар, факторлар мен шарттар әрбір адамның қылмыс жасаған жағдайында қылмыстық заң алдында бірдей тең болуына әсер ете алмайтындығын жария ететін маңызды қағидалардың бірі. Ешкімде ешкімге ешқандай жеңілдік жасауы тиіс емес немесе, керісінше, қылмыстық заң қолдану кезінде басқа біреуге қатысты оның жағдайын нашарлатуға тиіс емес.

Өзінің кінәсіне ғана жауаптылық қағидасы - адамның «өз кінәсі анықталған қоғамдық іс-әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс екендігін көрсетеді (ҚР ҚК 19-б. 1-бөл.)

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында бұл қағида өз көрінісін тауып онда былай делінеді, «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп танылады». Сөйтіп, кінә жасалған әрекетті нақты бір адаммен байланыстыратын және оның жауаптылығын негіздейтін маңызды кезең. Нақ осы кінә арқылы адамның әлеуметтік жағымсыз қасиеттері мен көзқарастары белгілі болады. Нақтысына келетін болсақ, қылмыстың жасалу фактісінің өзі адамның адамгершіліктік және құқықтық көзқарастарын дұрыс бағалау мүмкіндігін өскеріп қоймай және нақты қылмыс субъектісінің қылмыстық жауаптылық пен жазаға тарту қажеттігін шешеді.

Бұл қағида, егер қоғамдық қауіпті іс-әрекетке және оның зардаптарына өзінің кінәсі анықталмаған болса, ешкімнің де қылмыстық жауапқа тартылмайтындығы жөніндегі ережені мықтап шегелей түседі. Тек қана кінәсі болған жағдайда ғана субъективті жауаптылыққа тарту қылмыстық құқықтың негізін құрайды. Қоғамға қауіпті іс-әрекет кінәлілікпен, яғни қасқана немесе абайсыздықта жасалғанда ғана қылмыс деп танылады.

Кінәні анықтап алмайынша жасалған іс-әрекетті дұрыс саралауға, қылмыс пен қылмыскердің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтау мүмкін емес. Осы қағиданы дамыта келе, қылмыстық заң «объективті айыптауға, яғни зиян келтірген үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді» (ҚР ҚК 19-б. 2-бөл.), деп анықтайды. Бұл ереженің де өте елеулі тәжірибелік маңызы бар. Нақты бір адамның әрекетімен келтірілген зардап қаншалықты ауыр болса да, егер сол әрекет пен зардапқа қатысты адамның кінәлі екендігі анықталмаса адамдық қылмыстық жауапқа тарту мүмкін емес.

Қылмыстық құқық теориясында, қылмыстық жауаптылық қашанда нақты бір адамға ғана қатысты болады және оны қылмыстың құқықтық зардаптарын өз еркімен мойынына алуға келіскен кез келген басқа адамға арта салуға болмайды. Сөйтіп, өзінің кінәсіне жауаптылық қылмыс жасағаны үшін



қылмыстық жауаптылыққа тек қана есі дұрыс, дені сау, қылмыстық жазаға тарту жасына толған кінәлі адам ғана тартылуы тиіс деп ұйғарылады.

Адамгершілік қағидасы - Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуімен көрінеді.

Адамгершілік адамдық қасиетті, адамның қадір-қасиетін сақтауды білдіреді. Бұл ұғымның дәл осындай мазмұны қылмыстық-құқықтық саясат қағидасы ретінде де орын алады. Адамгершілік қағидасының пайда болуын негіздерінің бірі адамның аса құндылығын тану болып табылады. Адамгершілік – бұл адамды тұлға ретінде танып мойындау, оның абыройын сыйлап, сақтау, адам игілігі үшін ұмтылу қоғамдық ілгерілеудің мақсаты деп білу керек. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін ең жоғары құндылығы адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы болып табылатын, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялайды» деп көрсетілген.

Қылмыстық құқықтың адамгершілігі, ең алдымен қылмыстық құралдармен тұлғаны қауіпсіздігін қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз етумен көрінеді. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтардың адамдардың өмірі мен қауіпсіздігіне үрей тудыратын ұйымдастырушылары мен белсенді қатысушыларына қатысты қатаң қылмыстық жаза шараларын қолдану, олардың да басқа қылмыскерлерден берік қорғалғандығына күмәндану адамгершілікті, негізді және әділетті болып табылады. Сонымен бірге, кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған, қылмыстық заңды бірінші рет бұзған, шын көңілімен өкініп келген, келтірген шығындарын қалпына келтіруге ұмтылған адамдарға қатысты жұмсақтық таныту да адамгершілік нышаны болып табылады.

Адамгершілік қағидасының неғұрлым жарқын көрінуі оның алғаш рет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесіне арналған дербес 6-бөлімінің қосылуы болып табылады. Онда кәмелетке толмағандардың жасының және психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, соған байланысты қолданылатын қылмыстық-құқықтық құралдары тіпті қылмыстық жауаптылықтан босатуға дейін жеңілдету қарастырылған. Адамгершілік қағидасының екі жағының ақылға сыйымды үйлесуі қылмыстық құқықтың неғұрлым нәтижелі шешілуін қамтамасыз етеді. Қылмыстық-құқықтық саясаттағы адамгершілік қағидасы әділ сот мақсаты сияқты, қылмыстық әділет органдарының алдына қойылған шешілетін міндеттерді анықтаумен тікелей Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді (ҚР ҚК 39-б. 2-бөл.).

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелендіру қағидасы - қылмыстық жауаптылық пен жазаға тарту үшін жасалған қылмыстың, сол сияқты оны жасаған адамның ерекшеліктерін ескере отырып тарту туралы мәселелерді шешумен көрінеді. Қылмыстық жауаптылық пен жаза қашанда, сол сияқты

олар, егер әрбір нақты жағдайда қылмыс мен қылмыскер тұлғасының сипаты мен дәрежесіне сай болғанда жекеленген болуы керек.

Жекелендіру туралы талаптар қылмыстық заңнамалардың бүкіл жүйесін қамтиды. Мысалы, «Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы» туралы ҚР ҚК 29-бабының 1-бөлігінде қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысуының сипатымен және дәрежесімен айқындалатыны көрсетілген. Бұдан басқа жекелендіру қағидасы ҚР ҚК 30-бабында да көрініп, шектен шығушылық үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауапқа тартылмайтындығы айтылады. Жаза тағайындау кезіндегі жекелендіру қағидасы ҚР ҚК 52-бабының 3-бөлігінде қарастырылып, жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі – жазаның мөлшеріне әсер ететін неғұрлым маңызды мән-жайлар. Іс-әрекет қылмыстық-құқықтың мынадай негізіне жатуы керек: неғұрлым қауіптірек қылмыс үшін соғұрлым қатаңырақ санкция қарастырылады.

Қылмыстық құқықтың қағидаларынан басқа оның міндеттері де аз мәнге ие болмайды. Қылмыстық заңнамалардың міндеттері, демек Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының да міндеттері ҚР ҚК 2-бабына топтастырылған. Онда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін ҚР Қылмыстық кодексі қылмыстық жауаптылықтың негіздемесін құрайды, адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай іс-әрекеттің қылмыс болып саналатынын және оны жасағаны үшін қандай қылмыстық жаза және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпалы ету шаралары қолданылатынын анықтайды.

Қылмыстық заңнамалардың міндеттерін анықтау кезінде қоғам мен мемлекет өміріндегі саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардығы сапалы өзгерістер ескерілді. Қылмыстық заң алдымен тұлғаны, оның құқықтарын мен бостандықтарын, содан кейін барып оның меншіктік нысандарын қорғайды. Қылмыстық-құқықтық құралдармен қорғалатын маңызды объектілердің қатарына қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік, қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы қосылған. Негізгі объектілер қатарына арнайы түрде қоршаған орта, сондай-ақ бейбітшілікті қамтамасыз ету мен адамзат қауіпсіздігі енгізілген. Қылмыстық-құқықтық реттеу пәні болып

мазмұны ерекше жүктелген міндеттер мен қызметтерді атқару болып табылатын қоғамдық қатынастар болып көрінеді.

Қылмыстық құқықта төмендегідей үш негізгі қызмет көрсетіледі:

- 1) қорғау қызметі;
- 2) ескерту (алдын алу) қызметі;
- 3) реттеу қызметі.

Қорғау қызметі қылмыстық-құқықтық шараларды қолдану жолымен ҚР ҚК 2-бабында аталған объектілерді қорғауды талап етеді. Бұл үшін қылмыстық заң қылмыстық әрекеттер шеңберін, солар үшін жаза түрлері мен мөлшерін анықтайды.

Ескерту (алдын алу) қызметі жаңа және толық негізделген болып табылады. Кешенді алдын алу жұмыстарынсыз қылмыстылықпен күрестің әсерлі болуынан нәтиже күту мүмкін бола бермейді. Бұл қызметті қылмыстық заңнама екіұшты үлгіде орындайды. Бір жағдайда, бұл қылымыс жасаған адамға жаза және жаңадан қылмыс жасауға жол бермеу мақсатында өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын (жеке сақтандыру) үшін қолданылады. Екінші бір жағдайда, мұның өзі халықтың белгілі бір бөлігін жауаптылыққа тарту қатерімен тежеу арқылы көрінетін қылмыстық жауыптылықты белгілеу (жалпы сақтандыру) болып табылады.

Реттеу қызметі қылмыстық заңнамада қылмыстық құқықтың негізгі институттарын орындайды. Сондықан ол қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын заңдылығы жоғары нормалар негізінде қалыптасады. Бір жағынан мұндай қоғамдық қатынастарға қатысушы құқық қорғау органдары арқылы көрінетін мемлекет болса, екінші жағынан – қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамдар болып табылады.

## ***1.2 Қылмыстық құқық ғылымының пәні мен әдісі***

Қылмыстық құқық құқықтың ғана бір саласы емес, ол сонымен бірге дербес ғылым болып та табылады. Қылмыстық құқық ғылымы қоғамдағы ғылымдардың бір бұтағы саналатын құқықтанудың құрамдас бөлігі болып саналады. Қылмыстық құқық ғылымы деп қылмыстық құқық туралы оның институттары мен даму жолдарындағы көзқарастарды, идеялар мен түсініктер жүйесі танылады.

Заң әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, қылмыстық құқық ғылымы, ең алдымен әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретіндегі қылмыс пен жазаны және олармен байланыстағы басқа да қылмыстық-құқықтық институттарды, сондай-ақ, қылмыстық заңнамаларды және олардың іс-тәжірибедегі қолданылуын зерттейді.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылым пәніне жалпы қабылданған пікірлер бойынша мыналарды жатқызуға болады:

- а) қылмыстық заңдар мен ғылымның өзінің қалыптасуы мен даму тарихы;
- б) қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды зерттеу мен талдау;
- в) қылмыстық кодекс нормаларын іс-тәжірибеде қолдану;

г) шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын салыстырмалы түрде зерделеу;

д) қылмыстық түрлері;

е) қылмыстық-құқық нормаларымен жанасатын қоғамдық өмірдегі шынайы құбылыстар (қылмыс құрамы, қылмыс сатылары, қылмысқа қатысу, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы және т.б.).<sup>3</sup>

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымы қатып қалған түрінде емес, құқық қорғау органдарының сұраныстарына қарай дамуы мен өзгеруіне байланысты зерттеледі. Қылмыстық құқық ғылымы әлеуметтік зерттеулердің негізделген қорытындыларына сүйенбей, әсерлілігін ашып алу үшін қолданыстағы және бұрынғы қылмыстық құқықтық нормаларды бір-бірімен салыстырмайынша дамуы мүмкін емес. Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі – қылмыстық заңдардың іс-тәжірибеде қолданылуын кең түрде қорытындылап талдау, нақты әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты қылмыстық заңнамаларды жетілдіру жолдары мен әдістерінің негізінде жоспар құру. Қылмыстық құқықтың әлеуметтануы қылмыстық-құқық ғылымының бөлігі бола отырып, негізгі қылмыстық-құқықтық институттарға зерттеу жүргізеді және олардың нәтижелері әлеуметтік негізділігіне орай жаңа қылмыстық заңдар жасау, оларды жетілдіру, тиімділігі мен әсерлілігін ашу үшін елеулі маңызға ие болады. Қылмыстық әлеуметтанудың аса ірі мәселелерінің қатарынан қылмыстық-құқық саласындағы құқықтық сана-сезімді әлеуметтік зерттеуді, қылмыстық-құқықтық бағдарлауды, қылмыстық жазалардың әсерлілігін, қылмыстың нақты түрлерінің әлеуметтік мәселелерін және Ерекше бөлімнің нормаларын қолдануды атап өтуге болады.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымының пәні құқық саласы ретіндегі қылмыстық құқық пәнінен әлдеқайда кеңірек. Оған қолданыстағы заңнамаларды зерделеу және олардың қолданылуын талдау ғана емес, қылмыстық заңдар, сол сияқты ғылымның өзі ретінде қалыптасуы мен даму тарихы енеді. Ғылым пәніне сонымен бірге, салыстырмалы түрде және заң шығарушылық пен құқық қолдану қызметі және ғылымды дамыту жолындағы озық тәжірибелерін пайдалану мақсатында шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын зерттеу де кіреді. Жалпы құқықтың саласы ретіндегі қылмыстық құқық қоғамдық қатынастарды өзіне тән әдістермен реттейді. Қылмыстық құқық ғылымы, әрине, қылмыс жасауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуші және қорғаушы рөлін атқара алмайды. Ол тек қана олардың мазмұнын зерттейді және қылмыстық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған әлеуметтік негізделген тұжырымдар жасайды.

Қылмыстық құқық ғылымы іс жүзіндегі тәжірибемен тығыз байланыссыз дами алмайды. Мұндай байланыстардың жолдары әрқилы: қылмыстық заңдарды қолдану тәжірибелерін зерделеу мен қорытындылау; құқық қорғау органдары жүргізетін іс-тәжірибені қорытындылауға маман-ғалымдардың қатысуы; қолданыстағы қылмыстық кодексті жетілдіру мен жаңа қылмыстық заң жобаларын жасауға қатысу; ҚР Жоғары соты жанындағы, ҚР Бас

<sup>3</sup> Герцензон А.А. Уголовное право и социология. – М., 1970. 16-бет.

прокуратурасындағы консультациялық кеңестің жұмыстарына ғалымдардың қатысуы; ҚР Жоғарғы сотының заңдар мен нормативтік қаулыларына қорытынды пікір айтуға қатысу. Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымы ең алдымен екі ең негізгі институт – қылмыс пен жазаны зерделейді. Қылмыстық құқықтың өзі сияқты, қылмыстық құқықтық ғылымы да қылмыстылық пен өзге де құқық бұзушылықтардың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізу мәселелерін зерттейтін өзге де ғылым салаларымен араласады. Қылмыстық құқық ғылымы криминологияға, қылмыстық-атқару заңнамалары туралы ғылымға, қылмыстық іс жүргізу, жедел-ізвестіру қызметі, құқықтық статистика, криминалистика, соттық психология мен психиатрия ғылымдарына неғұрлым жақын.

Қылмыстық құқық ғылымының мән-мағынасын көрсете отырып, есте сақтарлық жай, біріншіден, осы ғылымның философиялық, әдістемелік негіздерін, екіншіден осы ғылымының құқықтық ғылымның бір саласы ретінде пайдаланылатын арнайы әдістерін (тәсілдерін) ескеру қажет. Әрине, қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістері (тәсілдері) олардың әдістемелік негіздерімен анықталады және олармен тығыз, үзілісіз байланыста қарастырылуы тиіс. Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымының әдістері мынадай екі топқа бөлінеді:

- 1) жалпы әдістер;
- 2) арнайы әдістер.

Қылмыстық құқық ғылымының жалпы әдісіне философияның диалектикалық әдісі жатады. Қылмыстық құқық ғылымының әдісі туралы айтқанда, философияның диалектикалық ережелеріне негізделген жалпы қабылданған ережелерден бастау қажет. Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты, қылмыстық жауаптылық негіздемелері мен шарттарын, жазаны және басқа да қылмыстық заңнамалар институттырын зерделеу олардың қандайда бір дербес, бөлектенген түрінде емес, тығыз байланыстылығын анықтайтын себептері мен шарттарын қарастыруға шақырады. Кез келген қылмыстық-құқықтық норма қоғамдағы нақты алатын орнына қарай, басқа да қоғамдық өмірдегі құбылыстармен тығыз байланысуына қарай қарастырылады.

Қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістеріне мыналар жатады:

- 1) салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі;
- 2) нақты әлеуметтік зерттеу әдісі;
- 3) құрылымдық-қисынды талдау әдісі.

Қылмыстық құқықты оқып-үйрену кезінде қолданылатын нақты әдістердің бірі салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі болып табылады. Ол бірінші кезекте түрлі елдердің құқықтық жүйесіндегі қылмыстық құқықтың біртектес институттарын салыстыруды талап етіп қана қоймай, сонымен бірге ең бастысы осы институттардың бірдейлігі мен айырмашылықтарының себептерін, мәнін және зардаптарын салыстыруды талап етеді. Түрлі біртектес қылмыстық жүелерге жататын институттарды салыстырмалы зерттеу кезінде елеулі емес және негізгі тараптардың, салыстырылатын объектілердің, элементтері арасындағы, елеулі болмаса да зерттелетін объектілердің қарама-қайшылығын сипаттауда жетекші болып саналатын қағидалары арасындағы қатынастарды дұрыс ашу маңызды мәнге ие болады.

Қылмыстық құқық ғылымымен қолданылатын келесі әдістердің бірі нақты әлеуметтік зерттеу әдісі болып табылады. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі – бұл қылмыстық құқық саласындағы нақты бір қылмыстық-құқықтық институттардың қоғамдық өзара әрекеттестігі барысындағы рөлін зерттеуді өзіне міндет етіп алған әлеуметтік зерттеу нысандарының бірі. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың әсерлілігін талдау және бұдан бұрынғы зерттеулер негізінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың белгілеген мақсаттылығын бағдарлауға мүмкіндік береді, және соған орай қылмыстық-құқықтық заңнамалардың мәселелерін ұтымды шешу мүмкіндіктерін жеңілдетеді. Нақты әлеуметтік зерттеу сонымен бірге қылмыстың себептері мен шарттарын және қылмыстылық үстінен бақылау жүргізуге қажетті әлеуметтік шаралар құру үшін де өте қажет деп саналады.

Қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістеріне құрылымдық-қисынды талдау әдісі жатады. Қылмыстық құқық ғылымында нормативтік материалдарды қисынды жасау немесе нақты құқықтық ережелерді үнемі игеріп отыру үшін формальды заң ретінде диалектикалық қисындарды пайдалану шын мәнінде де өте қажет.

### *1.3 Қылмыстық құқық курсының жүйесі*

Қылмыстық құқық қылмыстық заңнамалар сияқты қылмыстық-құқықтық нормалардың екі тобынан тұрады. Осының негізінде мұндай бөлі оның мазмұнындағы айырмашылықтарға юайланысты. Бұл Қылмыстық кодексті Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлуге мүмкіндік береді.

ҚР ҚК Жалпы бөлімі мыналарды қарастырады:

- Ерекше бөлімнің нормаларын дұрыс түсінуге және қолдануға мүмкіндік беретін жалпы ережелер мен институттар;
- адамдық қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері;
- Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының міндеттері;
- қылмыстық жауаптылық негіздемелері;
- қылмыстық заңның әрекет ету шеңбері;
- қылмыстың жалпы ұғымы;
- кінәнің түрлері мен нысандары;
- жазаның түрлері, оларды тағайындау және қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату тәртібі;

ҚР ҚК Ерекше бөлімінде мынала орналастырылған:

- біртектес қылмыстар тобы;
- қылмыс деп танылатын іс-әрекеттер тізімін анықтаушы нақты нормалар;
- қылмысты саралаушы және ерекше саралаушы белгілер;
- қылмыс жасағаны үшін жазаның түрлері мен мөлшері.

Қылмыстық құқықтың бұл екі бөлімі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Мысалы, қылмыстың нақты ұғымы қылмыстың жалпы анықтамасына енгізілген. Өз кезегінде қылмыстың жалпы ұғымы жинақтап зерттеуді көрсетеді, басқаша айтқанда барлық нақты қылмыстарды қорытындылайды.

Жалпы бөлім мен Ерекше бөлімнің бірлігі ең алдымен олардың алдындағы міндеттер – тұлғаларды қылмыстық қол сұғушылықтан, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, меншіктің барлық түрлерін, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғаудың жалпылығына негізделген. Жалпы және Ерекше бөлімдер нақты өмірде тек қана бірге қолданылады. Ерекше бөлімнің нормаларын Жалпы бөлімнің нормаларынсыз қолдануға болмайды, ал Жалпы бөлімнің нормалары Ерекше бөлімнің нормалары арқылы немесе соныме бірге жүзеге асырылады.

Мәселен, егер нақты бір жағдайда қандайда бір қылмыстың жасалғаны белгілі болса, осы қылмыстың белгілері көрсетілген ҚК Ерекше бөлімінің белгілі бір бабына ғана жүгіну жеткіліксіз. Нақты бір адамды қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың мүмкіндіктерін біліп алу үшін Жалпы бөлімнің бірқатар нормаларын қолдану қажет болады (әсіресе, жаса шамасы (ҚР ҚК 15-бабы), кінәнің нысандары мен түрлері (ҚР ҚК 20,21-баптары), қылмыс сатылары (ҚР ҚК 24,25-баптары), қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы (ҚР ҚК 11-13-баптары), қылмысқа қатысу (ҚР ҚК 27-31-баптары), қылмыстық әрекетті болдырмайтын мән-жайлар (ҚР ҚК 32-38-баптары). Осы сияқты істерді соттардың қараған кезінде Жалпы бөлімнің осы нормаларына, ең әуелі «жаза тағайындау» тарауындағы нормаларына жиі қарауына тура келеді. Егер нақты жазаның жалпы белгілерін, мысалы, ең аз және ең жоғары мерзімді, олардың қандай адамдарға қолданылатын және басқаларды білмей және ескермей дұрыс жаза тағайындау мүмкін емес.

Қылмыстық құқықтың ерекшеліктері өзін құқықтың өзге салаларынан алшақтатпайды. Ол бірі-бірімен өзара байланысқан түрлі салалардың бірыңғай құқық жүйесінен тығыз орын алады, бірақ сонымен бірге өзінің құқықтық реттеушілік қызметі, рөлі, пәні және әдісі бойынша айырмашылықта болады.

Қылмыстық құқыққа «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» арнаулы VI тарауы енгізілген. Әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлардың қатары кеңейтілді (ҚР ҚК 33-бабы «Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру, ҚР ҚК 35-бабы «Жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру», ҚР ҚК 37-бабы «Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу», ҚР ҚК 38-бабы «Бұйрықты немесе өкімді орындау»). Қылмысқа қатысу нысандары қатарындағы ең қауіптісі – қылмыстық қауымдастық енгізілді (ҚР ҚК 31-б. 5-бөл.). Жазаның жаңа түрлері: – қоғамдық жұмыстарға тарту (ҚР ҚК 43-бабы); – бас бостандығын шектеу (ҚР ҚК 44-бабы); – қамаққа алу (ҚР ҚК 45-бабы) енгізілді. Басқа да маңызды мәселелер қаралды.

ҚР ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерінің тараулары көбісі екі, үш немесе одан да артық бөліктерден құралған баптардан тұрады.

ҚР қылмыстық заңнамасының құрылымдары «Қылмыстық заң» тақырыбын оқып-үйрену кезінде нақтырақ қарастырылатын болады.

Сөйтіп, қылмыстық құқық курсының жүйесі Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлімге 7 бөлім кірсе, Ерекше бөлім 18 тараудан тұрады. Сондай-ақ, 2014 жылдың 3-шілдесінде қабылданған Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексі соңғы 10 жылдық қолданысы ішінде 30 дан астам өзгертулер мен толықтыруларға ие болды.

#### ***1.4 Қылмыстық саясат ұғымы***

Ататп өткен жөн, қылмыстық құқық қылмыстық саясатты жүзеге асыруды ең маңызды құралдың рөлін атақарады. Қылмыстық саясат деп қылмыстылықпен күрес жолдары туралы мемлекеттің жетекші идеялары мен нұсқаулары танылады.

Оның негізгі мазмұны қылмыстық заңнамалардың стратегиялық және тактикалық міндеттерінің қолданылуы, сондай-ақ қылмыстың алдын алуы ретінде анықталады. Қылмыстық саясатта негіз құраушы қылмыстық жауаптылыққа тартылмай қалмау қағидасы болып табылады. Қылмыстық саясат мынадан туындайды, қылмыстың үстінен бақылау жүргізу заң әркімге бірдей тең деген қағидаға арқа сүйей отырып, заңдылықтарды бұлжытпай, қатаң сақтау шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Қылмыстық саясат өте күрделі, көпқырлы әлеуметтік құрылым болып көрінеді. Оның ықпал етуші объектісі жасалған және жасалатын қылмыстардың жиынтығымен көрінетін қоғамның әлеуметтік қасиеті – қылмыстылық болып табылады. Қылмыстық саясат қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қылмыстылыққа жатқызу (криминализация) үдерісімен бірге, оларды қылмыстылықтан айырып алу (декриминализация) бағыты мен жолдарын белгілейді. Бұл кйбір қоғамдық қатынастардың сипаттарының өзгеруіне байланысты оларды қылмыстық құқық шараларымен және құралдарымен қорғаудың қажеттігі болмай қалумен түсіндіріледі. Қылмыстық саясаттың келесі бір күрделі мәселесі қоғамға қауіпті іс-әрекетті пенализациялау, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекеттің жазалауға жататын сипатын анықтау болып табылады.<sup>4</sup> Пенализациялаудың негізгі бағыты, қауіпті қылмыскерлерге қатысты қатаң жаза қолдануды әлсіретпей, бас бостандығынан ауыруға байланысы жоқ жазаларды пайдалануды кеңейтумен көрінетін тұтастыру көзқарасы болып табылады.

Қылмыстық заңнамаларды қолданудың көпжылдық тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі кезеңдегі қылмыстық саясаттың екі негізгі ағымын ашып көрсетуге болады. Оның бірі «ауыр және аса ауыр қылмыс жасап, қылмыстық қудалаудан жасырынған, сондай-ақ қылмыстарды қайталаған кінәлі адамдарға» қатысты жазаны біртіндеп қатайтудан тұрады.

Қылмыстық заңнамалардың адамгершілік қағидаларын жүзеге асыратын басқа бір ағым, «бұдан былай кішігірім ауырлыққа жататын құқық бұзушылықтарды әкімшілік және азаматтық жауаптылық қатарына ауыстыра отырып, қылмыстылықтан ажыратумен көрінеді. Экономикалық қылмыстардың жекелеген түрлері үшін мүліктік жазалардың өресін кеңейту, сондай-ақ кішігірім және орташа қылмыс жасаған адамдарға қатысты бас бостандығынан айырумен байланыспайтын жазаларды кеңінен қолдану жағы ойластырылуда.

---

<sup>4</sup> *Дазель П.С.* Проблемы советской уголовной политики. – Владивосток, 1982. 60-бет.



Қылмыс жасаған адамның шын өкінумен кінәсін мойындап келуіне байланысты ынталандыру сипатындағы шараларды қолдануды кеңейту қарастырылуда. Осы сияқты ағымдардың бір бірімен ақылға сыйымды астасуы қылмыстылықпен күрестің әсерлілігін арттыра түсетіндігіне сөз жоқ. Қылмыстық саясаттың құрылымында оның мақсатын, мазмұнын және субъектілерін бөліп алып қараған жөн.

Қылмыстық саясаттың мақсаты неғұрлым аз әлеуметтік шығындар мен қаражат жұмсай отырып қылмыстылықтың үстінен бақылау жүргізудің әсерлілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қылмыстық саясаттың мазмұны – бұл қылмыстылықпен күрестің міндеттері мен әдістерін (бағытын) анықтау, осы қызметке қажетті адамдар күші мен материалдық қорлардың жоспарлануы, қылмыстылықпен күрес жүргізетін құқық қорғау органдарының ұйымдастыру мен қызмет жолдарын анықтау. Қылмыстық саясат мазмұнының құрылымында қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бағыттағы бақылау жүргізудің екі бағыты – қылмыстың алдын алу және қылмыстардың үстінен тікелей бақылау жүргізу бағаттарын қарастыруға болады.

Қылмыстық саясаттың субъектілері барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар және олардың қылмыстылықтың үстінен бақылаудың бағдарламаларын жасауға және оларды жүзеге асыруға қатысатын лауазымды адамдары болып табылады.

Қандай субъектілер және нақ нені анықтап әрі жүзеге асыратынына байланысты қылмыстық саясат екі нысанмен көрінеді. Ол атап айтқанда, қылмыстылықтың үстінен бақылау жүргізуді реттейтін қоғам мен мемлекетті дамытудың негізгі бағдарламалық құжаттарымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілерімен және ең соңында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың құқық қорғау қызметтерінен көрінеді. Қоғам мен мемлекетті дамытудың негізгі бағдарламалық құжаттарында қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізудің негіздері немесе соның негізіндегі норма шығарушылық пен мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың құқық қорғау қызметінің осы бағыттағы стратегиялық қадамы анықталады. Біздің мемлекетіміздегі қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізудің стратегиясын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды.

Қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізуді анықтайтын заңнамалар кешеніне ең бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясы жатады. Ол қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастар: адам мен азаматтың құқықтыры мен бостандықтарын, меншікті, конституциялық құрылысты, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды заң жүзінде бекітеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының тиісті кейбір баптары қылмыстық саясат міндеттерін анықтауға тікелей қатысты.

Қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізуді құқықтық реттеу жүйесінде ерекше орынды бұдан бұрын да бізге белгілі мемлекетпен қылмыс деп танылатын қоғамдық қауіпті әрекеттердің шеңберін анықтайтын, қылмыс жасаған адамдарға қатысты жаза мен өзге де мәжбүрлеу шараларын

қолданудың негіздемесін белгілейтін қылмыстық құқық алады. Құқықтың басқа салалары қылмыстылыққа ықпал ететін қылмыстық-құқықтық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін: құқық қорғау органдарды ұйымдастыру (конституциялық, әкімшілік және басқа да құқықтарын), анықтау, тергеу және сот органдарының қылмыстық іс қозғау мен оларды шешу қызметінің процессуалдық тәртібін (қылмыстық әс жүргізу), сот тағайындаған қылмыстық жазаларды атқару тәртібін реттейді.

Қылмыстық саясат құрылымына сонымен бірге мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың құқық қорғау қызметі кіреді. Қылмыстық саясаттың мұндай көрінісінсіз қоғам мен мемлекетті дамытудың негізгі бағдарламалық құжаттарын және қылмыстылықтың үстінен бақылау жүргізуді реттейтін құқықтық нормалар жүйесін іс жүзіне асыру мүмкін болмайды. Құқық қорғау қызметі – бұл өкімет өкілдерінің және өзге де лауазымды адамдардың алқалық немесе жеке қызметі. Қанша жетілдірілгеніне қарамастан құқықтық жүйе қайткен күнде де қылмыстық саясат пен нақты жағдайлар қағидасына қарай неғұрлым орындырақ қолданылатын басқару мен заңдық шешімдердің тиімді жолдары іздестіріле түседі. Демек, қылмыстылықтың үстінен бақылау мәселелерін шешуге қатысатын лауазымды адам республикалық, аймақтық, жергілікті сияқты әртүрлі деңгейлердегі саяси қайраткер ретінде көрінеді. Мұндай бақылаудың әсерлілігі көбінесе өзінің қызметік борышы мен кәсіби дайындығына адалдық ниетпен, табанды көзқараспен қарауына байланысты болады.

Қылмыстық саясаттың мазмұнына құқық қорғау органдарының лауазымды қызметкерлерінің құқыққа сай келетін қызметі ғана кіреді. Бұл қылмыстық саясаттың міндетті элементі ретінде лауазымды адамдардың қызметін бақылаудың әсерлі жүйесін ұйымдастыруды талап етеді. Ішкі істер органдарының өздерінің қызметін белсенді де заңды жүзеге асырып отыруы қылмыстылықтың үстінен әсерлі әлеуметтік бақылау жүргізудің кепілі. Бұл салада қылмыскердің жауаптылыққа тартылмай қалмауын қамтамасыз етк ерекше маңызға ие болады. Қылмыстық саясаттың мазмұнына келетін болсақ, ол елдің ішкі саясатымен тығыз байланыста болады, ол қазақстандық халықтардың еркін білдіреді және қылмыстылықтың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізу жолымен ішкі және сыртқы саясат мақсатының орындалуына көмекпен үлес қосуға жұмылдырады.

### ***1.5 Қылмыстық заң ұғымы және оның мәні***

Қылмыстық заң – бұл заң шығарушының қандай іс-әрекет қылмыс болып танылатынын, сондай-ақ оларды жасағаны үшін қандай жаза тағайындалатынын, қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен қағидаларын белгілейтін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың негіздемелерін реттейтін мемлекеттік биліктің жоғарғы заң шығарушы органының қабылдайтын нормативтік актісі. ҚР ҚК 1-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдары тек қана осы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты

көздейтін өзге заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс». Бұл заңдылықты нығайтуға, қылмыстық заңнамаларды жүйелендіруге жағдай жасайды, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нормативтік материалдарын пайдаланылуына және халықтық құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Атап өтетін жай, бұл жөнінен Батыстағы көптеген елдерді республикамызбен салыстыратын болсақ, олардағы қылмыстық кодекстер жалғыз ғана қылмыстық-құқықтық акті болып қалмайды. Мәселен, ФРГ-де, мысалы, экономикалық, шаруашылық, көліктік қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын кеңейтілген бөлек заңдар бар. Мұнда осы заңдардың көптеген қылмыстық-құқықтық нормалары Қылмыстық кодекске қосылмайды, қайта солармен бірге қолданылады. Дегенмен, қылмыстық-құқық нормаларының толық жүйелендірілуімен көрнетін, көп тәжірибе жинақтаған және өзіндік құқық шығармашылық ағымы бар кеңестік қылмыстық құқығынан бас тартуға болмайтын сияқты. Осы сияқты ағымдарды қазақстандық қылмыстық құқықта сақтау қылмыстық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыруда белгілі бір кепілдіктер береді.

Қылмыстық заңнаманың заңдық негізі ҚР ҚК 1-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Конституциясы, сонай-ақ жалпы танымал қағидалар мен халықаралық құқық нормалар болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері қылмыстық заңның кері күші туралы, қылмыстық жасалуы туралы хабарламағаны үшін жауаптылыққа тарылатын адамдар тобы туралы қылмыстық-құқықтық нормалардың пайда болуына жағдай туғызады. Еліміздің негізгі заңының баптары, сондай-ақ көбінесе Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің құрылымын анықтауға себептер болды. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің ҚазКСР Қылмыстық кодексінен айырмашылығы мынада Қазақстан Республикасы Конституциясымен бекітілген тұлғалардың мүдделерін қорғау артықшылығына келетін болсақ, бірінші орында жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыс үшін жауаптылық қарастырылады. Сонымен бірге, кейбір заң әдебиеттерінде айтып өтілгеніндей Қазақстан Республикасының Конституциясы жекелеген қылмыстық-құқықтық институттардың пайда болуына негіз болып табылады дегенді қолдай беруге болмайды. Ол мемлекеттің бүкіл саясатының құқықтық негізі ғана бола отырып, Қазақстан Республикасы қылмыстық саясатының бағыттары мен қағидаларын белгілейді. Осы айтылғандарға орай қылмыстық құқықтың қайнар-көздеріне Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық баптары жатады деп айтуға болады<sup>5</sup>. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, құқықтың өз алдына бөлек құқықтың қайнар-көздері болып (соның ішінде қылмыстық құқықтар) халықаралық құқықтың кейбір нормалары болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-бөлігінде «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан

---

<sup>5</sup> *Рогов И. И.*: Уголовный кодекс Республики Казахстан – толкование и комментирование. Выпуск.2 – Алматы, 1998. 3-бет.

басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» деп жарияланады. Дегенмен, қылмыстық құқықта қолдануға қатысты жалпы конституциялық нормалар нақтылау мен дәлелдеулерді қажет етеді. Мәселе мынада, солардың негізінде кінәлі адамды қылмыстық жазаға тартуға немесе осы адамға жаза тағайындауға болмайды, өйткені бұл нормаларда қылмыстық құқықтық санкциялар жоқ. Алайда, мемлекеттік ішкі қылмыстық-құқықтық нормалар аталған халықаралақ нормаларға қайшы келетін болса, Қазақстан Республикасы Конституциясының және халықаралық құқықтық нормалардың тікелей әрекет етуімен адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты нормативтік қаулыларының заңдық табиғаты туралы мәселе осы күнге дейін даулы күйінде қалып отыр, өйткені Жоғарғы сот қылмыстық заңдағы қылмыстық-құқықтық нормалардың мәне мен мағынасын ғана ашып, жаңа нормалар жасамайды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына құқықтық шығармашылық қызмет тән емес, ал кейбір жағдайларда заңды түсіндіруді желеу етіп заңға өзгерту енгізуге деген талпынысын оның өз құзыретінің шеңберінен шығып кетуі деп қарауға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясы өзінің 4-бабының 1-бөлігімен республиканың қолданыстағы құқық қатарына Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларын да енгізеді. Бұл қаулы сот тәжірибелерін қорытындылай келе, заңға, соның ішінде қылмыстық заңға, оны қолдануда қателіктерге жол бермес үшін соттық түсіндірме береді. Осы айтылғандар Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары да қайнар-көздер болып табылады деген қорытынды жасуға мүмкіндік береді<sup>6</sup>. ҚР ҚК 3-бабында «қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады», деп айтылған. Осыған байланысты қылмыстық заң қылмыстық іс бойынша сот әділдігін жүзеге асырудың мызғымас негіздемесі болып танылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы жоқ жерден пайда бола қалған жоқ, ол тікелей кеңестік қылмыстық құқықтан пайда болды. Соған қарамастан одан қазақтың әдеттегі құқық ережелері де, сондай-ақ сан ғасырлық тарихы бар ресейлік құқықтық заңнамаларының кейбір институттары да көрініс тапқан.

КСР Одағы тарағаннан кейін және республика өз алдына бөлек нағыз мемлекеттілікке көшкеннен кейін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына ескі идеологиядан бас тартушылықты білдіретін және бұқаралық құндылыққа қарағанда жалпы адамзаттық құндылықтың жаңа басымдығын тануды, «социалистік таңдау» жолын қушылықтан бас тартуды, қылмыстық заңдылық идеясының негізін салушы ретіндегі адамның құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық-құқықтық қорғауды тануға шешімді қадам жасалауын білдіретін өзгерістер енгізу мүмкіндіктеріне ие болды.

---

<sup>6</sup> Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 1998. 16-бет.

1948 жылғы 10-желтоқсандағы адам мен азаматтар құқықтары мен бостандықтары Декларациясының ережелеріне және Қазақстан Республикасындағы адамгершілік бастаудың қарқын алуына байланысты валюталық операциялар туралы ережелерді бұзғаны үшін, аса ірі мөлшерде мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді ұрлағаны үшін, ерекше ауырлатушы мән-жайларда пара алғаны үшін өлімі жазасы жойылды. Қылмыстық кодекстің қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке және халықтың денсаулығына қарсы қылмыстар турал, сот әділдігіне қарсы қылмыстар туралы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы және басқа да тарауларына өзгертулер енгізілді.

Алайда, 1959 жылғы Қаз КСР Қылмыстық кодексі көптеген өзгертулер мен түзетулерге қарамастан үмітсіз ескіріп және қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық үрдістерге сай келмеді. Жаңа уақыт жалпа адамзаттық құндылықтардың артықшылығына негізделген жаңа Қылмыстық кодекстің өмірге келуін талап етті. Соған орай, бұдан бұрын атап өткеніміздей, 1997 жылдың 16-шілдесінде Қазақстан Республикасы Парламентімен Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қабылданып, ол 1998 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Соған орай, 1997 жылдың 16-шілдесінде Қазақстан Республикасы Парламентімен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі қабылданып, ол 1998 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Одан кейін, 2014 жылдың 3-шілдесінде Қазақстан Республикасы Парламентімен Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексі қабылданып, ол 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіліп, бүгінгі күні жүзеге асырылуда.

### ***1.6 Қылмыстық заң нормаларының құрылымы***

Қылмыстық кодекс қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттейтін негізгі заң болып табылады және соған сәйкес, қылмыстық заңның құрылымын қарау деп, ең бірінші кезекте Қылмыстық кодексті және оның баптарының құрылымдарын қарау танылады. Қылмыстық кодекс жаппай снндық реттеу тәртімен орналасқан Қылмыстық кодекс баптарын біріктіретін бөлімдер мен тарауларға бөлінген Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлімнің баптары қылмыстық заңға, қылмысқа, жазаға және қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға қатысты қылмыстық құқықтың қағидалары мен ережелерін белгілеуші нормалардан тұрады. Ерекше бөлімнің баптары жекелеген қылмыстар (кісі өлтіру, ұрлық, бұзақылық, зорлау және басқалар) үшін жауаптылықты қарастырады.

Құрылымдық жағынан Ерекше бөлімнің нормалары Жалпы бөлімнің нормаларынан өзгешелікте болады және үш бөлімнен – гипотезадан, диспозициядан және санкциялардан тұрады. Жалпы алғанда, құқық теориясы нормалады үш буындық жүйеге – гипотезаға, диспозицияға және санкцияға бөлуге негізделген. Сонымен бірге, ҚК Ерекше бөлімінде негізінен гипотезаға немесе белгілі бір нормаларға тікелей нұсқаулар жоқ. Дегенмен, солай бола

тұрса да гипотеза деп заң шығарушының құқық нормаларын құрастыру кезіндегі амалдары деп тануға болады және сондықтан ҚР ҚК Ерекше бөлімі нормаларының құрылымы үш бөлімнен тұрады деген дұрыс.

Гипотеза деп қолдану кезіндегі қажетті шарттарды көрсететін қылмыстық-құқықтық нормалардың бөлігі танылады. Диспозиция деп қылмыстық заң бабының қылмыс жасағаны үшін нақты жаза тағайындалатынын іс-әрекетті атайтын, көрсететін немесе сипаттайтын бөлігі аталады. Қолданыстағы қылмыстық заңнамада қылмыс құрамдарын құру техникасы мен сипаттау әдістері жай, түсіндірме, сілтеме және бланкетті диспозицияларға бөлінеді.

Жай диспозиция деп заң шығарушының қылмыстарды тек қана жалпыға бірдей белгілі терминдермен атайды, бірақ осы қылмыстардың белгілерін ашпайтын және сипаттама бермейтін диспозиция танылады (мысалы, ҚР ҚК 125-бабының «адам ұрлау» диспозициясы). Диспозицияның мұндай түрі заң шығарушымен қылмыс пен оның аталуы жалпыға бірдей белгілі болғандықтан оларды нпқтылап сипаттаудың қажеттігі жоқ деп танылғанда қолданылады. Заңдағы тек қана жай диспозициямен берілген іс-әрекеттің белгілері сот тәжірибесінде немесе заң әдебиеттерінде ашылады. Дегенмен, жай диспозициялармен қарастырылған қылмыстарды саралаудағы қателіктерді зерттеу, ең бастысы теория мен тәжірибеде кейбір қылмыс құрамының белгілерін тану жөнінде дау тудыратын мәселелер жай диспозицияның «қарапайым» екендігіне күмән келтіреді. Жай диспозиция өзінің мазмұны бойынша емес, тек нысаны бойынша ғана көрінеді.

Түсіндірме диспозиция болып, заң шығарушы қылмысты жалпы қабылданған терминмен атап қана қоймай, осы қылмыстарға тәне негізгі белгілерді түсіндіріп және оны атаған диспозиция табылады. Қылмыстық заңның түсіндірмелері нақты бір қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық негіздемелерінің анықтауларына байланысты болуымен айғақталады.

Сілтеме диспозиция заң шығарушының қылмысты атауымен, алайда оның белгілерін анықтау үшін Қылмыстық кодекстің басқа баптарына сілтеуімен сипатталады. Мысалы, ҚР ҚК 107-бабында сілтеме болып «Адамның өміріне қауіпті емес және осы кодекстің 106-бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпаған... денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру» деген диспозиция танылады. Бұл дегенмен, осы қылмыстық құрамын анықтау үшін ондағы аталған зардаптарды ғана алып тастап, ҚР ҚК 106-бабына жүгінуге болатынын білдіреді.

Бланкетті деп, қылмыстық әрекеттің белгілерін қылмыстық заңның өзінде тікелей анықтамай, ол үшін құқықтың басқа салаларының (әкімшілік құқық, азаматтық құқық және т.б.) заңдарына сілтейтін диспозиция танылады. Мысалы, бланкеттік диспозиция олып, еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық белгілейтін ҚР ҚК 156-бабының 1-бөлігі танылады. Ереженің өзі қылмыстық заңмен белгіленбейді, Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңдар кодексімен, үкімет қаулыларымен, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілерімен (өз алдына дербес және кәсіподақтарымен келісім бойынша белгіленеді. Осыған байланысты осы қылмыстың құрамын анықтау үшін әрқашан еңбек құқығының тиісті нормативтік актілеріне жүгіну қажет.

Дегенмен бланкеттік диспозиция қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықты құқықтың басқа салаларындағы нормаларда қылмыстық-құқықтық санкцияға ғана айналдырып қоймайды. Тәртіп бойынша бланкеттік диспозицияларда қылмыстық жауаптылық шарттары қылмыстық заңда тікелей көрсетілген белгілі бір зардаптардың пайда болуы керек. Мәселен, ҚР ҚК 156-бабының 1-бөлігінде қылмыстық жауаптылық шарттары еңбекті қорғау ережелерін бұзу «абайсыздықта денсаулыққа ауыр немесе аса ауыр зиян келтіруімен» байланысады, бұл шарттар принципіальды түрде осы қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықты еңбек құқығында қарастырылған еңбекті қорғау ережелерін дәл осындай бұзушылығынан айырмашылықта көрсетеді.

Құқықтың басқа салаларының нормаларын көрсету әдетте жалпы нысанда, көбінесе тиісті нормативтік актілер мен ережелерді ескеру, еске салу жолымен көрсетіледі. Бұл, біріншіден, Қылмыстық кодексті құқықтың басқа салаларының нормативтік актілірімен үйіп тастамас үшін, екіншіден, құқықтың басқа салаларының нормативтік актілерінің өзгертулеріне тікелей тәуелді болдырмайтындай, қылмыстық заңның белгілі тұрақтылығын сақтау үшін жасалады. Осы сияқты айтылған жағдайлар қылмыстық заңның диспозицияның онсыз белгілі бір нәтижеге жетуге болмайтын жетістіктері мен кемшіліктерін сипаттайды. Бұл қылмыстық-құқықтық актілерге қарағанда түрлі органдармен және мейілінше көп мөлшерде шығарылатын нормативтік актілерді іздеп-табумен байланысты. Осыған орай соңғы жылдары бланкеттік диспозициялардың деңгейін азайту туралы мәселе орынды көтерілді. Әсіресе, диспозицияларда тиісті қылмыстық әрекеттердің зардаптары ған көрсетіліп қоймай, сонымен бірге осы зардаптарға қатысты кінәнің түрі, ал кейде белгілі бір тыйым салушылықтың көмегімен тиісті ережелерді бұзу нәтижесінде келтірілетін зиянға мейілінше тән әдістерді көрсету ұсынылады.

Кейде ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының диспозициялары түсіндірме де, бланкетті белгілерге ие болып және мұндай жағдайда оларды аралас немесе түсіндірме-бланкетті деп атау орын алады (мысалы, ҚР ҚК 150-бабының 1-бөлігі «Сайлаушының өзінің сайлау құқығын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау, сондай-ақ сайлау комиссияларының немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, кандидаттарды тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты міндеттерін атқаруына кедергі жасау»).

Түсіндірме диспозицияларды құрастыру заңнамалық техниканың көрінісі ретіндегі қылмыстық-құқықтық ұйғарымды тұжырымдау әдістерінің бір түрі болып табылады. Сонымен бірге қылмыстық құқық теориясында қылмыстық-құқықтық тыйым салуды тұжырымдаудың қиын (казустикалық) және дерексіздік (абстрактілі) әдістері болады. Қиын әдіс заң шығарушының диспозиция мәтініндегі шектеулі нақты жағдайларды қамтуға ұмтылуымен сипатталады, мысалы ҚР ҚК 409-бабының 1-бөлігіндегі «істің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға, сол сияқты оның туыстарына арына қатысты өлтіремін деп, денсаулыққа зиян келтірумен, мүлкін бүлдірумен немесе жоюмен қорқыту».

Дерексіз (абстрактілі) әдіс қылмыстық-құқықтық нұсқаулар көмегімен қалыптастырылған белгілерді шектеп қортындылаумен сипатталады.

Қылмыстық-құқықтық нұсқаулар (қылмыстық заң диспозициялары) ретінде қалыптастырылған құқық шығармашылық қызметі міндетті түрде нақты және дерексіз байланысты талап етуі тиіс. Дерексіз білім заттардың (объектігін) басқа қасиеттерден (жақтарынан) назарын аударып, қандайда бір қасиетке (жақтарға) қарай ауысады. Мысалы, бөтеннің мүлкін ұрлағаны үшін жауаптылық туралы ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігіндегі диспозицияны қарастырайық. Бұл диспозиция шын мәнінде барлық мүмкін деген мүліктік жасарын ұрлаудың жинақы көрінісін (абстрациясын) көрсетеді. Ұрлаудың мұндай жасырын әдістерінің нақты көріністері, мысалы қылмыстың жасалған орнының, уақыты мен жағдайларының ерекшеліктеріне қатысты әрқилы көрінуі мүмкін, бірақ олардың кез келгені өздеріне тән өзгешелігіне қарай басқаларымен сайма-сай келіп ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігіндегі диспозициялардағы белгілерге ие болады.

Сөйтіп, абстрактілі тұжырымсыз заң шығарушылық техникасының қиын да (казуистикалық), дерексіз де (абстрактілік) (таза қиын немесе дерексіз диспозициялардың болмайтыны сияқты) тәсілдері болмайды. Осыған байланысты бұл тәсілдерді айыру туралы белгілі бір шарт үлесі болғанда ғана айтуға болады (мысалы, тиісті қылмыстық құқықтық нұсқаулардың қиын немесе дерексіз бағыттылығы туралы). Мысалы дерексіз тұжырымда мазмұны заңмен емес, құқық қолданушының істің нақты мән-дайына қатысты құқықтық санасына байланысты анықталатын «елеулі шығын», «ауыр зардап» деген сияқты бағалаушы ұғымдар жиі кездеседі. Мұндай ұғымдарды пайдалануда субъектілердің (ең бірінші кезекте соттардың) қылмыстық істің нақты мән-жайларын, сондай-ақ үнемі өзгеріп тұратын қоғамдық өмірдің жағдайларын барынша ескере отырып қылмыстық заңды қолдану мүмкіндігін беруге деген заң шығарушының ұмтылысынан байқауға болады.

Санкция деп Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі баптарында қарастырылған белгілі бір қылмыс үшін жазаның түрі мен мөлшерін анықтайтын бөлігі аталады. Санкция – бұл заңмен тыйым салынған іс-әрекет қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне заң жүзінде баға беру. Заң әдебиеттерінде санкцияның келесідей түрлері бар: өте анықталмаған, өте анықталған, біршама анықталған, баламалы және сілтеуші.

Сөйтіп, бұл санкциялар соттың іс бойынша объективті шешім қабылдауына, тиісінше әділ жаза тағайындауына мүмкіндік бермейтіні көзге көрініп тұрған сияқты.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекс санкциялардың екі түрімен сипатталады: біршама анықталған және баламалы. Біршама анықталған санкция белгілі бір жазалардың жоғарғы немесе төменгі шектерін көрсете алады. Баламалы санкцияларда бір ғана емес, екі немесе одан да көп жаза түрлерін қолдану көрсетілді. Мысалы, сайлаушылардың құқығына және сайлау комиссиясының жұмысына заңсыз араласқаны үшін жауаптылықты белгілейтін ҚР ҚК 150-бабы 2-бөлігінің санкциясы екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға



дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын қарастырады. Соттардың жаза түрлері мен мөлшерін таңдау мен анықтау кезіндегі көзқарасының ауқымы санкциялардың қалай құрылғанына байланысты болады. Санкцияларды пайдалана отырып, заң шығарушы соттар үшін жазалардың қолдану шегін белгілейді. Сондықтан қылмыстық заңды және оның бөліктері – диспозициялар мен санкцияларын құру заң техникасының ғана емес, қылмыстық саясат да мәселесі.

Қылмыстық заң мен қылмыстық-құқықтық нормаларды бір-бірінен айыра білу қажет. Заң – бұл бұдан бұрын атап өткеніміздей, өзінде қылмыстық-құқықтық нұсқауларды, яғни қылмыстық-құқықтық нормаларды қарастыратын нормативтік акті. Сөйтіп, қылмыстық заң – бұл қылмыстық-құқықтық нормалардың нысаны (құқықтық сауыты), ал соңғысы алғашқысының құқықтық мазмұны. Осыған байланысты ҚР Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімі баптарының құрылымы осы бапта көрсетілген қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымынан айырмашылықта болады.

ҚР ҚК Ерекше бөлімінің кез келген нормасы өзіне гипотезаны, диспозицияны, санкцияны қосатын құқықтық нормалардың нақтылы құрылымына сай келеді. Тиісті қылмыс құрамының көрінісін бейнелейтін нормалардың диспозициясы Ерекше бөлім баптарының диспозицияларымен шектеліп қана қалмайды, сонымен бірге Жалпы бөлім баптарында да өзінің «жалғасын» табады, мысалы, ниет туралы, қылмысқа қатысу туралы және басқа да баптарда. Қылмыстық-құқықтық нормалардың санкциясы ҚР ҚК Ерекше бөлімнің тиісті баптарына сай келеді, дегенмен кейбір жағдайларда оны нақты анықтау үшін Жалпы бөлімнің баптарына сүйенуге тура келеді (мысалы, бұдан бұрын атап өтілгендей, егер ол Ерекше бөлімнің баптарының санкциясында анықталмаса тиісті жазаның ең аз мөлшерін белгілеу үшін).

### ***1.7 Қылмыстық заңның уақыттағы және кеңістіктегі әрекеті***

Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуы ҚР ҚК 5-бабымен реттеледі. Соған сәйкес, «әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданылып жүрген заңмен белгіленеді. Қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың басталған уақытына қарамастан, қылмыс жасалған уақыт деп танылады». Заңды күшіне енген қылмыстық заң оны арнаулы заңмен күшін жойды деп жаңасымен ауыстырылады деп саналғанша қолданыста болады. Осы сәттен бастап ескі қылмыстық заң күшін жоғалтты саналады және оны қолдануға болмайды.

ҚР ҚК 6-бабында қылмыстық заңның кері күшінің қағидалары тұжырымдалған. Бұл қағида әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін заңның кері күші болады, яғни осындай заң күшіне енгенге дейін тиісті әрекет жасаған

адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ соттылығы бар адамдарға қолданылатынын білдіреді. Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын алып тастайтын заң, осы әрекеттің қылмыстылығын алып тастаушы, яғни оны қылмыстық заңнан шығарып тастауы, демек, осы қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық пен жазаны болдырмайтын заң деп саналады. Егер жаңа қылмыстық заң іс-әрекеттің қылмыстылығын алып тастайтын болса, онда алдын ала тергеудің кез келген сатынысында, соның ішінде алдын ала тергеу сатысында да іс жүргізу тоқтатылады.

ҚР ҚК 6-бабының 3-бөлігінде әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, жауаптылықты немесе жазаны күшейтетін немесе осы әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен нашарлататын заңның кері күші болмайтындығы айтылған. Әрекеттің жазаланушылығын белгілейтін заң болып бұрын қылмыс ретіне қарастырылмаған іс-әрекетті тиісінше қылмыс деп танытын заң танылады. Жазаны күшейтуші фактор болып жазаның ең жоғары немесе ең төменгі шектерін көтеретін заң көрінеді. Негізгі жазаның шегін өзгертпей-ақ оған қосымша жаза қосатын немесе бұрынғы қостаныста болған заң қарағанда соттың неғұрлым қатаңырақ жаза тағайындау мүмкіндігін беретін баламалы санкция белгілейді. Қылмыстық заңның қолданылу белгілі бір аумақта қашанда шектеулі. Осыған байланысты қылмыстық заңның кеңістікте әрекет етуінің негізгі қағидасы аумақтық қағида болып табылады. Ол ҚР ҚК 7-бабының 1-бөлігінде Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған адам қазақстандық азамат болып не шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатындығына қарамастан осы Кодекс бойынша жауапқа тартылуға тиіс.

Мемлекеттік шекараның өтуі, егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шарттарымен өзге ештеңе қарастырылмаса былайша белгіленеді:

а) құрлықта – сипатты нүктелер мен жердің бедерлі бағыттары немесе айқын көрінетін бағдарлар бойынша;

б) аумақтық теңіз сыртқы шегі бойынша;

в) кеме жүзетін өзен арнасы мен аңғарының ортасы бойынша; кеме жүзе алмайтын өзендерде, жылғаларда – олардың ортасы немесе негізгі саланың ортасы бойынша; көлдер мен өзге де су айдындарда, тең орналасқан, ортадағы, көлдің немесе өзге де айдынның мемлекеттік шекараға шығар жерін қосатын тура немесе басқа да бағыттар бойынша;

г) су торабының қоймалары мен өзге де жасанды су айдындарында – мемлекеттік шекара бағытындағы су басқан жерлер бойынша;

д) өзен, жылғы, көл және өзге де су айдындары арқылы өтетін теміржол, автожол көпірлерінде, тоғандар мен басқа да құрылыстарда – осы құрылыстардың ортасы бойынша немесе сумен өтетін мемлекеттік шекаратының өтетін жеріне қарамастан олардың технологиялық білігі бойынша.

Қазақстан Республикасының теңіз аумағына 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ Конвенциясына сәйкес көлденең кеңдігі 12 теңіз мильін құрайтын теңіз суларының жғалауы жататды.

Қазақстан Республикасының ішкі суларына мыналар жатыды:

- теңізға қарай еңіскен гидротехникалық және басқа да айлақ құрылысы арқылы өтетін, бағыты шектелген Қазақстан Республикасы айлақтарының суы;  
- жағалаулары Қазақстан Республикасына жататын өзен сулары мен өзге су айдындары. Каспий теңізіндегі ішкі суларға жататын акватория Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары билік органдарымен және Қазақстан Республикасының халықаралық келісім шарттарымен анықталады.

ҚР ҚК 7-бабының 2-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс деп танылады. Осында ҚР ҚК күші сонымен бірге Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жасалған қылмыстарға да жүретіні айтылған. Ерекше экономикалық аймақ аумақтық теңіздің шегінен әрі орналасқан теңіз аудандарында белгіленеді. Мұндай аймақтың сыртқы шекарасы бастапқы бағыт пен аумақтық теңізден бастап өлшенетін 200 теңіз милі қашықтыққа болады.

Жалпы қабылданған нормаларға және халықаралық құқық дәстүрлеріне сәйкес, ҚР ҚК 7-бабының 3-бөлігінде Қазақстан Республикасының портына тіркелген, Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыс жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауапқа тартылатыны жөнінде ереже қарастырылған. Сол сияқты Қазақстан Республикасының әскери кемесінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адам да, оның қай жерде болуына қарамастан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қылмыстық жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған адамға жазалауға жататындықтың жалпы қағидасынан ҚР ҚК 7-бабының 3-бөлігінде ерекшелік беріледі, Сондай ерекшелік Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасай қалғанда шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтарға қатысты қолданылады. Бұл жағдайда тиісті адамдардың иммунитеті, яғни Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жөніндегі соттарының соттылығына жатпайтындығы жайында сөз болып отыр. Халықаралық құқық нормаларына сәйкес, мұндай адамдар «нон грата» (жағымсыз жандар) дәрежелі адамдар деп танылып, елден шығарылып жіберіледі.

Дипломатиялық өкілдерге, дипломатиялық деберстік құқығы барларға мыналар жатады: дипломатиялық өкілдіктердің елші дәрежесіндегі басшылар немесе дипломатиялық өкілдіктер қызметінің сенім артылған кіші елшілері мен мүшелері: кеңесшілер, сауда өкілдері мен олардың орынбасарлары; әскери, әскери-теңіз және әскери-әуе атташелері мен олардың көмекшілері; бірінші, екінші және үшінші хатшылар, атташе мен хатшы- мұрағатшылар, сондай-ақ дипломатиялық өкілдік басшылары мен мүшелерінің өздерімен бірге тұратын

отбасы мүшелері және онда тұратын қазақстандық азаматтар болып табылмайтын адамдар.

Қылмыстық заңның қорғаушы, сол сияқты ескертуші міндеттерін жүзеге асыру заң шығарушыларды шет елдерде қылмыс жасаған қазақстандық азаматтарға қатысты мәселелерді де реттеуге мәжбүр етеді. Сондықтан қылмыстық заңның кеңістіктегі қолданылу қағидалары ҚР ҚК 8-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған әрекет ол аумағында жасалған мемлекетте қылмыс деп танылса, егер бұл адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Осындағы соңғы жағдай ҚР ҚК 4-бабымен келісіледі, соған сәйкес, ешкімде бір қылмыс үшін екінші қайтара қылмыстық жазаға тартылмауы тиіс. Ал егер оларды сотқа тарта қалған жағдайда, ҚР ҚК 7-бабына сәйкес, жаза қылмыс жасаған шетелдік мемлекеттің заңымен қарастырылған санкцияның жоғарға шегінен аспауы керек. Азаматтығы жоқ адамдарға да осындай негіздемелерде жауаптылық қолданылады.

ҚР ҚК 8-бабының 2-бөлігіне сәйкес, басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған адамның соттылығының және өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптарының, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе немесе басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмыс Қазақстан Республикасы мүдделеріне қатысты болмаса, бұл адамның Қазақстан Республикасы аумағында жасалған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды.

ҚР ҚК 8-бабының 3-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасының одан тыс жерлерде орналасқан әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері шет мемлекеттің аумағында жасаған қылмысы үшін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

ҚР ҚК 8-бабының 4-бөлігінде қылмыстық заңның кеңістіктегі әрекетінің әмбебап және айқын деген тағы да екі түрі тұжырымдалған. Әмбебаптық қағида халықаралық қылмыстармен және халықаралық сипаттағы қылмыстармен күрес жүргізу қажеттігінен шығып отыр. Қазақстан Республикасының осы қылмыстармен (мысалы, жалған ақша жасаумен, әуе кемесін айдап әкетумен, есірткі дайындау, өткізу немесе таратумен байланысқан қылмыстармен) күрес жөніндегі халықаралық конвенцияға қатысуы шетелдік азаматтар шекараның бер жағында аталған қылмыстарды жасаған жағдайда (не Қазақстан Республикасының жасалған халықаралық шартымен, не қазақстандық қылмыстық заңнамамен тыйым салынған), заң жүзінде реттеу талап етіледі. Әрине, мұндай жағдайда ҚР ҚК 7-бабының 4-бөлігіндегі ережелер шетелдік азаматтар мен азаматтағы жоқ адамдар шетелдік мемлекетте сотталмаған болса ғана қолданылуы мүмкін және осыған орай Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмыстық заңның қолданылуының аумақтық қағидасы шетелдік азаматтар мен азаматтағы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болмағанымен де Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы

бағытталған елеулі зиян келтіретіндіктерін ескермеген. Сондықтан Қылмыстық кодекстің қорғаушылық міндеттерін жүзеге асыру үшін қылмыстық заңның кеңістіктегі қолданысы қағидасын заң жүзінде тұжырымдай түсу қажет. Әмбебап қағида ретінде бұл ҚР ҚК 8-бабының 4-бөлігінен көрініп және ол мынаны қарастыруы тиіс, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған шетелдіктер қылмысы Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауапқа тартылса, ҚР Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Атап өтетін бір жай, ҚР ҚК 9-бабы қылмыс жасаған адамды беру мәселесін реттейді. Қылмыскерді беру (экстардиция) деп қылмыс жасаған адамды ол тұрған бір мемлекеттің, қылмыс жасаған жері – екінші бір мемлекетке беруі танылады. ҚР ҚК 9-бабының 1-бөлігіне сәйкес, басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке ұстап берілмеуге тиіс. Осыдан көрініп тұрғанындай басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары егер ол жөнінде халықаралық келісім-шарттарда қарастырылмаған болса берілуі мүмкін емес.

ҚР ҚК 9-бабының 1-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін. Бұл жағдайда шетел азаматтары мен азаматтағы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының шегінен тыс қылмыс жасап және Қазақстан Республикасының жерінен табылатын болса, ол өзі қылмыс жасаған сол елге берілетін болады. Тек қана Қазақстан Республикасының жерінде саяси қуғынан баспана тапқандар ерекшеліктерге ие болады. Қылмыскерлерді қайтарып беру Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы не қылмыскерлерді қайтарып беру туралы екі жақты немесе көп жақты халықаралық келісім-шарттарының негізінде жүргізілуі мүмкін.

### ***1.8 Қылмыстық заң нормаларын түсіндіру ұғымы, түрлері және тәсілдері***

Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жаппай қорғау, заңдылықты нығайту қылмыстық заңның дәлме-дәл және дұрыс қолданылуын талап етеді. Заңды дұрыс қолдану үшін оның әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайын және оның не үшін шығарылғанын, мазмұны мен мағынасын түсіну қажет, сөйтіп заң шығарушының ойын ұғына білу қажет. Ал бұған заңды түсіндіру жолымен қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, түсіндіру әдісін

пайдалана отырып, заң шығарушының ойын дамытуға, түзетуге немесе бейімдеуге, заңға жаңа мағына беруге болмайды, әйтпесе заңды түсіндіру бұл жағдайда заң шығарушылық қызметіне, және әрбір судьяны заң шығарушыға айналған болар еді<sup>7</sup>. Түсіндіруді теріс пайдалану негізсіздікке және заңсыздыққа әкеп соғуы мүмкін. Қылмыстық заңды түсіндіру деп оның мазмұнын анықтау, оның мағынасын ашу, заң шығарушы пайдаланған терминдерді ұғынып-түсіндіру мен анықтау танылады<sup>8</sup>. Түсіндіру бірнеше түрге бөлінеді: субъекті бойынша түсіндіру, тәсілдері (әдістері) бойынша түсіндіру, көлемі бойынша түсіндіру.

Субъекті бойынша түсіндірудің мынадай түрлері болады: 1) жария; 2) соттық; 3) доктринальды (ғылыми). Ресми түсіндірме деп оны қабылдаған (шығарған) органдармен немесе лауазымды адамдармен заңнамалық актілерге берілетін түсіндірмелер танылады. Мұндайларға қазіргі кезде заң шығарушы орган – Қазақстан Республикасының Парламенті жатады. Жария деп сол заңға өкілетті қатысы бар органның түсіндірмесі жатады. Соттық деп, нақты бір істі қарау кезінде қылмыстық заңды қолданушы соттың берген анықтамасы жатады. Үкім заңды күшіне енгеннен кейін ол (яғни ондағы қылмыстық заң түсіндірмесі) осы іс үшін заңды күшке ие болады. Әсіресе, соттың жоғарғы органдары берген түсіндірмесі ерекше орын алады. Олардың шешімдері көптеген жағдайда саралау мен дұрыстық үлгісі болып табылады. Солай бола тұрса да, кеңестік құқықтану қашанда кесімді түрде елдегі соттық таптаурын өнегенің болып тұратынын жоққа шығарып отырды. Социалистік заңдылық жағдайында соттық өнеге боларлық жағдай болмайды және болуы мүмкін емес деп саналады.

Бір жағынан, өнеге боларлық жағдайдың болмауына соттың Жоғарғы немесе кез келген соттың нақты бір шешімі негізінде үкім шығара алмайды себеп болып отырды. Екінші жағынан, мұндай шешімдер көптеген жағдайда соттардың жоғары тұрған соттрдың (әдетте Жоғары соттық) шешімдерін көбінесе өздерінің қабылдайтын сот шешімдеріне үлгі ретінде пайдалана білді. Әдетте бұл толығымен негізді деп саналды. Тіпті ағылшын құқығында да өнеге боларлық жағдай (прецедент) жаңа құқықтық нормалардың пайда болуы ретінде ғана емес, қолдағыны өзіндік бір нақтылау ретінде қарастырылды (соттық қайталанудың деклараторлық теориясы деп аталатын). Іс жүзінде соттық өнеге боларлық жағдай бойынша тіпті кеңестік сот тәжірибесінде де жоққа шығаруға болмайды, өйткені тек қана соның негізінде (дәлірек айтқанда, тиісті шешім шығарған соттың бастамашылығы бойынша) және қылмыстың заңның бір сөзі де өзгертілместен кейде сот тәжірибесі де өзгеріп отырды.

Соттық өнеге боларлық жағдай арқылы қылмыстық құқық қайнар-көздерінің рөлін мойындау «белгілі бір заңға жүгінбейтін қылмыс болмайды» деген қағидаға қайшы келмейді. Қылмыстық заңды түсіндірудің түрі ретіндегі соттық өнеге боларлық жағдай қылмыстық заңға қатысы бойынша екінші немесе туында шама болып табылады. Ол оған бағынышты, заңның нақты

<sup>7</sup> Шляпочников А.С. Толкование уголовного закона. – М., 1960. 86-бет.

<sup>8</sup> Шаргородский М.Д. Уголовный закон. – М., 1948. 132-бет

мазмұнын толықтыра отырып, оны «әліппесін» нақтылаушы ретінде көрінеді, соңында заң шығарушының ойлаған еркін жүзеге асыруды қажетті шарттары болып табылады.

Доктриалды (ғылыми) түсіндірме деп қылмыстық құқық бойынша оқулықтарда, ғылыми мақалаларда, монографияларда берілетін түсіндірмелер танылады. Оның ресми түрдегі міндетті күші бар, бірақ сот тәжірибесі материалдарын талдау мен қорытындылауға негізделі отырып, сөз жоқ қылмыстық заңды дұрыс түсінуге, демек оларды қолдануда ерекше зор маңызға ие болады. Заңгерлердің құқықтық саналылық пен кәсіптік дайындығында көптеген жағдайлар осы доктринальдық түсіндірмелер арқылы анықталады.

Тәсілдері (әдістері) бойынша түсіндіру мыналарға бөлінеді: 1) грамматикалық, 2) жүйелік, 3) тарихи. Түсіндірудің грамматикалық әдісі заң мәтінін этимологиялық және синтаксистік талдау, сондай-ақ заңдарда қолданылатын сөздердің, ұғымдардың, терминдердің мәні мен мағынасын түсіндіру жолымен көрінеді. Мысалы, ҚР ҚК 16-бабында есі дұрыс еместік былайша анықталады: «Кодексте көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, кемақылдығы немесе психикасының өзгеде дертке ұшырауы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес» Осы норманың мағынасын қалай түсінуге болады? Есі дұрыс емес деп тану үшін өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмағандығы бөлек-бөлек талап етіле ме немесе осы екі белгілінің жиынтығы керек пе? Түсіндірудің грамматикалық жолы арқылы біз осы екі белгілердің арасына заң шығаруы «немесе» деген бөлгіш жалғаулық қойғандығын көреміз. Демек, есі дұрыс еместік күйді тану үшін осы қарастырылып отырған белгілердің біреуін ғана анықтау талап етіледі екен. Егер кінәлі өзінің әрекетіне есеп бере алғанның өзінде де, бірақ жап күйзелісінің салдарынан өзін өзі басқара алмаса, бәрібір ол есі дұрыс емес деп танылуға тиіс.

Жүйелі түсіндірме – бұл құқықтық нормалар мағынасын басқа нормалармен байланысып анықтау жолымен түсіндіру. Түсіндірменің бұл әдісінің маңызы ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының жай, түсіндіруші, сілтеме және бланкетті нормаларын қарастыру кезінде көрсетілген.

Тарихи түсіндірме құқықтық нормалардың қабылдануына себеп болған жағдайларды, олардың құрылу мақсаттары мен жағдайын түсіндіреді. Сірә, тиісті қылмыстық-құқықтық нормаларды дұрыс қолдану осы мән-жайларды түсіндірмейінше мүмкін емес. Тарихи түсіндірмеде қылмыстық заңдардың жобаларына, оларды талдау материалдарына қараған өте пайдалы. Ғылыми әдебиеттерде кейде логикалық (қисынды) түсіндірмелер де көрініп қалады. Дегенмен, логика заңдарын түсіндірменің кез келген тәсілінде (әдісінде) пайдалану онсыз да қажет және осыған байланысты оны түсіндірменің бөлек бір түрі деп қарастыру тым артық сияқты. Сөз етіп отырған қылмыстық-

құқықтық амалдар әрекет ету шеңберіне қарай мынадай түрлерге бөлінеді: а) дәлме-дәл, б) кеңейтілген, в) шектелген.

Дәлме-дәл деп заңды бүге-шігесіне дейін оның мәтініне сайма-сай түсіндіру аталады. Кеңейтілген деп заңның кейбір жағдайда өзінің тікелей мәтінінде аталмаған жәйттерді қолданылуы аталады. Кеңейтілген түсіндіру мен ұқсас заңдардың қатар қолданылуын айыра білу қажет. Ұқсас деп қоғамға қауіпті іс-әрекетке қатысты нақты бір қылмыстың дәл жасалған сәті заңмен тура қарастырылмаған жағдайда осыған ұқсас қылмысқа белгіленетін жауаптылықты қолдану деп түсінуге болады.

Ұқсастық институты, қылмыстық заңды түсіндіру институтымен сайма-сай келмесе де онымен жақынырақ жанасады. Заңды түсіндіруші адам белгілі бір жауаптылықты тікелей қарайтын қолданыстағы заңды түсіндіргенде заң шығарушының ойын да түсіндіруге тырысады. Ұқсастықты қолдану белгілі бір іс-әрекетті қылмыс деп қарастыратын және оған жауаптылық қарастыратын заң болмаған жағдайда ескеріледі. Сондықтан тергеуші, прокурор, судья осыны біле тұра заң шығарушы ойластырмаған заңды қолданады.

Шектелген түсіндірме деп нәтижесінде барлық жағдайларға бірдей қылмыстық заң қолданыла бермейтін дәлме-дәл мәтіндегі заңға ғана қолданылатын түсіндіру танылады. Атап өту керек, таратушы және шектеуші түсіндірме қылмыстық заңның көлемін өзгертпеуге тиіс, керісінше тиісті заңдағы сөзбе-сөз мәтінге қарағанда кеңірек немесе мейілінше шектелген түрде заңның тиісті сөзбе-сөз мәтінмен берілуі керек.

### ***1.9 Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы (қылмыс пен қылмыстық теріс қылық)***

Қылмыс қылмыстық құқықтың маңызды санаты болып табылады. Қылмыстық құқықтың барлық ұғымдары мен санаттары қылмыспен байланысты. Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты ешбір өзгермейтін, ештеңеге тәуелді емес, абстарктілі санат ретінде емес, пайда болуы мен жалғасуы әлеуметтік құбылыстарға негізделге нақты ақиқатты әлеуметтік санат ретінде қарастырылады. Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты әрқашан бола бермейтін, адамзат қоғамының белгілі бір даму кезеңі: еңбеңті қоғамды бөлісумен, жеке меншіктің қалыптасуымен, қоғамды тапқа бөлумен, мемлекет пен құқықтың өмірге келуімен бірге пайда болатын тарихи өзгермелі санат болып табылады деп белгілейді.

Адамның мемлекеттегі қоғамдық қатынасқа елеулі зиян келтіріп, оны бұзатын қылығы қылмыс деп танылады. Мемлекет пен құқық болмаған алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде қылмыс пен жаза ұғымы атымен болған жоқ. Осы кезеңде руға, тайпаға немесе жекелеген адамдар үшін зиянды және қауіпті қандайда бір кикілжің, әрекет туындай қалған болса, онда олар рудың немесе тайпаның атынан бұлтартпау шараларын қолдану арқылы күресетін болған, мысалы, рудан немесе тайпадан қуу, судан, тамақтан айыру және т.т.



«Қылмыс» ұғымының мазмұны қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруіне орай өзгеріп отырды, бірақ оның қылмыстық заңмен қорғалатын, өмір сүріп отырған қоғамдық қатынастар үшін қоғамдық қауіптілігін анықтайтын әлеуметтік мәні өзгеріссіз қалады.

Біздің қоғамымызда қылмыс «Қылмыстық кодекстің міндеттерін» реттейтін ҚР ҚК 2-бабында бекітілген қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, мүдделер мен игіліктерге қол сұғушылық болып танылады. Бұл қашанда адам өзінің мақсат-ниеті мен мүддесін мемлекет, қоғам және жекелеген адам (жәбірленуші) мүдделеріне жоғары санаған жағдайда қалыптасқан адамгершілік пен құқықтық нормаларға қарсы тұру болып көрінеді. Дегенмен, қылмысты әрқашан кінәлінің «жаман ықтиярының» нәтижесі деп қарай беруге болмайды. Қылмыстылық ақыр соңында тіршілік әрекетінің түрлі салаларында байқалған осы қоғамға тарихи тұрғыдан тән қайшылықтардың болуының салдары. Қылмыстылық пен қылмыстың табиғаты әлеуметтік сипатқа ие болғандықтан бұл құбылыстар әлеуметтік қарама-қайшылықтармен байланыссыз қарастырыла алмайды.

Қылмыстық-құқық ғылымында қылмыстың көпшілігі объективті және субъективті түрде өзінің жалпы адамзаттық мүдделер мен құндылықтар объектілеріне ие болады және ол таптық себептермен емес, адамның мораль (адамгершілік) этика, парыз және т.б. туралы түсініктеріне қайшы келетін себептермен жүзеге асырылады.

Профессор М.С. Гринберг, ол кезде большевиктермен негізгі қылмыстық-құқықтық қағидаларға сай келмейтін тоталитарлық-террористік жүйе қалыптастырылды, деп атап өтті. Сол кезде қылмыстық заңға өркениетті қоғамға сыйыспайтын төмендегідей қағидалар енгізілді:

- 1) жеке жауапкершілік қағидаларына нұқсан келтіретін аманатқа алу институты;
- 2) сотталған жақын-туыстарының жазасымен сараланатын жазалау;
- 3) заңда қарастырылмаған НКВД мен ОГПУ ведомстволық актілерімен қарастырылатын қылмыстар құрамын телу;
- 4) кінәсіз кінә тағу;
- 5) бір қылмыс үшін екі және одан да көп жаза тағайындау;
- 6) өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмайтын және өзін-өзі басқара алмайтын балиғатқа толмағандарды жас өспірімдер қылмысы субъектісіне жатқызу.

Сол кезеңдердегі қылмыстық құқық идеологияландырылған болды. Атап айтқанда, мәселен, 1986 жылғы Г.Ф. Поленовтың жалпы редакциялауымен жарық көрген «Қазақ КСР қылмыстық құқығы» оқулығында «қылмыстылықпен күрес саласындағы қылмыстық құқық міндеттерін СОКП мен Кеңес мемлекеті белгілейді» деп бекітілді. Одан әрі осы оқулықта «Кеңестік қылмыстық құқық Кеңес мемлекетінің құрылуымен дүниеге келді және ол өзінің бүкіл даму жолында еңбекшілердің мүдделерін қорғайтын болғандықтан қоғам өмірінде прогрессивті рөл атқарады», деп көрсетілді. Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде қылмыстық құқық ғылымы партиялық ғылым деген пікірлер де айтылды. Қылмыстық құқық «тек қана партияның идеологиялық мәселелер

жөніндегі нұсқауларымен ғана өз міндеттерін іс жүзіне асырып, өмір сүре алады және дамиды» делінді.

Н.И. Загородников пен А.Б. Сахаров бұл көзқарастарға қарсылық білдіре отырып, қылмыстық-құқықтық ғылымды бейсаясаттандыру бұл идеологиядан бас тартуды талап етеді, өйткені «ғылым партиялық болуы мүмкін емес, олай болған жағдайда ғылым өзінің объективті сипатын жоғалтады», деп атап өтті.

Кеңестік қылмыстық құқықтың мәні өз көрінісін 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 1-бабында тізім түрінде берілген қылмыстық-құқықтық қорғалатын объектілерден тапты. Ол былайша мазмұндалады: «ҚазКСР қылмыстық заңы КСРО-ның қоғамдық құрылысын, саяси және экономикалық жүйелерін, социалистік меншіктерін, тұлғалардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және бүкіл социалистік құқық тәртібін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау міндеттерін атқарады». Осы бапты талдау заң шығарушының артықшылықты тұлғаның құқықтарына емес, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғауға бергендігін көрсетті. Жеке меншіктік мүлікке қарсы жасалатын қылмыстан гөрі мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікке қарсы жасалатын қылмыстар үшін қатаңырақ жаза қарастыратын 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің құрылымын зерделегенде де осындай қорытындыға келуге болады. Мәселені бұлайша қою, адам жүйенің «жарамсыз болып қалған жағдайда» лақтырып тастай салатын «бұрандасы» болып саналған сонау 30-жылдары қалыптасқан еді. Оның куәсі 1932 жылдың 7-тамызында қабылданған ОАК (Орталық атқару комитеті) пен ХКК (Халық комиссарлары кеңесі) «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперациялардың мүліктерін қорғау және социалистік меншікті нығайту туралы» қаулысы бола алады. Міне осылайша, адамзаттың адамгершілік құндылығы бұзылып, аяққа тапталды.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан зерттеулер жүргізген Н.И. Иванов былай деп атап өтеді: «өлтiрме» деген сөз «ұрлама» деген сөзден екі саты жоғары тұрады, демек адамның өміріне қол сұғу, бөтеннің мүлкіне қол сұғуға қарағанда үлкен күнә болып саналады. Мұндай иерархиялық матасу толығымен орынды, өйткені өмір, сөз жоқ мүліктен әлдеқайда қымбат. Қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде қылмыстық құқықта ең маңызды мәселе «заң шығарушылықта, және сондай-ақ құқық қолданушылық деңгейде болмасын, адам факторын мейілінше есепке алу» болып табылатындығы айтылған.

Осы жоғарыда айтылғандар, «қазіргі уақытта қылмыс туралы ұғым жалпы адамзаттық деп танылатын құндылықтардың бәрін қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық-құқықтық қорғау қажеттігі туралы көріністерді» көрсетеді деген қорытындығы әкеп тірейді. Осыған байланысты қылмыстың әлеуметтік мәнін қарастыруға тура келеді. Республикамыздың егемендікке ие болуына байланысты елімізде қылмыстық заңнамаларды реформалау кезеңі басталды. Олар – ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі және ҚР Қылмыстық-атқару кодексі. Осы құжаттардың бәрі де Қазақстан Республикасының Конституциясына және онда бекітілген әлеуметтік құндылықтар мен көпшілік мақұлдаған қиғадаларға және халықаралық құқық

нормаларына негізделген. ҚР Қылмыстық кодексінің тұрлаулы ережелері ең бірінші кезекте тұлғаларды, қоғамды және мемлекетті қорғауға бағытталған.

Сөйтіп, қылмыстық заңнама қандай іс-әрекеттің (қылмыс) жеке адам үшін, қоғам мен мемлекет үшін қоғамдық қауіптілігі көбірек және заңға қайшы болып табылатынын анықтайды, сондай-ақ осыған орай қылмыстық жауаптылықтың негіздемелері мен шегін белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген жеке адамның мүдделерін, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау артықшылықтарына орай, отандық заң шығарушы 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодекске қарағанда ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің бірінші кезегіне жеке адамға қарсы қылмыс үшін жауаптылықты қойған.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіндегі қылмыс анықтамасын заң жүзінде өзгерту, біріншіден, қылмыстың әлеуметтік табиғатына орай қазіргі дүниедегі көзқарастардың жаңаруына, екіншіден Қазақстан Республикасы Конституциясымен жария етілген мемлекеттік және қоғамдық мүдделерден жеке адам мүддесінің артығырақ саналуына байланысты.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 10-бабына сәйкес қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары айқындалған: онда, қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

ҚР Қылмыстық кодексінде айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

ҚР Қылмыстық кодексінде қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

ҚР Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды делінген.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабына сәйкес төмендегідей қылмыс санаттары айқындалған:

1. Қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді.

2. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп танылады.

3. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады.

4. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады.

5. Жасалғаны үшін осы Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады.

## 2. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КӨПТІЛІГІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

### 2.1 Қылмыстың көптілігінің ұғымы мен түрлер

Жеке қылмыстық құқық бұзушылық деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және ерекше бөлімнің бір бабымен ғана сараланатын қылмыстық құқық бұзушылықты айтамыз. Кейбір жағдайларда бір адам бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі мүмкін, мұндай жағдайда олардың іс-әрекетін дұрыс саралау үшін қылмыстардың көптілігінің түсінігін дұрыс анықтау керек. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе сотталғандығы жойылмаған жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуін құқық бұзушылықтық көптігі деп айтамыз. Қылмыстардың көптілігінің өзіндік белгілері: бір адамның екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі болып табылады. Сондықтан әкімшілік құқық бұзушылық іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық көптігіне жатпайды. Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тарту мерзімі ескірген немесе сотталғандықтан арылған немесе ондай атағы жойылған іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық көптігіне жатпайды. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігін жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажырата білген жөн. Жеке қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырату, тергеу, сот қызметінде аса маңызды рөл атқарады.

Кейбір жағдайларда оны ажырату белгілі бір тұрғыда қиындықтар туғызады. Өйткені, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзі жай, күрделі құрамға, созылмалы, жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар болып және басқа да түрлерге бөлінеді. Жай (бір) құрамда, бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, 188-баптың 1-бөлігі бөтеннің мүлкін жасырын түрде ұрлау. Бұл жерде бір объектіге (біреудің меншігіне) бір әрекет (жасырын ұрлау) арқылы бір кінә нысанымен (қасақаналықпен) жәбірленушіге зиян келтіріліп отыр. Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірін бөліп карағанда жай түрдегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығын айтамыз. Мысалы, қарақшылықтың құрамын алайық.

Мұнда бөтен біреудің мүлкіне иелік ету жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш жұмсау арқылы жүзеге асырылады (192-бап). Бұл жағдайда және әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттер (жәбірленушінің) өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету және мүлікті иемдену немесе (иемденуге оқталу) бір күрделі қылмыс құрамы -

карақшылықты құрайды, бірақ осы әрекет ішкі бірлігіне байланысты бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрап тұр.

Жеке, күрделі құрамның бір түрі - балама әрекетті қылмыс болып табылады. Оның ерекшелігі сол қылмыстық заңда көрсетілген әрбір әрекет немесе әрекетсіздік біткен қылмыстық құқық бұзушылық құрамын көрсетеді. Мысалы, 175-бапта бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы мемлекетке опасыздық туралы жауаптылық көрсетілген, осы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының әр түрлі мынадай балама әрекеттерінің әрқайсысы жеке-жеке біткен қылмыстық құқық бұзушылықты білдіреді: жау жағына шығып кету; шпиондық жасау; мемлекеттік құпияны жат-жұртқа беру; Қазақстан Республикасына дұшпандық әрекет жүргізу; шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға және олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсету.

Қылмыстық кодекстің 248-бабында да бірнеше балама әрекеттердің жиынтығынан тұратын бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы туралы сөз болады, мұнда күш қолданатын, мүлкін жоямын немесе бүлдіремін деген әрекеттерінің әрқайсысы жекеленген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының біткен түрін білдіреді, осы әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін істегенде де бір ғана қылмыстық құқық бұзушылық істелді деп есептеледі. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын үзіліссіз, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруы болып табылады.

Мұндай созылмалы қылмыстардың қатарына бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (441-бап), балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын бағуға арналған қаражатты төлеуден әдейі бұлтару (139-бап), қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау және өткізу (287-бап); қылмыс туралы хабарламау (434-бап) және басқалары жатады. Мұндай жағдайларда қылмысты әрекет кінәлінің кінәсін өзі мойындап келген уақытына немесе оның өкімет органы арқылы ұсталуына байланысты жағдайларда ғана үзіледі. Оған дейін істеген іс-әрекет бір (жеке) созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады.

Жалғасқан қылмыс деп ортақ мақсатқа жетуге бағытталған ұқсас (бірдей) қылмыстық құқық бұзушылықты әрекеттерден құралатын, жиынтығында бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды айтамыз. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық мысалы, 248-бапта көрсетілген мәміле жасауға мәжбүр ету, үнемі ұрып-соғу немесе басқа да әрекеттермен қинау (110-бап) сияқты қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары, сондай-ақ мемлекет мүлкін өзара ұқсас әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттер арқылы тегін, заңсыз иелік ету мақсатымен жасалған, нәтижесінде бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын талан-тараждар жатады.

Жоғарыда сөз болған жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырата білу керек. Сондықтан да ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігіне дұрыс анықтама берген жөн. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі

деп адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықты кінәлі түрде істеуін айтамыз. Іс-әрекеттің құрылымына қарай, қылмыстық құқық қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін мынадай үш нысанға бөледі: қылмыстың бірнеше рет жасалуы, қылмыстың жиынтығы, қылмыстың қайталануы.

## ***2.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы***

Қылмыстық кодекстің белгілі бір бабында немесе Ерекше бөлім бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті істеу қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасауды құрамайды (12-бап 1-бөлігі). Осы заңның мазмұнына сәйкес, қылмысты бірнеше рет жасады деп тану үшін бірінші және одан кейінгі қылмыстарды істеуде уақыты жөнінен үзіліс болуы және қылмыстық жауапқа тартудың ескіруі болмаса, егер сотталған болса, сотталғандықтан арылмаса немесе сотталғандығы жойылмауы негізгі шарт болып табылады.

Егер адам бұрын жасаған қылмысы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылмайды (12-баптың 2-бөлігі). Сол сияқты жалғаспалы қылмыстар да бірнеше мәрте жасалған қылмыс болып табылмайды (12-бап, 3-бөлігі). Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 2006 жылғы 26 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысында төмендегідей анықтама берілген: Қылмысты бірнеше рет жасау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының белгілі бір бөлігінде қаралған бірнеше қылмыстарды белгілі бір адамның жасауын көздейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуының саралаушы белгісі қылмыстар үшін алынбаған немесе жойылмаған соттылықтарды және егер Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі бабының диспозициясында соттылықтар осы қылмыстың дербес саралаушы белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайда бұрын жасалған қылмыстар үшін соттылық жағдайын да қамтиды.

Әрекетті бірнеше рет жасалу белгісі бойынша саралау кезінде кәмелетке толмаған жаста жасаған қылмыстар үшін бұрынғы алынбаған немесе жойылмаған соттылықтар ескерілмейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын анықтау кезінде адамның заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған қылмыстары немесе солар үшін қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімдерінің өтуі ескерілмейді. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын анықтау кезінде адамның заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған қылмыстары немесе солар үшін қылмыстық жауаптылықтың ескеру мерзімдерінің өтуі ескерілмейді. Егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде

көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас немесе біртектес қылмыстар жасауы осы қылмысты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады. Әр түрлі саралаушы белгілерді көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі белгілі бір бабының әр түрлі бөлімдерінде қаралған бірнеше қылмыстар жасалған кезде бұл әрекеттер тек баптың неғұрлым қатаң жаза белгілейтін және барлық саралаушы белгілерін қамтитын бөлігі бойынша ғана тұтастай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда қылмыстық заңның осы бабының өзге бөліктерінде көрсетілген әрекеттерге қатысты анықталған қылмыстың саралаушы белгілері тағылуға жатады және үкімде көрсетілуі тиіс. 4. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын жалғаспалы қылмыстардан ажырата білу қажет. Белгілі бір адамның кінәнің бірыңғай нысанымен және біріктірілген ортақ мақсатпен, материалдық құрамымен және келтірілген зардаптарының біркелкілігімен сипатталатын, қылмыс жасау тәсілі мен объектісі бойынша өзара ұқсас екі және одан да көп қылмыстық әрекеттерді жасауы қылмыстың бірнеше рет жасалуын құрамайды.

Мұндай жағдайларда барлық жасалған әрекеттерді тұтастай жалғаспалы қылмыс ретінде танып, осы қылмысты жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бір бабы немесе бабының бөлігі бойынша саралаған жөн. Егер жалғаспалы қылмыс кезеңінде қылмыстық заңға осы әрекет үшін неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін өзгерістер енгізілсе және қылмыс көріністерінің ең болмағанда біреуі заңның жаңа редакциясы күшіне енген кезеңде жасалса, онда жалғаспалы қылмыстың барлық көріністері жаңа заң бойынша тұтастай бір қылмыс ретінде саралауға жатады.

Қылмыстық құқық теориясында бірнеше рет жасалған қылмыс жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді. Бірнеше рет жасалған қылмыстың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмысты қайталап жасаушылықты айтамыз. Қылмыстың жалпы қайталануы қылмысты саралауға әсер етпейді, бірақ жаңа тағайындалғанда жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есепке алынуы мүмкін (54-баптың 1- бөлігі, «1» тармағы).

Бірнеше рет жасалған қылмыстың арнаулы қайталануы - адамның ұқсас іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады. Бұл жердегі сөз болып отырған ұқсас қылмысқа бір қылмыстың құрамына жататын қылмыстың қайталанып істелуі жатады (Мысалы, бұрын адам өлтірген адамның адам өлтіруі 99-бап, 2-бөлігі, «13» тармақшасы, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді бірнеше рет жасаса 106-бап, 2-бөлігі, «10» тармағы). Ұқсас қылмыстар ғана қылмыстардың бірнеше рет жасалғандығын түзеді. Біртектес қылмыстар деп объективтік, субъективтік белгілері ұқсас, кінәнің бір түрлі нысаны орын алатын, бір немесе бірнеше ұқсас объектіге қылмысты қол сұғатын қылмыстарды айтамыз (мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық және т. б.). Сондықтан бірнеше бір тектес қылмыстарды жасау бірнеше рет жасалған қылмыс деп саналмайды, мұндай ретте іс-әрекет қылмыстардың жиынтығы ретінде сараланады. Мысалы, кінәлі адам ұрлық және тонаушылық жасаса, оның іс-әрекеті қылмыстардың



жиынтығы болып саралануға жатады (ҚК-тің 188 және 191-баптары). Бірнеше мәрте жасалған қылмыс деп тану үшін кінәлі адам бұрынғы қылмысы үшін сотталуы немесе сол іс-әрекеті үшін ол әлі де қылмыстық жауапқа тартылмауы қажет. Бірнеше мәрте қылмыс жасады деп тану үшін оны қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескерілмеуі, сондай-ақ оның сотталғандығы жойылмауы немесе одан арылмауы қажет. Бұл мәселеге Республика Жоғарғы Соты бірнеше рет мән берген.

Бұрынғы істеген қылмыс біткен немесе бітпегеніне, кінәлінің сол қылмыс үшін орындаушы ретінде немесе қылмысқа қатысушы ретінде қатысуына карамастан тағы да істеген қылмысы, іс әрекеті бірнеше рет жасалған деп танылады. Үнемі (ұдайы) жасаған қылмыстар да бірнеше мәрте жасалған қылмысқа жатады. Үнемі қылмыс жасау кейбір қылмыс құрамдарының қажетті белгісі болуы мүмкін. Мысалы, 110-бапта көрсетілген қинау. Мұнда ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шеккізу қинау деп белгіленген.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда кінәлінің істеген қылмысы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жазалауды көздейтін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады (ҚК-тің 12-бабы 4-бөлігі). Қылмыстың теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстың теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

## ***2.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы***

ҚР қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады. 2. Осы Кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет

үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Егер дәл сол бір іс-әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды. Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығында адам, егер жасалған әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауапқа тартылады (13-бап, 1-бөлігі).

Осы Кодекстің екі немесе одан да көп баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар іс-әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Адам қылмыстардың мұндай жиынтығында, егер бір әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа әрекет үшін неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады (13-бап, 2-бөлігі). Егер адам Қылмыстық кодекстің әр түрлі баптарында, ал жеке реттерде баптардың бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп қылмыстарды істесе, оның бірде-біреуі үшін сотталмаса немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаса, онда оның іс-әрекетінде қылмыстың жиынтығы бар деп танылады.

Басқаша айтқанда, қылмыстардың жиынтығында кінәлі түрде істелген іс-әрекетте екі немесе одан да көп қылмыстың құрамы болады. Кінәлінің істеген іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген баптардың әр түрлі бөлігінің немесе бір баптың неше түрлі тармақшаларында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілеріне сәйкес болуы керек. Сол сияқты адамның істеген біркелкі әрекетінің біреуі біткен қылмыста, басқасы қылмысқа дайындалуды, оқталуды немесе қылмысқа қатысуды түзетін болса, онда мұндай әрекет те қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы болу үшін адам істеген іс-әрекеттің біреуі үшін де сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек, осыған байланысты Қылмыстық кодекстің 65,66,67,68,69,70,71,77,78-баптарында көрсетілген шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату; процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату; жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан

босату; кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; ескіру мерзімі өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; айыптау үкімінің ескіру мерзімі бойынша жазаны өтеуден босату, айыптау үкімінің ескіру мерзімі бойынша жазаны өтеуден босату, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықпен жазадан босату сияқты фактілер қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығында орын алмауы керек.

Егер мұндай мәселелер болса, онда ондай іс-әрекетте қылмыстың жиынтығы болмайды. Заң әдебиетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы идеалдық және нақты (реалды) болып екі түрге бөлінеді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы деп кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әр түрлі баптары, бір баптың әр түрлі бөліктері, тармақшалары бойынша сараланатын екі немесе одан да көп қылмыстардың істелуін айтамыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығын нормалар бәсекелестігінен ажырата білу қажет. Осыған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 2006 жылғы 25-желтоқсандағы № 11 қаулысында: Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарында объектісі көрсетілген әрекетті саралау кезінде (жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі) қылмыстардың жиынтығы болмайды және әрекет ҚК 13-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, тиісті арнайы норма бойынша саралауға жатады. Келтірілген әр түрлі қоғамдық қауіпті зардаптар қолдануға жататын қылмыстық заңның бір нормасымен көзделмесе және әр түрлі қылмыстардың тікелей объектілеріне жататын болса да әрекетті де әрбір қылмыс үшін жауаптылық белгілеген қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстардың жиынтығы ретінде саралаған жөн.

Жасалған әрекетте ауырлатылған құрамды жасағаны үшін жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің бабында көрсетілген қылмыстың белгілері (мысалы, адам өлтіру кезіндегі аса қатыгездік) және сонымен қатар осы әрекетті жеңілдететін мән-жайлар бойынша (мысалы, жан күйзелісі жағдайында) саралау үшін негіз болып табылатын басқа да белгілер анықталған кезде қылмыстар жиынтығы болмайды.

Мұндай жағдайларда әрекет осы қылмысты жасағаны үшін қатаңдығы төменірек жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің бабы бойынша саралауға жатады (мысалы, жан күйзелісі жағдайында аса қатыгездікпен адам өлтіру Қылмыстық кодекстің 101-бабы бойынша ғана саралауға жатады).

Белгілі бір қылмысты жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін әр түрлі саралаушы белгілер қылмыстық кодекстің бірнеше баптарында көзделген жағдайларда, әрекет қатандығы төменірек жауаптылықты көздейтін қылмыстық кодекстің бабы бойынша саралауға жатады. (Мысалы, қажетті қорғаныс шегінен тыс және жан күйзелісі жағдайында адам өлтіру Қылмыстық кодекстің 102-бабы бойынша саралауға жатады). Белгілі бір адам жасаған, жиынтыққа кіретін қылмыстардың біреуінің субъективтік жағы кінәнің қасақана нысанымен, ал басқа қылмыстың субъективтік жағы абайсыздықпен сипатталса (мысалы, бір адамды қасақана

өлтіру және басқа адамды абайсыздықтан өлтіріп алу), онда жасалған қылмыстар тіпті объектісі, объективтік жағы және келтірілген зардаптары бойынша бір-бірімен сәйкес келгеннің өзінде әрбір әрекет қылмыстық кодекстің қасақана және абайсыздықпен жасалған қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тиісті баптары бойынша саралануы қажет.

Егер жиынтыққа кіретін қылмыстардың бірін тек арнайы субъектінің жасауы, ал басқа қылмыстарды - өзге адамдардың жасауы мүмкін екендігі заңда көрсетілсе, онда мұндай қылмыстар осы қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша жеке саралануы тиіс.

Егер қылмыс субъектісі қылмыстардың бірін жасау кезінде орындаушы, ал басқа қылмыстарды жасау кезінде - ұйымдастырушы, арандатушы не көмектесуші болса, жиынтықты құрайтын қылмыстар да осылай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда ұйымдастырушы, арандатушы немесе көмектесуші ретінде қылмысты жасауға қатысқан адамның әрекеттерін саралау кезінде қылмыстық кодекстің 28-бабын және жасалған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабын қолдану қажет, ал адамның орындаушы ретіндегі әрекетін Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша дербес саралаған жөн.

Егер жасалған қылмыстардың бірі басқа қылмысты жасаудың құралы немесе тәсілі болып табылса және қылмыстардың екеуінің де белгілері қылмыстық заңның тиісті нормасының диспозициясында көрсетілсе, онда жасалған әрекет неғұрлым ауыр қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық кодекстің бір бабы бойынша ғана саралауға жатады.

Бұл орайда, қатаңдығы төменірек қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін бап бойынша қосымша саралау қажет емес. (Мысалы, контрабанда жасау кезінде қызмет бабын асыра пайдалану қылмыстық кодекстің 286- бабының екінші бөлігінің 2) тармағы бойынша ғана саралауға жатады).

Бір қылмыстың басқа қылмыспен ұштасуы қылмыстардың өзара байланыстығын, бір қылмыстың басқа қылмысқа ұласуын білдіреді. Мұндай жағдайларда кінәлі адам қылмыстардың әрқайсысын орындауға (араласында уақыт өткізіп немесе өткізбей) бағытталған әрекеттерді жасайды. Қылмыстардың нақты жиынтығы кезінде олардың ұштасуы (яғни, қылмыс кінәлінің бірнеше әрекеттерімен жасалғанда), сондай-ақ олардың анық жиынтығы кезінде (бір әрекетте не әрекетсіздікте қылмыстық кодекстің екі және одан да көп баптарында көзделген қылмыстардың белгілері болғанда), қылмыстық кодекстің 12-бабына сәйкес, әрбір қылмысты қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша бөлек саралауға әкеп соғады.

Жиынтыққа кіретін біртектес емес қылмыстарды кінәлі бірнеше сабақтас әрекеттер арқылы жасаса және олардың біріншісінің жасалуы екінші қылмыстың бірінші қылмыспен ұштасып жасалуы деген саралаушы белгісі бойынша саралау үшін негіз болып табылса (мысалы, алдымен жәбірленушіге қатысты қарақшылық, қорқытып алушылық, бандитизм, зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекеттер жасау, содан кейін оны өлтіру), әрбір қылмыс қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша дербес саралауға жатады.

Бірінші қылмыс (мысалы, адам өлтіру) одан кейін екінші қылмысты (мысалы, ұрлау) жасауды жеңілдету мақсатында жасалса не кінәлі бірінші қылмысты (мысалы, зорлау) жасағаннан кейін осы қылмысты жасыру мақсатында басқа қылмыс (мысалы, адам өлтіру) жасаса, жиынтықты құрайтын қылмыстар осылай саралауға жатады. Егер іс бойынша қолдануға жататын қылмыстық заңның нормасы, қылмыстар жиынтығын көрсете келе, жасалған қылмыстардың әрқайсысының барлық белгілерін толық қамтыса және олардың әрқайсысынан қоғамдық қауіпті зардаптардың келтірілуін көздесе, онда жасалған әрекет тұтастай алғанда осы саралаушы белгілері бар неғұрлым ауыр қылмысты жасағаны үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша саралауға жатады (мысалы, қарақшылық шабуыл жасау және бұл орайда денсаулыққа ауыр зиян келтіру) - деп тұжырымдалған. Нормалар бәсекелесі қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің бірнеше баптарын бірдей қамтитын бір қылмыс арқылы көрініс табады. Нормалар бәсекелесінде сот қылмыстық кодекстің бірнеше баптарынан сол іс-әрекетке тән бір бапты ғана бөліп алып, іс-әрекетті сол бойынша саралайды.

Жалпы және арнаулы нормалар бәсекелесі болғанда арнаулы норма қолданылады. Егер арнаулы нормалар өзара бәсекеге түссе, онда жазаны жеңілдететін мән-жайларды көрсететін қылмыстық құқылық нормаға артықшылық беріледі. Егер белгілі бір және нақ сол әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнаулы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің ерекше бөлімінің арнаулы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды (12-бап, 4-бөлігі). Басқаша айтқанда, егер бір қылмысты іс-әрекет екінші бір қылмыстың міндетті белгісі ретінде көрінсе, қылмыстың жиынтығы болмайды. Мысалы: қызмет өкілеттігін пайдаланып қиянат жасау жеке қылмыс (361-бап), ол сонымен бірге бөтеннің мүлкін талан-таражға салудың тәсілі ретінде көрінуі де мүмкін (189-баптың 2-бөлігі, «3» тармағы), соңғы жағдайда барлық іс-әрекет бір қылмыс болып табылады да, қосымша 361-баппен саралануға жатпайды.

### ***2.3 Қылмыстардың қайталануы***

Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы 1. Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады. 2. Қылмыстардың қауіпті қайталануы деп адамның: 1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны; 2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады. 3. Он сегіз жасқа дейінгі адамның жасаған қылмыстары үшін сотталғандық, сондай-ақ осы кодексте белгіленген тәртіппен алып тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстардың қайталануын және қылмыстардың қауіпті

қайталануын тану кезінде есепке алынбайды. 4. Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады. Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады (14-бап, 1-бөлігі).

Ал 2014 жылы қабылданған қылмыстық кодексте қылмыстардың қайталану белгісі ретінде адамның кез келген қасақана қылмысты жасауы емес - тек қана ауыр қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғаны, осыдан кейін сол адамның тағы да ауыр қылмыс жасап, өзінің іс-әрекетін қайталануы негізге алынады. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 14-бабына сәйкес, қылмыстардың қайталануы, сонымен қатар жәй және қауіпті болып бөлінеді. Басты сот талқылауында қылмыстық істі қарау нәтижелері бойынша айыптау үкімін шығару кезінде сот қылмыстың қайталануының қандай түрінің бар екенін анықтайды. Сотталушының ірекетінде қылмыстық қайталануын анықтап, ол бойынша тиісті шешім қабылдау соттың құқығы емес, міндеті болып табылады. Сондықтан заңда көзделген барлық жағдайларда сот үкімінің сипаттамалы-дәлелдемелі бөлігінде алынбаған және жойылмаған соттылықтарды, бұрынғы және жаңадан жасалған қылмыстардың ауырлығын көрсете отырып тиісті негіздерді келтіру, және қылмыстық кодекстің 14-бабының тиісті бөлігі мен тармағына сілтеме жасап, қылмыстың қайталануының қандай түрінің анықталғаны туралы шешімі үкімнің қарар бөлігінде көрсетуі тиіс.

Егер сот үкімнің дәлелдемелі бөлігінде қылмыстың қайталануын тану үшін негіздерді келтіре отырып, үкімнің қарар бөлігінде сотталушының әрекеттерінде қылмыстың қайталануының тиісті түрін тану туралы шешімін көрсетпесе, онда сот осы үкіммен қылмыстың қайталануын танымаған деп есептеу қажет. Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес қылмыстың қайталануын білу үшін бұрын міндетті түрде сотталғандығы, бұрынғы істеген қылмысы үшін жазаны толық немесе ішінара өтеуі, соңғы қасақана қылмысты істегенде сотталғандық атағының болуы шарт. Яғни, қылмыстың қайталануы, көптік қылмыстардың ішіндегі ең қауіпті түрінің бірі. Ауыр қылмыс істеп, сол үшін сотталып, одан тиісті қорытынды шығармай, тағы да қасақана ауыр қылмыс істеудің өзі мұндай адамдардың мемлекет, қоғам, жеке азаматтардың мүддесіне қауіптірек екендігін көрсетеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» № 1 нормативтік қаулысына сәйкес соттардың назары бұрын сотталған, бірақ түзелгісі келмейтін адамдарға заңда көрсетілген жазалаудың қатаң шараларының қолданылуы керектігіне аударылды. Республика Жоғарғы Сотының жоғарыда аталған қаулысының 2-тармағында «Соттар қылмыстық кодекстің қылмыстың қайталануын (рецидивін) тану кезінде кез келген алынып тасталмаған немесе бұрын жойылған соттылықтар емес, олардың тек ересек жастағы жасаған қылмысына байланысты соттылық қана негіз болып табылатынын ескеруі керек», - делінген. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың қайталануы фактілі және ресми болып бөлінеді. Адамның бірінші

істеген ауыр қылмысы үшін сотталғандық атағының бар-жоғына қарамастан тағы да ауыр қылмыс істеуі фактілі қылмыстық қайталау деп саналады. Бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандық атағы жойылмаған немесе одан арылмаған адамның тағы да ауыр қылмыс істеуі ресми қылмыстық қайталау болып табылады.

Ресми қылмыстық қайталау деген атақтың болуы кінәлі адамның іс-әрекетін саралауға, оған жаза тағайындағанда немесе бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанда жаза өтеу колониясының түрін белгілеуге, сондай-ақ шартты жазаны, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстыруды қолдану, қолданбау мәселесінде сотталғандықтан арылу немесе оны жою сияқты мәселелерді шешуге тікелей әсері бар. Ресми қайталану жалпы, арнаулы, жай, күрделі, пенитенциарлық, қауіпті, аса қауіпті болып бірнеше түрге бөлінеді. Жалпы қайталану деп сотталғандығы бар адамның кез келген жаңа ауыр қылмыс істеуін айтамыз. Мысалы, аса ірі мөлшерде ұрлық жасап сотталып, жазасын өтеп келген адамның қарақшылық жасауы. Жалпы қайталанудың қылмысты саралау үшін әсері жоқ, ол тек жазаны даралағанда және тағайындағанда ғана есепке алынады. Арнаулы қайталану деп сотталғандығы бар адамның бұрынғы істеген қылмысына ұқсас немесе біртектес жаңа қылмысты істеуін айтамыз. Мысалы, ұрлық, бұзақылық үшін бұрын сотталған адамның сотталғандығы жойылмай тұрып тағы да ұрлық, бұзақылық істеуі. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің кейбір баптары бойынша істелген қылмыс құрамының күшейтілген түрінің болуы немесе болмауы соңғы қылмысты істеуден бұрын соған ұқсас қылмыс үшін сотталғандығының болуы немесе болмауына байланысты болады. Мысалы, бұрын қасақана кісі өлтірген адамның тағы да қасақана кісі өлтіруі (99- бап, 2-бөлігі, «13» тармағы) және т.б.

Жай қайталану деп бір рет қана сотталғандығы бар адамның жаңа қылмыс істеуін айтамыз. Ал күрделі (көптік) қайталануға екі немесе одан да көп сотталғандығы бар адамның жаңадан қылмыс істеуі жатады. Пенитенциарлық қайталану деп бұрын ауыр қылмыс істегені үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, адамның жазаны өтеп болған соң немесе соны өтеу барысында тағы да ауыр қылмыс істеп, бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы айтылады. Қылмысты қайталаудың ішіндегі ең қауіпті түрі қауіпті қайталануы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың қауіпті қайталануы деп; 1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны; 2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмысты қауіпті жағдайда қайталаған деп танылады. Он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстың қайталануын тану кезінде есепке алынбайды. Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтырады».

### 3. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ІЛІМ

#### 3.1 ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУ ТҮРЛЕРІ

Заң әдебиеттерінде қатысудың аталған объективті белгілерінің соңғы үшеуі қылмыстың сапалы белгісі деген бір белгіге шоғырланады.<sup>9</sup>

Қатысудың сапалық белгісі бірігіп қатысу ұғымымен ұштасады. «Бірлескен әрекет белгісі – деп атап өтеді М. А. Шнейдер: – біріншіден, қатысушылардың жалпы, бірлескен, бірін бірі толықтыратын күшімен, екіншіден, сол бірлесіп жасалған әрекеттері құқықпен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру түрі арқылы бәріне бірдей нәтижеге жеткенде, үшіншіден, әрбір қатысушы жасаған әрекет нақты бір жағдайда басқа қатысушылардың (ең болмағанды біреуінің) әрекет жасауының қажетті шартына айналғанда, төртіншіден, қатысушылардың қолжеткізген ортақ нәтижелері әрбір қатысушының әрекетімен себепті байланыста болғанда ғана көрінеді».<sup>10</sup>

Осыған байланысты, қылмысқа қатысудың объективті төрт белгілерін бөлек атап өтудің, не осы белгілерді олардың сандық және сапалық қасиеттері шеңберінде атап өтудің айырмашылығы жоқ. Оның үстіне мұндай бөлу шартты түрде және объективті және субъективті бөлу болып саналады. Өйткені адамның кез келген қылығы, соның ішінде бірнеше адамның бірлескен қызметі объективтілік пен субъективтіліктің өзара бірлігін білдіреді ғой. Объективті белгілер қатысушылардың ниетінің мазмұны туралы мәселелерді шешу кезінде айқын көрінетін субъективті белгілермен тығыз байланысты. Қатысушылардың әрқайсысы мұндай нақты жағдайда орындаушы мен ісіне қатысушы басқа да адамдардың қызметі үшін қажетті жағдай туғызуымен көрінетін өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің сипатын түсіне білуі керек, және қалаған бірлесіп жасайтын әрекетінің нәтижесінде келетін және келуі мүмкін зардаптарды болдырмау жолдарын болжай білуі тиіс. Мұнан басқа қатысушылардың әрқайсысы өзінің әрекеті орындаушының қылмыс жасауының қажетті шарттарының бір болып табылатынын және соған себепті байланыста болатынын жақсы біледі.

Қатысудың субъективті белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- 1) мәселе екі немесе одан да көп адамның бірлесіп қатысуы жайында болып тұрған соң, барлық қатысушылар ниетінің бірлігі;
- 2) қатысудың қасақаны қылмыс кезінде ғана болу мүмкіндігі.

Қатысушылар ниетінің мазмұнына мыналар кіруі тиіс: 1) әрекетті өзі жалғыз емес, басқалармен бірігіп жасайтынын сезінуі; 2) өзінің және басқа қатысушылардың әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын сезінуі. Қатысушы

<sup>9</sup> Российское уголовное право. — М. 1997. 196-бет.

<sup>10</sup> <sup>10</sup> Шнейдер М. А. Соучастие в преступлении по советскому уголовному праву. — М., 1964. 7-бет.



орындаушы жасаған әрекетте қылмыс құрамының элементтерінің бар екендігін сезіне білуі тиіс; 3) жалпы қылмыстық нәтижеге жетуді қалауы.<sup>11</sup>

Қатысу анықтамасында заң шығарушы, бірнеше адамның біріккен күшімен тек қасақана әрекет жасау мүмкіндігіне басты назарды әдейі аудартады. Бұрынғы заңнамадағы бірнеше адамның біріккен күшімен тек қасақана сипаттағы әрекет жасауын көрсетудің болмағандығы заң әдебиеттерінде абайсыздықта жасалған қылмыстарға қатысудың болатындығы жөнінде айтуға себеп болды.<sup>12</sup> Абайсыздықпен қатысу оның жақтастарымен келесідей үш жолмен қарастырылды: абайсыздық қылмыстағы қалақанылықпен қатысу; қасақана қылмыстағы абайсыздықпен қатысу; абайсыздықта бірге орындаушылық.

Қатысудың заңнамалық анықтамасына қарай (ҚР ҚК 27-бабы) абайсыздықпен қатысу қылмыстық заңда осы әрекетті сипаттайтын белгіленген белгілердің жиынтығына сәйкес келмейтін болғандықтан қабылданбайды. Өйткені, қылмысты қатысумен жасалды деп тану үшін оның барлық объективті жән субъективті белгілерін анықтау керек. Ал оның кері шешімі бұл мәселенің дұрыс шешімін бермейді.

Мысалға, келесідей айтылған жағдайдағы бөтеннің заттын жасарын алып қою қатысумен жасалған ұрлық деп танылмайды. Пәтерге ұрланып кірген ұры ұрланатын көп затты саты алаңы мен подъезде ешкім жоқта шығара бастайды. Мұны сыртынан байқап қалған жәбірленушінің көршісі осы мезетті пайдаланып, ұры келесі дүниені сыртқа шығару үшін пәтерге кіріп кеткенде ұрының дайындап қойған қапшықтарын, кейін ондағы заттарды сатып, пайда табу үшін өзінің пәтеріне кіргізіп ала қояды. Міне бұл мысалда қылмысқа қатысу жоқ деп айтуға болады, өйткені бұл әрекетте бірігіп қылмыс жасау мен жалпы бірігу ниеті жоқ, әркім өз бетінше әрекет жасады. Сөйтіп, көптеген жағдайда бір мезгілде екі немесе бірнеше адамның жасаған әрекетінде қатысушылық болды деп қорытындылауға болмайды. Қатысу үшін себепті байланыстар, бір ниетке топтасқан бірнеше адамның біріккен әрекеті болуы керек.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымында қатысу институтының маңызына заңгер ғалымдар біркелкі түсінік бермеді. Басылым беттерінде М. Д. Шаргородский, қатысу қылмыстың қоғамдық қауіптілігін қашанда көтере беретін мән-жай дегенді мойындамады. Ол, қатысу жауаптылықты ауырлатпайды да, жеңілдетпейді және ол жалпы алғанда «жіктейтін немесе ауырлататын мән-жай болып табылмайды», деп жазды.

Қатысуды бірлесіп жасаған іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігін күшейтуші мән-жайлар ретінде қарастыруды жақтаушылар – П.И. Гришаев пен Г.А. Кригер, «қылмыстық құқықпен қатысу қоғамдық қауіптіліктің тым жоғары дәрежесімен сипатталатын қылмыс жасаудың ерекше нысаны ретінде

<sup>11</sup> Уголовное право РК. Общая часть. Учебное пособие. – Қарағанды, 2002. 74-75-беттер.

<sup>12</sup> Шаргородский М. Д. Некоторые вопросы общего учения соучастия // Правоведение. – 1960. – №1. – 94-бет; осы көзқарасты жақтаушы А.Н. Трайнин де болды.

қарастырылады»,<sup>13</sup> деп көрсетеді. Осы авторлар дәлел ретінде мән-жайлардың төмендегідей қызметін көрсетеді:

- 1) қызметке жаңа сапа беретін бірнеше адамның күші біріктіріледі;
- 2) бір адам әрекетінің нәтижесіне қарағанда қоғамдық қатынастарға елеулі шығын келтіріледі;
- 3) жалғыз адамның қылмыс жасауына қарағанда қоғаммен көбірек адам шиеленіседі;
- 4) қатысу жалғыз адам жасай алмайтын қылмыстың жасалу мүмкіндігін туғызады;
- 5) қылмыстың ізін жасыру мен қылмыстық жауаптылықтан жалтару мүмкіндігі артады.

Ең соңында, қазіргі кезде артықшылыққа ие болып, ымыралыққа шақырушы деп атауға болатын үшінші бір пікір, мән-жайлардың бәрінде бірдей болмаса да қатысу қылмыстың қоғамға қауіптілігін арттырады дейді. А.А. Пионтковский, қатысу «белгілі бір жағдайларда» ғана қоғамдық қауіптілікті күшейтеді, деп санайды. Ол мұндайларға қатысу негізгі белгі немесе жіктеуші белгі ретінде қарастырылған қылмыстарды жатқызады.<sup>14</sup>

Бірлескен қылмыстық әрекеттің қауіптілігі үш блоктан құралады:

- 1) уақытша басымдылық;
- 2) қатысушының «өндіргіш қуатын» қоздырады;
- 3) құрбанына елеулі психологиялық қысым жасайды.

Бұл үш блок қылмыстық қылықтың нақты жағдайларында әрқилы құбылып отырып, пайда болған барлық жағдайында бірлескен қылмыстық әрекеттің жоғары қауіптілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік жасайды.

Топтасып жасалған қылмыстың жоғары қоғамдық қауіптілігі қоғаға қауіпті қол сұғушылықтың туындау мүмкіндігінің артуымен, сондай-ақ бір адам жасақан қылмысқа қарағанда едәуір зиян (шығын) келтіруімен сипатталады. Сондықтан заң шығарушының ҚР ҚК 31-бабының 1-4-баптарында қарастырылған адамдар тобы, күні бұрын сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық) ұйым жасаған қылмысты қылмыс құрамына саралаушы мән-жайлар ретінде енгізуі әбден орынды. Осыған байланысты адамдар тобы, күні бұрын сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық) ұйым құрамында қылмыс жасау, сондай-ақ ҚР ҚК 54-бабына сәйкес қылмыс жасауда белсенді рөл атқаруы қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлатушы мән-жайлар болып танылады. Осы жерде атап өтуге тура келеді, ҚР ҚК 54-бабының 2-бөлігінде бекітілген, егер ҚР ҚК 54-бабының 1-бөлігіндегі көрсетілген мән-жайлар ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көрсетілген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайталап ескерілмеуі керек.

<sup>13</sup> Гришаев П.И., Кригер Г.А. Соучастие по уголовному праву. – М. 1959. 37-бет.

<sup>14</sup> Пионтковский А.А. Учение о преступлении по советскому уголовному праву. // Курс советского уголовного права. Часть Общая. – М. 1961. 43-бет.

Қылмыстың жекелеген құрамдары үшін, заң шығарушы саралаушы белгі ретінде қатысу түрлерін қарастырады. Сөйтіп, қылмыстық заң нормаларына сәйкес, қатысу не саралуға әсер етеді, не жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән-жай ретінде ескеріледі.

2014 жылғы Қылмыстық кодекстің 27-31-баптарында бекітілген қатысу институты қатысудың объективті, сол сияқты субъективті белгілері тән жекелеп алынған қылмысқа қатысты екі немесе одан да көп адамның бірлескен қатысуын қарастыруға мүмкінлік береді.

Қылмыстық заң құқықтық тәртіпті қорғауда мемлекеттік органдардың әсіресе бәрінен бұрын ұйымдасқан, яғни кәсіби негіздегі қылмыстылықтың, өсуіне қарсы тұруға шақыратын негізгі қаруына айналған, қазіргі жағдайдағы қылмыстылықпен күрес аса өзекті мәселеге ие болып барады. Қылмыстық құқық теориясында мен іс-тәжірибеде, өкінішке орай, 80-жылдың екінші жартысында ғалым криминологтарды әділетті түрде күні бұрын сақтандырған «ұйымдасқан қылмыстылық» пен «қылмыстылықтағы ұйымдасушылық» ұғымдарын шатастыру орын алды.<sup>15</sup> Мәселен, Ғ.С. Мәуленов, «ұйымдасқан қылмыс ұғымына анықтама беру, қырын белгілеу, оның және топтасқан қылмыстылық арасындағы айырмашылықтарын ажырату өте қиын»<sup>16</sup>, деп көрсетеді.

Ұйымдасқан қылмыстылықтағы бірнеше топтың болуы, ұйымдасқандығы, тұрақтылығы сияқты белгілерін толық мәнде топтық қылмыстылыққа жатқызуға болады. Мысалы, тұрақты топтың болуын, атап айтқанда: бандитизм – ҚР ҚК 237-бабы, теңіз қарақшылығы – ҚР ҚК 240-бабы, жаппай тәртіпсіздік – ҚР ҚК 237-бабы сияқты жекелеген қылмыс құрамдарына тән деп айтуға болады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандар, қоғамның экономикасы мен адамгершілік қалпына теріс ықпал жасайтын, қалыпты мемлекет құрылысы мен қоғамның игілігіне кері әсерін тигізетін қылмыстылықпен әсерлі күрес жүргізу үшін, заң шығарушымен 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 31-бабымен көзделген топтасқан қылмыстық қызметке тән қатысу нысандарының белгілерін әбден ұғынып алу қажет, деген қорытынды жасаға мүмкіндік береді.

### ***3.2 Қылмысқа жанасу, оның қылмысқа қатысудан айырмашылығы***

Қылмыстық құқық ғылымында қатысу нысандары туралы мәселе, оны зерттеуді қолға алудың жарты ғасырлық тарихына қарамастан шешімі әлі толығымен табыла қоймаған мәселелер қатарына жатады.

40-жылдардың басында А.Н. Трайнин қатысу нысандарының төмендегідей төрт мүшелі жүйесін ойлап шығарды:

- 1) жәй қатысу;
- 2) қатысушылар күні бұрын сөз байласқан, сараланған қатысу;
- 3) ерекше текті, яғни қылмыстық бірлестікке қатысу;

<sup>15</sup>Организованная преступность. //Под ред. А.И.Долговой, С.В.Дьякова. – М., 1989. 18-23-беттер.

<sup>16</sup> *Мауленов Г.С.* Основные характеристики преступности в РК. – Алматы, 1996. 116-бет.

4) ұйымдасқан топпен қатысу.

Осы жүйелерді талдау барысы бұл топтарды бөліп қарау негізіне субъективті өлшемдік негіздер, атап айтқанда қатысушылардың субъективті байланыстарының сипаты мен дәрежесі алынғандығын айғақтады.

Осы өлшемдік негіздер П.И. Гришаев пен Г.А. Кригердің бөліп қараған қатысу нысандары үшін де анықтаушы болып табылады. Расында, олар қатысудың нысандарымен бірге түрлерге бөлуді де қарастырды, бірақ бұл бағытты дамыту олардың зерттеулерінде көрініс таппай қалды. П.И. Гришаев пен Г.А. Кригер қатысу нысандары ретінде мыналарды қарастыруды ұсынды:

- 1) күні бұрын сөз байласпаған қатысу;
- 2) күні бұрын сөз байласқан қатысу;
- 3) ұйымдасқан топ;
- 4) қатысудың ерекше тегі – қылмыстық ұйым.

Олар қатысудың түріне барлық қатысушы әрекетінің біркелкілігімен және қылмыс құрамын орындауға тікелей қатысауымен көрінетін (бірге орындаушылық) қарапайым қатысуды және қатысушылардың арасындағы рөлдері белгіленген, нәтижесінде олардың әрқайсысы сипатына қарай әртүрлі әрекеттер жасауымен көрінетін күрделі қатысуды жатқызды.<sup>17</sup>

А.А. Пионтковский субъективті өлшем бірлігі негізінде қатысудың екі нысанын бөліп қарауды ұсынды:

- 1) алдын ала келісімсіз қатысу;
- 2) қарапайым қатысуда ұйымдасқан топтың, қылмыстық ұйымның және банданың күні бұрын сөз байласқан қатысумен көрінетін күрделі қатысу.<sup>18</sup>

П.Ф. Тельнов болса, қатысуды келесідей төрт нысанға бөлуді ұсынады:

- 1) бірлесіп орындаушылық;
- 2) түрлі рөлдерді атқарумен қатысу;
- 3) қылмыстық топ;
- 4) қылмыстық ұйым.

Жоғарыдағы аталған авторларға қарағанда, П.Ф. Тельнов жіктеудің негізі топтасу дәрежесі емес, қатысушылар арасындағы өзара әрекеттестік әдістері деп көрсетті.<sup>19</sup>

М.И. Ковалев, қылмыс жасауға бірлесіп қатысатын адамдардың өзара әрекеттестік сипатын жіктеуді негізге ала отырып, қатысу нысанын: кінәластық пен нақты мағынадағы, яғни рөлдерін бөліскен қатысу, деген екі нысанға бөлді.<sup>20</sup> Қатысу нысандарын жіктеудің өдшемдік негізін анықтаудың осындай көзқарасын В.С. Прохоров та ұстанды. «Қатысу нысаны, – деп жазды ол, – адамдардың арасындағы байланыстардың сипатын да емес, құрылымын да емес, субъективті байланысқан адамдардың бірлесіп жасаған әрекеттері құрылымына тән қасиеттерді, яғни әрекет жасаушылардың арасындағы байланысты емес, әрекеттердің арасындағы байланысты көрсетеді».<sup>21</sup> Алайда

<sup>17</sup> *Гришаев П.И., Кригер Г.А.* Көрсетілген еңбек. 56-бет.

<sup>18</sup> Курс советского уголовного права.– М., 1970. Т. 464-бет;. *А.А.Пионтковскийдің* қатысудың «түрі» мен «нысаны» ұғымдарының арасына айырмашылық бермейтінін аңғаруға болады.

<sup>19</sup> *Тельнов П.Ф.* Ответственность за соучастие в преступлении. – М., 1978. 18-бет.

<sup>20</sup> *Ковалев М.И.* Понятие преступления в советском уголовном праве. – Свердловск, 1987. 45-бет.

<sup>21</sup> *Прохоров В.С.* Преступление и ответственность. – Л., 1984. 83-бет.

М.И. Ковалевқа қарағанда, В.С. Прохоров қатысу нысанына тағы бір нысан – қылмыстық ұйымды қосты. Сөйтіп, В.С. Прохоровтың пікірінше, бірлескен қылмыстық қызмет үш нысанда көрінеді: жәй қатысу (бірлесіп орындаушылық); күрделі қатысу (рөлдерді бөлісу) және қылмыстық ұйым.

Қылмыс, егер ол оны жасау жөнінде күні бұрын келісіп біріккен адамдармен жасалса, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған деп танылды. Қылмыс, егер ол күні бұрын тұрақты қылмыстық топқа біріккен адамдармен жасалса, ұйымдасқан адамдар тобымен жасалған деп танылды.

Қылмыс, егер ол қылмыстық қызметпен айналысу үшін құрылған тұрақты құрылымдық бірлестікке кірген адамдармен жасалса, қылмыстық қаумдастықпен жасалған деп танылды. Егеменді Қазақстанның алғашқы Қылмыстық кодексі (1997ж.) қатысу нысанын реттеудің заң жүзіндегі ойын қабылдай отырып, жоғары да көрсетілген үш нысанға қоса тағы да бір – «адамдар тобымен қылмыс жасау» деген нысанды қарастырды. Бұл жерде қатысудың осы нысандарының әрқайсысы ҚР ҚК 31-бабында нақты заңдық сипатқа ие болды.

Іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай ҚР Қылмыстық кодексіне енгізуді талап еткен ауырлататын мән-жайларының бірі қылмыстық топ құрамымен жасалған қылмыс болып табылады. ҚР ҚК 31-бабымен реттелген қатысу нысандары ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 303-бабындағы 106 қылмыстың саралаушы және ерекше саралаушы белгілілері болып табылады. Мәселен, «адамдар тобымен» деген сияқты белгі 3 қылмыс құрамында (ҚР ҚК 145, 164, 186-баптары); «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы» – 31 қылмыс құрамында; «қылмыстық қаумдастықпен (қылмыстық ұйыммен)» 1 қылмыс құрамында қарастырылған (ҚР ҚК 193-б.).

Сонымен бірге, заң шығарушы кейбір қылмыстарды нақты бір баптардың бір бөлігінде қылмысқа қатысудың екі және одан да көп нысанын көрсетеді, мысалы, «адамдар тобымен немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен» – бір құрамда (ҚР ҚК 415-1-б.); «алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен» – 18 құрамда; «ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық қаумдастықпен» – 2 құрамда (ҚР ҚК 236, 297-баптары); және ең соңында баптың бір бөлігінде қатысудың бір дей үш нысаны көзделген, ол: «адамдар тобымен, алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен» – 10 қылмыс құрамында (ҚР ҚК 236, 297-баптары).

Заң шығарушымен қарастырылған қатысудың түрлі нысандары өмірде кеңірек тараған: ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, адам өлтіру, денсаулыққа түрлі ауырлықтағы зиян келтіру, бұзақылық, зорлау және басқа да қылмыстар құрамына енгізілген. Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушылар ұжымы қатысуды түрлі нысандарға жіктеу кінәлілердің өзара әрекеттестіктері бойынша, олардың бір-бірімен байланысы бойынша жүргізілуі тиіс деп санайды. Осыған байланысты кафедра қатысуды келесідей төрт түрге бөліп қарастыруды ұсынады: 1) бірігіп орындаушылық (адамдар тобы – жәй

қатысу); 2) түрлі рөлдерді бөлісумен қатысу (алдын ала сөз байласқан адаидар тобы – күрделі қатысу); 3) ұйымдасқан топ; 4) қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым). Біздің ойымызша, ҚР ҚК 31-бабында да дәл осы ереже айтылған сияқты.

ҚР ҚК 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады. Қатысудың бұл нысаны қылмыстық құқық теориясында бірнеше атауға ие болды: қатысудың жәй нысаны, бірігіп орындаушылық, кінәластық. Осы аталғандардың әрқайсының белгілі бір қырынан сол қатысу нысанының құрамдас мәні көрінеді. Қылмыс жасауға қатысушы бірлесіп орындаушылық кезінде міндетті түрде әрекеттің объекті жағын жасауы (бір бөлігін немесе толықтай), яғни ол бірге орындаушы болуы тиіс. Қылмыс бірлесіп жасалатын болғандықтан әрекеттің объективті жақтарын орындаудағы бірге орындаушының әрқайсының қатысу дәрежесі әртүрлі болады. Мысалы, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлықта (ҚР ҚК 188-б. 2-бөл. «3» тар.) бір қылмыскер кіреберіс есікті бұзады, ал екіншісі ішке кіріп, бөтеннің мүлкін алып шығады. Осыған байланысты қатысудың бұл нысанын жекелеген авторлар кінәластық деп атайды. Сонымен бірге көбінесе, топтасқан қылмысқа қатысушылардың біреуі қылмыс құрамының белгісі бар әрекеттердің бәрін жасаса, ал енді біреуі объективтік жағының белгісі бар бөлігін ғана жасайды.<sup>22</sup> Мысалы, адам өлтіруде бір субъект жәбірленуші құрбанның қарсылығына тойтарыс берсе, ал екіншісі оған соққы жасайды. Сөйтіп, қатысу нысанындағы адамдар тобы төмендегі көрсетілген белгілермен сипатталады:

1) екі немесе одан да көр бірге орындаушылардың, яғни екі немесе одан да көп адамдармен әрекеттің объективтік жағын орындауының болуы;

2) қылмыс жасаудағы әркімнің іс жүзінде қатысуының тіржей тең дәрежесі;

3) алдын ала сөз байласудың болмауы, яғни қылмыс жасағанға дейін бұл адамдардың бірлесіп қылмыс жасау жөнінде уағдаласпауы.

ҚР ҚК 31-бабының 2-бөлігі, егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп анықтайды. Заң шығарушы ҚР ҚК Ерекше бөліміндегі **31** қылмыс құрамында саралаушы мән-жайлар ретінде «адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша» жасалатын қылмыстарды қарастырады.

Алдын ала сөз байласатын адамдар тобының қауіптіліктің қосымша көрсеткіштері бар адамдар тобынан айырмашылығы бар. Қатысушылар белгілі бір нәтижеге жету мақсатында жәбірленушінің әлеуметтік мәнді мүддесіне тікелей нұқсан келуіне мүмкіндік жасау үшін өзінің мойнына тиісті бір рөлдерді алған жағдайда бірлесіп қылмыс жасаудың мұндай нысаны үшін өлшемдік негіздердің түрлі үйлесімі тән болады. Талданып отырған нысанның анықталуына қатысушылардың жасалған әрекетке деген психикалық қатынасы

<sup>22</sup> *Борчашвили И.Ш., Пенчуков В.А.* Некоторые вопросы соучастия по уголовному законодательству РК. // Уголовный кодекс РК: проблемы и перспективы. Сб. научных трудов. – Қарағанды, 1999. 53-54-беттер.

да тура сипат береді. Олардың бәрі де әдетте бір қылмыс жасап отырғанын сезінеді. Қатысудың жоғарыда көрсетілген нысандарымен жасалған қылмыстарды салыстырған кезде алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен жасалған қылмыс қауіптілігінің өсу ағымы анық байқалады. Мәселен, алдын ала уағдаласқан адамдар мен уағдаласпаған адамдар тобы жасаған зорлауды салыстырғанда жағдай екеуіне де бірдей болғанның өзінде қатысудың бірінші нысаны қоғамға қауіпті дәрежесінің жоғарылығымен сипатталады. Қауіптілік бірнеше адамның біріккен күшінің жәбірленушіге тікелей әрекет жасау салдарынан өседі. Мұндай әрекет жасауда жәбірленуші іс жүзінің мүддесінің бұзылмауына тиісті мәнде қарсы әрекет жасай алмай қалады. Ол әдетте елеулі зардап келтіріп және қорғалатын объектігі тереңірек қол сұғуға итермелейді.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы, ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Қатысумен жасалған бандитизм және басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағындағы «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы» ұғымының мазмұны дұрыс келтірілмеген деген ұйғарым жасайды. Онда, әсіресе, «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы» саралаушы белгісі қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы жасағанда қатысушыға да тағылатындығы айтылған. Осыған байланысты кафедра жоғарыда аталған Нормативті қаулыда бектілген ереже ҚР ҚК 31-бабының 2-бөлігіндегі «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы» белгісінің мазмұнын ашатын заңдық ережеге қайшы келеді, деп санайды.

Егер қатысудың барлық объективті және субъективті белгілерін назарға алатын болсақ, қылмыс екі немесе одан да көп адаммен жасалған жағдайда не істеуге болар еді, иә бұл жағдайда олардың біреуі ғана қылмысты орындаушы болады да, ал қалғандары не ұйымдастырушының, не айдап салушының немесе көмектесушінің рөлін атқарады. Дегенмен, нақты қылмыс жасағанға дейін олардың арасында алдын ала сөз байласуы болуы мүмкін. Онда кінәлі адамдардың әрекеттері жоғарыда аталған қаулыда келтірілген ережеге келмейді. Бұдан басқа, олардың әрекеттері, сондай-ақ, қатысудың басқа насандары: алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, ұйыджасқан топқа және тіптен де қылмыстық қауымдастыққа жатпайды.

Заң шығарушы «қатысу» деген мағынаны қатысушыға ғана қатысты; «жасауды» қатысуда қатысумен жүзеге асырылатын қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекетті тек қана орындаушы орындайтын болғандықтан орындаушыға қатысты пайдаланады. ҚР ҚК 31-бабының 2-бөлігіне сәйкес, қылмысқа күні бұрын сөз байласқан адамдар ғана қатысады. Егер алдын ала сөз байласқан адамдар тобы үшін бір ғана орындаушы жеткілікті дейтін болсақ, онда оның заң жүзіндегі анықтамасы былай болуға тиіс деп ойлаймыз, «егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады».

ҚР ҚК 31-бабының 2-бөлігінде заң шығарушы басты назарды кінәлі адамдардың күні бұрын уағдаласып бірлескен қылмыс жасауына аударады. Бұл кемінде екі адамның қылмыс құрамының объективтік жағын орындау үшін

өздерінің күштерін жұмылдыратынын, яғни олардың шын мәнінде қылмысты орындаушы екендігін білдіреді.<sup>23</sup>

Алдын ала сөз байласқан адамдардың бір тобымен қылмыс жасалған жағдайда және объективтік жағын орындау аяқталғанға дейін оларға алдын ала сөз байласқан тағы да бір адамдар тобы қосылса, онда осы екеуіндегі де әрекеттерді алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен жасалған қылмыс деп саралау керек.

Қатысудың мұндай нысаны қылмыстық құқық теориясында: 1 – алдын ала келісіммен сараланған; 2 – алдын ала сөз байласып қатысу; 3 – түрлі рөлдерді атқарумен қатысу; 4 – күрделі қатысу деген атауларға ие болды. Атауларының әртүрлілігіне қарамастан олардың мән-мағынасы бір. Алдын ала келісімнің болуы рөлдерді бөлісуді талап етеді. Қатысушылардың әрқайсының күні бұрын белгіленген рөлдерін орындауы олардың бәрінің де нәтижеге жетуге деген ұмтылысын байқатады. Орындаушының әрекетінде қашанда ҚР ҚК Ерекше бөлімінің нақты бір бабаында қарастырылған қылмыс құрамының белгілері болады.

Қылмысты орындаушы орындаған кезде ұйымдастырушының, айдап салушы немесе көмектесушінің әрекеттерінде көмек көрсету ғана болатындықтан нақты қылмысқа белгілері болмайды. Ұйымдастырушының, айдап салушы немесе көмектесушінің әрекеттерін саралау кезінде олардың әрекеттерінің жазалауға жататындығын анықтайтын ҚР ҚК Ерекше бөлімінің нақты баптарынан басқа ҚР ҚК 28-бабының тиісті бөлігіне сілтеме жасау қажет.<sup>24</sup>

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуының белгілісі мыналар болып табылады: 1) екі немесес одан да көп адамның қатысуы; 2) қатысушылар арасындағы өзара сөз байласу; яғни олар қылмыс жасалғанға дейін қылмысты бірлесіп жасаулары жөнінде уағдаласады.

Қатысудың осы нысанының негізін қылмыс жасау басталғанға дейінгі бірлескен қылмыстық қызмет туралы сөз байласу құрайды. Алдын ала келісу қылмыс құрамының объективтік жақтарын орындау басталғанға дейін де бола береді. Сөз байласудың өзі сипаты жағынан, атап айтқанда, жоспарланған қол сұғушылықтың, қылмыстың ізін жасыру сияқты жекелеген сәттеріне қатысы бар жасалатын қылмыстың басқа да тұрғыларын тегіс қамтитын әртүрлі болуы мүмкін. Бұл жерде атап өтерлік ең маңыздысы, қылмыс жасау жөніндегі алдын ала келісім фактісінің өзі қылмыстың қоғамға қауіптілігін күшейте түседі.

Алдын ала сөз байласқан адамдар тобы қылмыстық қызметтің ұйымдасқан нысанынан ұйымдастырылуы мен бірігу дәрежесі бойынша айырмашылықта болады. ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

Бұл ереже ҚР Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-маусымдағы (19.12.2003 ж. өзгертулерімен) «Ұрлық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы»

<sup>23</sup> *Рахимжанова Г.К.* Формы соучастия как квалифицирующие признаки отдельных составов преступлений. //Научные труды финансовой полиции. Выпуск 2. – Алматы: Жеті жарғы. 2001. 174-175-беттер.

<sup>24</sup> *Борчаишвили И.Ш., Пенчуков В.А.* Көрсетілген еңбек. 55-бет.



нормативтік қаулысында да, бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады, деген анықтамамен орын алды.

ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Қатысумен жасалған бандитизм және басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 6-тармағында мынадай түсінік берілген: «ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігіне сәйкес ұйымдасқан топ деп, ҚР ҚК 262-бабының 1-бөлігімен көзделген ұйымдасқан қылмыстық топ құрғаны үшін жауаптылық артылатын әрекет деп танып қана қоймай, ҚР ҚК 268-бабының 1-бөлігімен көзделген тұрақты қарулы топ (банда) құру деп те тану керек». Сонымен бірге осы қаулыда ҚР Жоғарғы соты банда ұйымдасқан қылмыстық топтан қарулануымен және азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау жөніндегі қылмыстық мақсатының болуымен ерекшеленеді деген түсінік береді.

Мұндай көзқараспен келісе қою мүмкін емес. Біріншіден, мұнда ұйымдасқан топтың негізгі белгілері көрсетілмеген. Екіншіден, біріккен қылмыстық қызмет – бұл әлі ұйымдасқан топ емес. Жалпы заң әдебиеттерінде бұл мәселе жөнінде бірыңғай көзқарас жоқ. Кейбір авторлар «ұйымдасқан топтың» негізіне топ мүшелерінің сандық көрсеткішін алса, енді біреулері – қызмет бағытын, үшіншілері қылмыс жасау саласындағы әккілік тәжірибесін алады.

Ұйымдасқан топтың заңдық анықтамасында екі белгісі қарастырылған. Бұл біріншіден, бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен топтардың болуы; екіншіден, мұндай топтың тұрақтылығы.

Қылмыстық топтардың ұйымшылдығы мен тұрақтылығы туралы, әсіресе, оның құрамы мен ұйымдық құрылымдарының тұрақтылығы, оны мүшелерінің бірлігі, топтың тәртібіне және ұйымдастырушы мен басшының нұсқауларына бағыныштылықпен қарау, қылмыстық қызмет нысандары мен әдістерінің бірқалыптылығы, қылмыстың жоспарлануы мен мұқият дайындығы, қатысушылардың арасындағы рөлдері, қылмыстық жоспар жасау, күні бұрын қылмыстың ізін жасыру мен қылмыстық әрекет нәтижесінде алынған дүние-мүліктерді өткізу шараларын қамтамасыз ету.

Ұйымдасқан топтың белгілері мыналар болып табылады:

- 1) ниеті қылмыстық топ жасаған қылмыстарды қамтитын ұйымдастырушы болуы;
- 2) ұйымдасқан топ мүшелері арасындағы рөлдердің келісімді түрде бөлінуі;
- 3) қылмыстың алдын ала жоспарлануы және сол жоспарды топтың барлық мүшелеріне жария ету, осы топтың тұрақтылығы;
- 4) бірлескен дайындық шараларын өткізу, олардың ұйымшылдық сипаты;
- 5) қылмыстық ниеттердің бірлігі, бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатының ортақтығы.

Ұйымдасқан топ нақты бір қылмыс жасағанда осы белгілер жиынтығы арқылы бағаланады.

Қатысу нысанының мейілінше қауіптірегі қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) болып табылады. Егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.

Заң шығарушы қылмыстық қауымдастықтың келесі екі түрін қарастырады: 1) ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым); 2) нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтар бірлестігі.

Топтардың бірлігі оның құрамының тұрақтылығын, қатысушылардың бәрі бағынатын басшының (басшылардың) болуын ғана емес, қатысушылардың арасындағы ұзаққа созылған бірқалыпты байланысы, бірін бірі қолдауы, өзара ауыстырмалық, бір біріне болысушылық болуын білдіреді. Бірлік ұйымшылдықтың, қылмыстық ұйыммен белгіленген барлық тәртіп ережелерін сақтаудың жоғары дәрежесін білдіреді.<sup>25</sup> Біріккен ұйымдасқан топ қылмыстық қауымдастық деп ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау мақсатымен құрылғанда ғана қылмыстық қауымдастық деп танылады.

Қылмыстық қауымдастық бірнеше қылмыстық топтар бірлестігінің тұрақты құрылымында да байқалуы мүмкін. Мұндай бірігу оларға кіретін адамдардың функциялары мен рөлдерін болып қана қоюмен көрінбейді, ең бастысы мұндай қауымдастықтың ішкі құрылымдары буындарының арасындағы күрделі, белгілі бір жүйелерінің өзара байланысының болуымен көрінеді.

ҚР ҚК 31-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қауымдастық ұйымдасқан қылмыстық топтан және бандадан бірігуімен және ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылған мақсатымен ерекшеленеді. Қылмыстық қауымдастық, әдетте жоғары дәрежедегі ұйымшылдыққа ие болады және жекелеген қылмыстық бірлестіктер немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардан тұрады.

Қылмыстық қауымдастықтың маңызды сипаттамасы қылмыстық қызметпен айналысу үшін құрылуы болып табылады. ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Қатысумен жасалған бандитизм және басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 12-тармағында мынадай түсінік берілген «қылмыстық қауымдастық құру деп іс жүзіндегі нәтижесі аталған ұйымдасқан топтар мен қылмыстық қауымдастық құру болатын кез келген мақсатты әрекет деп тануға болады. Мұндай әрекеттер қатысушылар, қару-жарақ, оқ-дәрі, байланыс құралдарын, құжаттар, көліктер және өзге де материалдық құралдар іздестіру, құрылымдар мен қылмыстық жоспарлар құру, адамдар жалдау болуы мүмкін». Қылмыстық қауымдастық құру қандайда бір қылмыс жасауы, жасамауына қарамастан қылмыстың аяқталған құрамы саналады.

---

<sup>25</sup>Уголовное право. Общая часть. – М., 1998. 253-254-беттер.

Заң әдебиеттерінде іс жүзінде ұйымдасқан топтар қателікпен айырмашылық белгілері бірігіп әрекет жасайтын адамдардың тұрақты қылмыстық байланыстарына қарай, қылмыстық қауымдастықпен теңестіріліп те жүреді деген пікірлер айтылады. Бұл жердегі «тұрақтылық» қылмыстық қауымдастық қызметінің қарқыны мен көлеміне тәуелді болады. Тұрақтылық ұзақ уақыт ішінде қылмыс жасау нәтижесінде қауымдастықпен дербес нысандар мен әдістер ойластырып жасаған жерден басталады. Белгілі бір жағдайларда ұйымдасқан қылмыстық топ ұлғайып, қылмыстық қауымдастыққа айналады. Мұнымен қоймай, ұйымдасқан топ – қылмыстық қауымдастықтың құрылуы мен дамуы қажетті және заңды сапалы кезеңі. Сондықтан оның сапалы сипаттары қылмыстық қауымдастық ұғымына кірігеді. Қылмыстық құқық теориясы мен құқық қолдану практикасы үшін маңызды мәселе, қылмыстық қауымдастықтың мүшесі деп кімді тануға болады және оларға қандай қылмыстық жауаптылық артылуы тиіс? Осыған орай, тұрақты қылмыстық ұйымның кез келген мүшесі өзінің жасаған қылмыстарының жиынтығымен жауапты болуға тиіс деген пікір бар. Бұл көзқарас қылмыстық қауымдастық басшысына белгілі болуына, оның осы ұйымның қылмыстық қызметінің міндеттерін, мақсаттары мен әдістерін қабылдауына негізделеді.

## **4. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАЙТЫН МӘН-ЖАЙЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### *4.1 Әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар ұғымы мен белгілері*

Қоғамдық қатынастарды зиян келтіруден қорғау мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен барша азаматтардың негізгі конституциялық міндеттерінің бірі болып табылады. Осы міндеттерді орындау әдістері жүйелерінің арасынан қылмыстық әрекеттердің жолын кесу, жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге қатысты қауіптілікті болдырмау белгілі бір орын алады. Қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың жолын кесу, сондай-ақ басқа көздер тарапынан келетін қауіпті болдырмау басқа біреуге, қоғамға немесе мемлекетке іс жүзіндегі және материалдық зияндар келтіруі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальды түрде ҚР ҚК ерекше бөлімінде қарастырылған нақты бір қылмыстардың белгілеріне жатады. Дегенмен белгілі бір жағдайларда мұндай қылықтардың бойында қоғамға қауіпті әрекеттер болмағандықтан қылмыс деп саналмайды. Оның үстіне қоғамдық қатынастарға қатысты қауіптің бетін қайтару қоғамға пайдалы іс болып табылады, өйткені ол зиянның келуіне тосқауыл жасап, тойтарыс береді.

Қылмыстың белгілеріне формальды түрде енетін әрекеттер қылмыстық құқық теориясы мен құқық қолдану саласында бір топқа біріктіріліп «әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар» деп аталған.

ҚР қылмыстық кодексінде іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайларға мынадай мән-жайлар жатады:

1. Қажетті қорғаныс (ҚР ҚК 32-бабы).
2. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру (ҚР ҚК 33-бабы).
3. Аса қажеттілік (ҚР ҚК 34-бабы)
4. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру (ҚР ҚК 35-бабы)
5. Негізді тәуекел ету (ҚР ҚК 36-бабы)
6. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (ҚР ҚК 37-бабы)
7. Бұйрықты немесе өкімді орындау (ҚР ҚК 38-бабы)

Сөйтіп, іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар қылмыстық заңмен емесе, заңдық актілермен реттелген жағдай қалыптасты. Мұндай жағдай, сөзсіз, құқық қолдану тәжірибесіне жағымсыз әсер етті. Мұндай қайшылық Қазақстан республикасы жоғарғы соты пленумының 1995 жылғы 21-шілдедгі «бұзақылық туралы істер бойынша соттық тәжірибе туралы» қаулысын қабылдаумен жойылды. Онда қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру сияқты іс-әрекетте қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар болмаған еді. Іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайларды реттеуге Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16-шілдесіне қабылданған

қылмыстық кодексі елеулі үлес қосты. Жоғарыда айтылғандай ҚР ҚК 32-38-баптарында мұндай мән-жайлардың жеті түрі қаралатын болды.

Қылмыстық құқық теориясында іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігін және құқыққа қайшылығын болдырмайтын басқа да мән-жайлар бар. Оларға мыналар жатады:

- 1) өзінің құқықын жүзеге асыру;
- 2) жәбірленушінің келісуі;
- 3) спортпен айналысу;
- 4) құқықтық міндеттерін орындау;
- 5) бұйрық пен үкімді орындау;
- 6) кәсіби қызметін орындау;
- 7) құқықтық міндеттерін орындауға мәжбүр ету;
- 8) міндеттердің қарама-қарсылығы (коллизиясы);
- 10) ең соңғы амал;
- 11) өкіметтің заңды қызметін атқару;
- 12) бағынуға мәжбүр ету;
- 13) рұқсат етілген өзіне көмек;
- 14) балаларға қатысты ата-ана билігін жүзеге асыру;
- 15) дәрігерлік араласу.<sup>26</sup>

Заң әдебиеттерінде іс-әрекеттерде қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлардың төмендегідей белгілерін қарастырады:

1) олар қылмыстың сыртқы және белгілі бір негізде жасалған қылмыс белгілеріне жататын адамның саналы және өз еркімен жасаған қылығын көрсетеді;

2) олар өзінің әлеуметтік-саяси мазмұнына қарай қоғамдық пайдалы немесе әлеуметтік жағынан болуы мүмкін болып табылады;

3) олар қылмыстық заңнамалармен қарастырылады;

4) олар заңды болып саналады.

Осы белгілерді ескере отырып, іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар ұғымының мазмұны төмендегіше болып көрінеді: бұл қылмыстық заңнамалармен қарастырылған және сырт қарағанда белгілі бір негіз болғанда жасалатын, қоғамдық қауіптілік пен әрекеттің заңға қайшылығын, сол сияқты келтірген шығын үшін қылмыстық жауаптылық болдырмайтын қоғамдық пайдалы (әлеуметтік жағынан орынды) және заңды қылық.<sup>27</sup>

Сөйтіп, адамның белгілі бір қылығын іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар деп тану үшін осы қылықты іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлардың тиісті белгілерімен салыстыру қажет. Егер оларды арасында қайшылық болмайтын болса онда ол іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайларға жатады.

Қазақстан республикасы Конституциясының 13-бабында «әркім өзін құқық субъектісі деп тануға және өзінің құқықтары мен бостандықтарын қажетті қорғанумен қоса заңға қайшы келмейтін жолдармен қорғауға құқылы»

<sup>26</sup> Баулин Ю. В. Іс-әрекетте қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар. – Харьков, 1991. 42-бет.

<sup>27</sup> Баулин Ю. В. Көрсетілген еңбек. 41-бет.

делінген. Сөйтіп, қажетті қорғану институты өзінің бастауын мемлекетіміздің негізгі заңынан алып, жалғасын құқық саласынан табады. Мәселен ҚР қылмыстық кодексінің 32-бабында ол былайша бекітілген:

1. Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады. Қылмыстық заң қажетті қорғануға оның қоғамға қауіпті әрекет жасауға қарсы бағытталғандығына және сол әрекетімен қоғамдық қауіпті емес, керісінше қоғамға пайдалы болуына байланысты орын береді. Қажетті қорғану институты қылмыстық құқықта құқықтық тәртіпті нығайтуға көмек көрсетуге шақырылады. Ол қылмыстың жасалу мүмкіндігінің алдын алуға көмек көрсетеді, адамның қылмыс жасау ниеттен арылтуға, сол ниетін жүзеге асыруына тежеу салады. Қажетті қорғану тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың бірден-бір құралы болып табылады.

Құқықтағы қажетті қорғану – бұл азаматтық субъективті құқығы. Кез келген адам қажетті қорғану актісі арқылы қылмыстық қол сұғушылықтан өзінің мүдделерін, меншігін, билік пен басқа да мүдделерді қорғай алады. Осыған қатысты адамның осы құқықтырды жүзеге асыра білуі оның қоғамдық парызын, моральдық міндетін көрсетеді. Қоғамның әрбір азаматының өзін және басқаларды құқық бұзушылар тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғауға және сонысымен қылмыстық іс-әрекеттерге тосқауыл қоюға құқысы бар. Қылмыстық құқық жүйесінде қажетті қорғану – бұл табиғатында қылмыстық қол сұғушылықтың болуынан туындайтын әрбір адамның жеке дербес құқығы.

Қажетті қорғану, жалпы тәртіп бойынша белгілі бір жағдайда қоғамға қауіпті қол сұғушылыққа ттойтарыс беретін субъективті құқығы болып табылады. Азаматтарға қажетті қорғану актісін жүзеге асыру міндеті жүктелмейді. Заң азаматтарды жаза арқылы қорқытып, олардың міндетті түрде өздеріне берілген қажетті қорғану құқығын жүзеге асыруды талап ете алмайды. Адам қажетті қорғанысқа бармай-ақ, біреудің көмегімен және сол сияқты әрекеттермен жасалғалы тұрған шабуылдан құтылып кете алады. Алайда, бұл жерде белгілі бір жағдайда, мысалы мемлекеттің немесе қоғамның мүдделеріне не басқа адамның өмірі мен денсаулығына шабуыл жасалғанда қажетті қорғаныс азаматтың моральдық міндетіне айналады.

Белгілі бір санаттағы адамдар үшін шабуылдан қорғану моральдық қана емес, құқықтық міндеті болып табылады. Мысалы, күзеттегі сақшы оөіне тапсырылған объектіні шабуылдан қорғауға міндетті. Мұндай жағдайдағы қорғаныстан бас тарту ҚР ҚК 446-бабындағы «қарауыл (вахта) қызметін

атқарудың жарғылық ережелерін бұзу» бойынша нақты қылмыс құрамы немесе тәртіптік қылық болып саналады.

Қажетті қорғану құқығына кейбір санаттағы азаматтар өздерінің кәсіби қызметінің шегінде ие болады. Мәселен Қазақстан республикасы президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «ішкі істер органдары туралы» заңдық күші бар жарлығында «оқ-дәрімен аталатын қару, арнайы құралдар мен күш керсету қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тоқтау, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды ұстау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында қолданылады» деп көрсетілген. Осындай құқықтарға Қазақстан республикасы президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдық күші бар жарлығының 12-бабының негізінде ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері де ие болады.

Сөйтіп, заң шығарушы қол сұғушы адамға тіпті адам өлтіруге дейін зиян келтіруге рұқсат етеді. Қылмыстылыққа бақылау жасау егер ол ықпалы күшті құралдармен күрес жүргізген жағдайда ғана тиімді болуы мүмкін. Осындай ықпалды құралдың бірі қажетті қорғану болып табылады.

Қажетті қорғану, егер ол шабуыл жасауға, сол сияқты қорғануға қатысты белгілі бір шарттарға сәйкес болса, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін болдырмайды. Егер онда қылмыс құрамының белгілері болмай және қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтын болса ғана осы жасалған актілердің шарттары заңды деп табылады. Қажетті қорғанысқа қатысты құқықты жүзеге асыру жазалануға жатпайтын ғана емес, заңды әрекет саналады. Қажетті қорғану актісінің заңдылығы тиісті заң талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

Сөйтіп, қажетті қорғану екі топқа бөлінетін шарттардың болуымен ғана заңды деп танылады, олардың бірі – қол сұғушылық, екіншісі – қорғану.

Қол сұғушылыққа жататын қажетті қорғаныстың заңдылық шарттары мынадай болуы тиіс:

- 1) қол сұғушылық қоғамға қауіпті болуы тиіс;
- 2) қол сұғушылық көзге көрініп тұруы керек;
- 3) қол сұғушылық шындығында болуы тиіс.

Қол сұғушылықтың қоғамдық қауіптілігі объективті белгілерінің бар болуымен анықталады. Құқықтық қатынаста қол сұғушылық көбінесе қылмыс жасау кезінде көрінеді. Ондай қылмыстар өлтіру үшін қастандық жасау, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, тонау, шабуыл жасау түрлерімен көрінеді. Қылмыс туралы айтқанда, қажетті қорғануды қолдану құқығы туралы сияқты, атап өту керек, ол қасақаналықпен жасалатын іс-әрекет болуы мүмкін. Оқулық әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, абайсыздық қылмысты «сенімді түрде сөзбен тоқтатуға болады»<sup>28</sup>.

Қажетті қорғану кезіндегі қол сұғушылық нысаны бойынша тек қана әрекет жасаумен көрінуі тиіс. Құқықтық міндетті орындамаудағы әрекетсіздік өзі зиян келтірмейді, солай болғанымен зиянның болуына қарсы әсер етпейді. Бұл жағдайда құқықтық құқықты орындауға мәжбүр ету өз алдына бөлек дербес мән-жайлар болып табылады, және ол шектеулі сипатқа ие болады.

<sup>28</sup> Уголовное право России. Общая часть: Учебник / Отв. ред. д.ю.н. Б. В. Здравомыслов. – М., 1996. 304-бет.

Заң әдебиеттерінде кейде лауазымды адамдардың әрекетіне қарсы қажетті қорғануды қолдану мүмкін бе деген мәселе көтеріліп қалады. Осыған байланысты жалпы ереже мынадай, лауазымды адамның өзінің құзырына жататын заңды әрекеттеріне қарсы қажетті қорғанысты қолдануға болмайды. Мысалы, қылмыскерді қамауға алу үшін ұстауда. Өкімет өкіліне қарсылық жасағаны үшін жауаптылық, егер қарсылық лауазымды адамның өзіне жүктелген міндетін атқару кезінде жасалғанда басталады. Заңның бұл ережесінің өте маңызды орны бар. Осыдан келіп, өкімет өкілінің заңды әрекеті қылмыстық-құқықтық қорғауға жатқызылады.

Сөйтіп ол, лауазымды адамға қатысты қажетті қорғану жәбірленуші тұлғаға қол сұғушылық болғанда ғана мүмкін деп санайды. Басқаша жағдайларда лауазымды адамға қатысты қажетті қорғануға жол берілмейді. Біздің ойымызша, мұндай көзқарас заңның қажетті қорғаныс туралы барлық талаптарын ескермегендіктен мүлдем дұрыс емес. Керісінше біз, қажетті қорғаныс лауазымды адамдардың кез келген заңсыз әрекеттеріне қарсы болуы мүмкін авторлардың ойларын бөлісіміз.<sup>29</sup> бұл ең алдымен қоғамға қауіпті қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы қажетті қорғанысты шабуыл жасаушы тұлғаға қатысты мәселе бойынша ешқандай түсінік бермеген заңның өзінен туындайды. Олай болатын болса, қажетті қорғанысты шын мәнінде лауазымды адамның заңсыз, құқықтық объектіге елеулі, тікелей және орны толмас зиян келтіруге бағытталған әрекетіне қарсы қолдануға болады, және оның кез келген басқа адамның қолсұғушылығына қарсы қорғанысынан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Қажетті қорғану қылмысқа қарсы ғана емес, сонымен бірге есі дұрыс емес адамдардың қоғамдық қауіпті әрекеттеріне де қарсы, сондай-ақ қылмыстық жауапқа тартуға жасы толмаған адамға да қарсы қолданылады.

Есі дұрыс емес және қылмыстық жауапқа тарту жасына толмаған адам ұғымы мен белгілері «қылмыс субъектісі» тақырыбын оқыған кезде нақтырақ қарастырылған болатын. Осындай адамдардың белгілері ҚР ҚК 15 және 18-баптарында айтылатындығын естеріңізге сала кетеміз.

Сөйтіп, әкімшілік қылыққа қарсы қажетті қорғануды қолданғанда әкімшілік қылықтың қылмыстық қол сұғушылыққа қарағанда қауіпсіздеу болатынын ескерген жөн, және сондықтан әкімшілік құқық бұзушылықтан қаоғану шараларын қолданудың ықпалдылығы қылмыстық қол сұғушылықтан қорғануға қарағанда төмендеу болуы керек. Кейбір әкімшілік қылықтың қоғамдық қауіптілігі елеусіз дәрежеде болады, сондықтан ондайлардан қорғану кезінде қол сұғушыға зиян келтірудің заңдылығын қарастыру мүлдем қажет емес.

Тағы да бір назар аударатын жағдай, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық тқралы кодексінің тиісті нормасында қажетті қорғану кезінде әкімшілік жауакершілік жүктелмейді делінген. Солай бола тұрғанымен осы кодексте қол сұғушылықтан қорғану кезінде қажетті қорғану шегінен жеңіл ғана шығып кеткені үшін жауаптылық қарастырылған. Мұндай жағдайда жауаптылықтың

---

<sup>29</sup> Рахметов С. М., Турецкий Н. Н. Необходимая оборона. – Алматы, 1996. 16-бет.



жүктелуі қылмыстың заңнамалардың негізінде қолға алынуы мүмкін. Сондықтан әкімшілік құқық бұзушылық сипаттағы қол сұғушылықтан қажетті қорғануға байланысты құқықты пайдаланғанда мейілінше сақтық талап етіледі.

Қол сұғушылықтың бар-жоқтығы мына жағдайларда болады:

1) нақ қоғамға қауіпті қол сұғушылық сәтінде;

2) шабуыл жасауға нағыз қауіптің бар кезінде;

3) қорғану тура қол сұғушылық кезінде және мән-жайларына қарай оның немен аяқталары қорғанушыға беймәлім болған қол сұғушылық аяқталған кезде.

Дайындалған немесе ойланған шабуылдан қорғану мүмкін емес. Болуы мүмкін қол сұғушылықты болдырмау үшін өмірге қауіпті қорғану тетіктерін ойластыру, бұл жерді әлі қол сұғушылықтың өзі бола қоймағандықтан заңсыз деп қарастырылады. Сондықтан, ойында шынында да қылмыстық ниет болғанымен үйдің жанынан өтіп бара жатқан адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді қажетті қорғаныс деп санай беруге болмайды. Мұндай жағдайда тіпті шабуыл жасау фактісінің өзі болмағандықтан қажетті қорғанудың шегінен асуы туралы сөз қозғалмауы тиіс. Заң әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, ойланған шабуыл жасауға қарсы қажетті алдын ала сақтану шараларын сол жасалатын шабуылдың болатыны рас болғанда ғана қолдануға болады дегенмен, қорғанушының әрекеті қажетті қорғану шегінен асып кетпеуі керек.

Адамның қорғаныс әрекеті аяқталған шабуылға бағытталған жағдайда оны қажетті қорғаныс күйінде болды деп тануға болмайды. Аяқталған шабуыл деп шабуылдың аяғына дейін жеткізілмей тоқтатылуы немесе шабуылдың толығымен жүзеге асырылуы танылады. Осы сияқты жәбірлеген адамның денсаулығына зиян келтіру қажетті қорғану болып саналмайды. Шабуыл жасаған адамға шабуылдан кейін зиян келтіруді белгілі бір жағдайларда қажетті қорғануды шегінен асыру деп қарауға болады. Дегенмен, қажетті қорғанудың беті қорғану әрекеті тура аяқталған қол сұғушылықтан артынан болғаннан кейін қайтарылды деп санауға болмайды, өйткені істің мән-жайлары бойынша қорғанушы үшін қол сұғушылықтың аяқталу сәті түсініксіз болып қалады.

Жоғарыда көрсетілгендей, қол сұғушылыққа байланысты қажетті қорғану заңдылығының келесі шарттарының бірі қол сұғушылықтың шынымен болуы деп саналады. Қол сұғушылықтың шын болуы субъектінің ойдан шығарғаны емес, оқиғаның объективтілігімен, нақты шындыққа жанасуымен анықталады. Қажетті қорғану жөнінде сөз қозғалғанда солай болған сияқты, яғни шын мәнінде болмаған қол сұғушылық пен оның туу қаупі жөнінде сөз болмауы тиіс. Сондықтан, көзге көрінбейтін қол сұғушылықтан «қорғанған» сияқты әрекетті қажетті қорғау деп қарастыруға болмайды.

Қылмыстық құқық теориясында шабуыл сияқты болып көрінген әрекеттің бетін қайыруға ұмтылған адамы іс-әрекеті алдамшы қорғаныс деп аталады. Алдамшы қорғаныста қажетті қорғануға тән мән-жайлардың бәрі бола бермейді. Егер кімде кім қателесіп басқа біреудің қимылын өзіне қарсы жасалмақшы деп жорамалдап қажетті қорғану амалдарын жасаған болса, онда

мұндай әрекет алдамшы қорғану деп бағаланып, ол жалпы негізде қылмыстық жауапқа тартылады.

Профессор Г. Ф. Поленов санағанындай, егер адам өтірік қорғану кезінде жәбірленушіге кәдімгі қол сұғушылық жағдайында зиян келтіру шегінен шығып кететін болса, онда ол қажетті қорғанудың шегінен шығып кеткені үшін жауаптылыққа тартылады<sup>30</sup>.

Қажетті қорғанудың заңды шарттарына мыналар жатады:

1) қорғауға адамның өзінің, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерге қолсұғушылықтың бетін қайтару кезінде жол беріледі;

2) қорғау тек қол сұғушы адамға ғана зиян келтірумен жүзеге асырылуы тиіс;

3) қорғау қажетті қорғанудың шегінен асып кетпеуі тиіс.

Заңға сәйкес, Қазақстан азаматтары басқа біреудің шабуыл жасауынан қашып кету сияқты өзге де әрекетжасау мүмкіндігіне қарамастан, қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушы адамға зиян келтіе отырып қорғануға белсенді шаралар қолдануға құқылы.

Қол сұғушылыққа тойтарыс беру мен жолын кесудің ыңғайлы нысаны ретіндегі қажетті қорғану шабуыл жасаушыны итермелеумен, оның соққысын қайтарумен ғана көрінбейді. Ол сонымен бірге қорғанушының қарсы шабуылымен де көрінуі мүмкін.

Сонымен бірге қажетті қорғану әрекеті белсене қорғануды талап етпейтін шабуыл жасаушы адамға шамадан артық ауыр зиян келтіруге негіз бола алмайды.

Қорғау шегі қажетті қорғану құқығын жүзеге асырушының көзқарасымен, яғни оның осы қоғамға қауіпті қол сұғушылыққа тойтарыс беруге қажет деп санаған ыңғайлы шараларымен анықталады. қажетті қорғану күйіндегі әрекет етуші адамның мұндай субъективті рйы міндетті түрде іс жүзіндегі қол сұғушылық жағдайына негізделген болуы керек. Ал заңды бағасын сот береді.

Қажетті қорғану кезіндегі мүддені қорғау деп қажетті қорғану жолымен қорғалатын құндылықтар шеңбері танылады. Оларға тұлғалардың мүддесі, тұрғын жайы, меншігі, жер учаскесі мен қорғанушының өзге де құқықтары жатады. Бұл жерде заңда көрсетілгендей, қорғанушы адамның өзінің мүддесі ғана емес, сонымен бірге басқа адамдардың да, сондай-ақ қоғам немесе мемлекет мүдделері де есте болуы керек. Қылмыстық заң шабуылға тап болған адамның ғана емес, сонымен бірге адамға немесе азаматтардың жекелеген мүліктеріне, өкімет пен меншік мүдделеріне қол сұғушылықтың куәсі болған адамның да құқығын қарастырады.

Қорғауға жататын қажетті қорғанудың келесі шарты жоғары да атап өткеніміздей, қорғау тек қол сұғушы адамға ғана зиян келтіру жолымен жүзеге асырылуы тиіс. Алайда, заң шығарушы қажетті қорғау актісін жүзеге асыру кезінде қорғау нәтижесінде шабуылдаушы тұлғаға тікелей зиян келтірілген болуын талап етеді. Біздің ойымызша зиян сонымен бірге оның мүліктік мүддесіне де зиян келтірілуі тиіс. Қажетті қорғану актісін жүзеге асыру

<sup>30</sup> Поленов Г. Ф. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 1996. 92-бет.

кезіндегі қол сұғушылықтан қорғау шабуылдаушыға әртүрлі нысанда зиян келтірумен көрінуі мүмкін, атап айтқанда, олар – өмірінен айыру; денсаулыққа ауыр, орташа және жеңіл зардап келтіру; соңқыға жығу; бостандығынан айыру; мүлкін тартып алу, бүлдіру, сондай-ақ шабуыл жасалуға себеп болған мүлікті бүлдіріп немесе құртып жіберу.

Әдетте, қажетті қорғануды жүзеге асыру шабылдаушы тұлғаның белгілі бір тікелей зиян келтіруіне байланысты қолдануға болады. Бұл жерде әрбір нақты жағдайдағы зиян келтіру дәрежесі қол сұғушылық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне сәйкес келуі керек. Сонымен бірге мұндай сәйкестік қажетті қорғанудың шегінен асуда қарастырылмайды.

Сөйтіп, қажетті қорғану кезіндегі негізгі ережезиян келтіру үшінші бір адамға қатысты бағытталмауы тиіс. Қандайда бір мүддені қорғау жолымен шабуыл жасаушы адамға емес, үшінші бір адамға зиян келтіру қажетті қорғану актісі болып табылмайды. Бұл жағдайда істің мән-жайларына байланысты аса қажеттілік туралы ереже қолданылуы мүмкін. Алайда үшінші бір адамға зиян келтіруге қатысты қорғауды қылмыстылық жоқ деп айтуға болмайды. Мұндай «қорғануға» жауаптылық жалпы негізде, кінәнің бар жоқтығына орай қарастырылады. Қажетті қорғану шарттарына, сондай-ақ қорғаудың қажетті қорғану шегінен аспауы жатады. Қылмыстық заңнамада қажетті қорғанудың шегінен асып кету деп, «нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады» (ҚР ҚК 32-бабының 3-бөлігі). Сонымен бірге айта кету керек осы нормаға қатысты Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен толықтыру енгізілген болатын. Осы толықтыруға сәйкес, «адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды».

Қорғанудың көрінеу сай келмеуі дегеніміз қол сұғушыға оның әрекетіне тойтарыс беру немесе жолын кесу үшін қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне сәйкеспейтін әрекетпен ауыр зиян келтіруді айтамыз.

Қажетті қорғаныс – бұл қол сұғушыға зиян келтіру долымен заңды мүддені қорғау. Бірақ қажетті қорғану кезінде кез келген зиян келтіруге жол бере беруге болмайды, тек қана қол сұғушылықты болдырмайтындай немесе оның жолын кесетіндей түрлерін қолдануға болады.

Қорғанушы адам қорғауға қол сұғушылықтың сипаты да дәрежесі де қажет етпейтіндей құралдар мен шараларды қолданған жағдайда, сонымен бірге жағдайдың өзі де болдырмау мен жолын кесуді қажет етпеген жағдайда қол сұғушығы ауыр зиян келтірген болса, онда қажетті қорғанудың шегінен шығып кетуі сөз жоқ көрінеді. Заң әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, қажетті қорғанудың шегінен шығуды қол сұғушылықтың қаруына, қорғаныс құралына

мен қаруына, жабдықтарына байланыстыруға болмайды. Бұл жердегі ең бастысы қорғанушының қандай қару мен құралды қолданғанында емес, қандай зиян келтіруге қолданылуында, қол сұғушылықты тойтаруға қаншалықты жарамдылығында.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу туралы мәселені анықтап алу кезінде қол сұғушыға келтірілген зиян мен қол сұғушылық қауіптілігінің сипаты арасындағы сәйкестікті ескеру қажет.

Қажетті қорғанудың шегінен шығып кетуі қоғамға қауіпті әрекет болып саналады және сондықтан онда қылмыс құрамы болады. Алайда қажетті қорғану шегінен шығу жағдайында жасалған қылмыс – басқа жағдайда жасалған қылмыстан гөрі қауіптілігі біршама төменірек әрекет. ҚР қк 53-бабында қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде, қажетті қорғанудың заңды түрдегі жағдайда жасалуын қарастырады.

Профессор Б.Ж. Жүнісов, қажетті қорғанудың шегінен шығып кетудің төмендегідей екі түрі болады деп санайды:

- қорғанудың дер кезінде жүзеге асырылмағандығы салдарынан туындайтын қажетті қорғану шегінен шығып кету, яғни қорғану әрекетінің қолсұғушылық әрекеті немесе қол сұғушылық қауіптілігі аяқталғаннан кейін жасалуы;

- жасалған шабуылға қарсы қолданылған қорғаныс құралдарының сәйкес келмеді салдарынан пайда болған қажетті қорғанудың шегінен шығушылық<sup>31</sup>.

Қорғану әрекеті, егер ол қол сұғушылық басталған сәтінен тоқтағанға дейін аралықта жасалған болса дер уақытында жасалған деп саналады. Қол сұғушылық әрекеті тоқтатылған сәтке дейін жалғасқан қорғаныс енді қылмыстық әрекет болмағандықтан кешіккен қорғаныс деп саналады.

Дер уақытында қажетті қорғануды қолданбау мен жасаған қылмысы үшін қылмыскерден кек алуды айыра білу қажет.

Жасалған шабуылдың сипатына қарай қорғану құралын қолдану сәйкестігіне байланысты туындаған қажетті қорғанудың шегінен асып кету қажетті қорғанудың шегінен асып кетуде жиі кездесетін жағдай.

ҚР ҚК 32-бабында көрсетілгендей, қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне қарай сәйкессіздікті анық айқындауға қажетті қорғану актісінің жүзеге асырылуындағы барлық нақты жағдайды мұқият зерделелеу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл жерде шабуылдың қауіптілік дәрежесін, оның жүзеге асу мүмкіндігін, қарқыны мен ұмтылысын, шабуылдаушы қалаған құралдардың және басқаларды ескеру керек. Шабуылдың қауіптілік дәрежесін анықтау кезінде қол сұғу объектісінің өзі де елеулі орын алады.

Шабуылдың қарқындылық дәрежесін анықтау үшін шабуыл жасаудың әдісі мен құралының да елеулі мәні бар. Мысалы, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен ұштасқан тонаушылық шабуыл жасау тұлғаға күш көрсетпей-ақ мүлкін ашықтан ашық ұрлауға қарағанда әлдеқайда қарқынды болып келеді. Дегенмен, белгілі бір жағдайдағы және қарусыз

---

<sup>31</sup> Жунусов Б. Ж. Көрсетілген еңбек. 83-бет

жасалған шабуыл (мысалы, шабулышының жәбірленушіні қылқындыруы) өзінің қарқындылығы жағынан қарулы шабуылға барабар болуы мүмкін.

ҚР ҚК 32-бабына сәйкес, мұндай нақты жағдайда қорғануды қауіпсіздігі аздау құралмен жүзеге асырудың анық мүмкіндігін пайдаланбау қажетті қорғанудың шегінен шығудың болғанын білдіреді. Бұл жерде ҚР ҚК 32-бабының 3-бөлігінде көзделгендей қол сұғушыға анық шектен тыс жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетінін ескеру қажет.

Алайда, ҚР ҚК 32-бабына 2002 жылғы 21-желтоқсандағы жоғарыдағы аталған қаулысы бойынша толықтыруымен адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайтыны айтылған. Біздің ойымызша, заң шығарушы өміріне қауіп төнген жағдайдағы қорғанушы адам әрекеттерінің шектелуін алып тастап әділетті қадам жасаған. Мұндай шара сөз жоқ, қылмыстылыққа қарсы күресті жақсарта түсуге себін тигізеді.

Сонымен бірге, профессор И.Ш.Борчашвили ҚР ҚК 32-бабының 3-бөлігін және жалпы қажетті қорғанудың шегінен шығып кетуге байланысты жауаптылық қарастыратын нормалардың бәрін заңнан алып тастау керек деп санайды. Өйткені, шабуылды бастаушы өзінің әрекеті үшін тиісті жауабын алғалы тұрған қорғанаушы адам емес, қол сұғушы адам ғой. Қажетті қорғанудың шегінен шығып кетуге қатысты құқықтық тыйым салушылықты алып тастау қылмыстылыққа қарсы күрес шараларының тиімділігін арттыра түседі деп көрсеткен.

#### ***4.2 Қылмыс жасаған адамды ұстау және оның заңды шарттары. Аса қажеттілік және оның заңды шарттары. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру***

Іс-әрекетте қылмыстылықты болдырмайтын екінші мән-жайлар ҚР ҚК 33-бабында қарастырылған қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру болып табылады. Бұл жөнінде осы баптың 1-бөлігінде былай делінген: «қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Қылмыс жасаған адамды ұстау, әрбір азаматтың моральдық парызы және мемлекеттік биліктің арнайы органдарының кәсіби міндеті болып табылады. Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде ұсталған адамның қарсылық көрсетуіне байланысты ұстаушы адамның күш көрсету шараларын қолдануына тура келеді. Сондай шаралардың арасында күшпен зиян келтіру (мысалы, ұрып жіберу, денсаулығына зиян келтіру және т.б.), мүліктік зиян

келтіру (қылмыскер тығылған бөлменің есігін сындыру, ол мініп қашып кеткелі тұрған көлікті бүлдіру), ал жекелеген жағдайда өмірінен айыру да болуы мүмкін.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде күш көрсету шаралары былай қарағанда қылмысқа ұқсағанымен ұстаудың өзі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар болып саналатындықтан мұндай шараларда қылмыстың құрамы болмайды. Бұл институт Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне жаңадан енгізіліп отыр. Дегенмен, бұрын қару қолданумен қылмыс жасаған адамды ұстау туралы ішкі істер органдарының әрекеттерін реттеу түрлі нормативтік актілерде қарастырылды. Бұл жердегі осы нормативтік құжаттарда ұсталушыға зиян келтіру құқығы туралы айтылмады, ал оның мазмұны мен шегі тек қана қылмыстық заңмен реттелетін болды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға қатысты қылмыстық заңнамалардағы кемшіліктердің орындарын басқарушы сот тәжірибесі толықтырып отырды. Дегенмен, бұл институт қылмыстылықты болдырмайтын басқа мән-жайларға қатысты болды. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар (ҚР ҚК 33-бабының 3-бөлігі). Ұстау тіпті зиян келтіргеннің өзінде де қоғамға пайдалы әрекет деп қарастырылды, өйткені мұндай әрекетте қылмыстық жауаптылықтан жалтару болмайды, ол қылмыстың ашылуына жағдай туғызады, жаңа қол сұғушылықтың жолын кеседі. Қылмыскерге зиян келтіру, егер оны ұстау үшін қажет болған жағдайда әрекеттің ниеті мен мақсаты бойынша, оның қылмыстық әрекетін тоқтату, қылмыскерді жазалаумен, заңдылықтың бекітілу нәтижесімен ақталады. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау сияқты қылмыстық құқық институтын қарастыру кезінде, қылмыс жасаған адамның заңнан тыс қалып қоймайтынын және соттың үімімен айырылғана құқығынан басқа құқытары сақталатынын ескеру керек. Осыған байланысты оған зиян келтірудің құқықтық сәйкестігі мен оны ұстау кезінде зиян келтірудің шегі қандай болуы керек деген сауал туындайды.

Мұндай сауалға жауап табу үшін қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезіндегі шарттарды ашу қажеттілігі заңды болып саналар еді.

Заң әдебиеттерінде қол сұғушылық жасаған адамды ұстаудың заңды шарттары екі топқа бөлінеді:

- 1) ұсталушы адамға қатысты заңды шарттар;
- 2) ұстауға қатысты заңды шарттар;

Бірінші топтағы ұсталушы адамға қатысты заңды шарттарға мыналар жатады:

А) адам қылмыс жасаған болуы керек;

Б) қылмыс жасаған адамның өзін өкімет органдарына ұстап жеткізібекші болған адамға қарсылық білдіруі.

Енді ұсталушы адамға қатысты заңды шарттарға нақтырақ тоқталайық.

Адамның қылмыс жасаған болуы қылмыстық-құқықтық ұстау тек қылмыстық-құқықтық әрекет жасаған адамға ғана қатысты жүргізілетіндігін білдіреді. Егер адам қылмыс жасамаған болса, онда оны күштеп әкелуге

болмайды. Қарастырылып отырған мәселе бойынша заң әдебиеттерінде кездесіп жататын «ұстау бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасаған адамдарға ғана қатысты қолданылады» деген ережеге келіспеушілік білдіруге болады. Бұл жағдайда қылмыс жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстау мен қылмыстық-іс жүргізулік ұстау екеуін бір бірімен шатастыру айқын көрініп тұр. ҚР ҚК 33-бабының мазмұнына қарай, қылмыстық-құқықтық ұстау қылмыстылықты және әрекеттің жазалауға жататындығын болдырмайтын мән-жайлар болып табылады, және ол бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін қылмыс жасағандарға ғана емес, кез келген басқа қылмыстар жасағаны үшін де қолданылады. Сөйтіп, көрсетілген ережелерге байланысты белгілі болатыны, қылмыстық-құқықтық ұстау мен қылмыстық-іс жүргізулік ұстау өздерінің өз алдына мақсаты, міндеттері мен қызметі бар әртүрлі құқықтық құбылыстар болып табылады. Сондықтан бұл екі ұғымды шатастырып және бір мазмұнға қоғамдастыруға болмайды.

Ерекше атап өтетін жай, қылмыстық-құқықтық ұстауды әкімішілік қылық жасаған адамдарға қатысты қолдануға болмайды. Сонымен бірге, айта кету керек, із жүзіндегі қызметте әкімішілік немесе өзге де қылық жасаған адамдарды күштеп ұстап әкелу жағдайлары жиі кездесіп тұрады. Бұл жерде мынаны ескеру қажет, егер адам ешқандай құқық бұзушылық жасамаған болса, онда өкімет органына алып келу үшін күш көрсету оның қажетті қорғану құқығын жүзеге асыруына негіз болады. Егер адам ұсталатын адамға қатысты қателесіп, оны өкімет орнына жеткізу мақсатында күш көрсеткен болса, онда қылмыстық-құқықтық ұстау жөнінде сөз қозғауға болады. Бұл орайда алдап ұстау қоғамға қауіпті болып саналады және ол үшін қылмыстық жауаптылық кінәсі тағылады деген автордардың айтқандарына қосыламыз<sup>32</sup>.

Атап өту керек, қылмыстық құқықтық ұстауды жасы қылмыстық жауаптылыққа тартуға толмаған және есі дұрыс емес адамдарға қолдануға болмайды. Бұл белгілердің қылмыс субъектілерінің белгілеріне жататыны белгілі, сонымен бірге, қылмыс субъектісінің белгілері бар немесе жоқ екендігіне қарамастан қылмыстық заңда қарастырылған қоғамдық қауіпті әрекет жасаған кез келген адам ұстауға жатады деген пікірге қосыламыз. Адамға зиян келтірудің заңды екендігін бағалау қылмыстық-құқықтық ұстау тәртібі бойынша ұсталған адамда қажетті деген қылмыс субъектілерінің барлық белгілері болған немесе ұстайтын адамына қатысты қателескен жағдайда ғана болуы мүмкін. Ұстаушы адамға ұсталушы адамның қылмысы субъектілерінің белгілері жоқ екені белгілі болған жағдайда, зиян қажетті қорғану тәртібі бойынша келтірілді деп бағалануы керек<sup>33</sup>.

Ұсталушы адамға қатысты екінші заңды шарттарға кінәлінің қылмыскерді билік органдарына жеткізуіне жасырынуы жатады. Бұл, яғни, өмір тәжірибесінде қылмыскердің қылмыс жасағаннан кейін көзге түспес үшін оқиға орнынан жылыстап кетуімен көрінеді. Егер де жәбірленушіге немесе басқа адамға кінәлінің кім екені белгілі бола қалған жағдайда ол (кінәлі) қалай болса

<sup>32</sup> Уголовное право России. Общая часть: Учебник / Отв. ред. д.ю.н Б. В. Здравомыслов. – М., 1996. 319-бет.

<sup>33</sup> Шиктыбаев Т. Т. Көрсетілген еңбек. 12-бет.

да ұстаудан қашып кетуге тырысады. Мұндай жағдайда қылмыс жасаған адамның қылмыстық-құқықтық ұстаудан қашуынан заңмен қылмыс ретінде анықталатын қылмыстық-іс жүргізулік ұстау қолданылатын адамның қашуын айыра білу қажет (ҚР ҚК 426-бабы, бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу),

Ұстауға жататын заңды шарттардың екінші тобына мыналар жатады:

А) қылмыс жасаған адамды ұстау белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылады;

Б) қылмыс жасаған ұстау кезінде зиян келтіру оның ізге тусуден жалтарып кетуін болдырмаудың жалғыз ғана амалы болды;

В) ұстау кезінде келтірілген зиян мен жасалған қылмыспен келтірілген зиянның бірдей болуы.

Енді ұстау кезіндегі осы шарттардың мазмұнына тоқталып өтейік.

Біріншіден, қылмыс жасаған адамды ұстау белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда адам өзінің жасайтын қылығын белгілігенде соның нәтижесіне жетуге ұмтылады. Мысалы, қылмыскер өзінің іс-әрекетін жүзеге асыра отырып, бөтеннің мүлкін иелену, денсаулығына зиян келтіру және т.б. Арқылы заңсыз баюға ұмтылады. Қылмыс жасаған адамды ұстау жағдайында оның орындалу заңды түрде болуын да ескеру керек. Мұндай жағдайдағы ұстаудың мақсатын анықтау заңдылық талабы болып табылады.

ҚР ҚК 33-бабының талаптарына орай, қылмыс жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстаудың екі мақсатының жиынтығын бөліп алып қараймыз:

1) қылмыс жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу;

2) оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін болдырмау.

Осы аталған мақсаттардың жиынтығы болғанда ғана қол сұғушылық жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстау заңды дәрежеге жете алады. Атап өту қажет, бұл жерде заң шығарушы қылмыс жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу қажеттігі туралы талапты ерекшелеп көрсетеді. Бұл жерде, ұсталған адамды кез келген мемлекеттік органға, атап айтқанда қызметкерлері өкімет өкілеттігі қызметін атқаратын органдарға жеткізуді ескерген жөн. Өкімет өкілі белгілерін ҚР ҚК 378-бабының (билік өкілін қорлау) ескертуіндегі 1-тармағы бойынша анықтауға болады. Соған сәйкес, өкімет өкілдері деп «оған қызмет жағынан тәуелсіз адамдарға қатысты заңмен белгіленген тәртіпте өкіметтің өкілеттігі берілген мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы танылады».

Сөйтіп, қылмыс жасаған адамды қызметтік міндеттеріне қылмыстылықпен күрес шаралары қарастырылған мемлекеттік органдарға жеткізілуі тиіс. Мұндай органдарға ең алдымен мыналар жатады: ішкі істер органдары; ұлттық қауіпсіздік комитеті; қаржы полициясы агенттігі; кеден комитеті және басқалары. Егер қылмыс жасаған адамды тиісті орынға жеткізудің объективті мүмкіндігі жоқ болса, онда ұсталғандарды мемлекеттік биліктің басқа органдары – облыс немесе аудан әкімдіктеріне, төтенше жағдай комитеттеріне немесе сол сияқты басқа органдарға апаруға болады. Атап өту керек, қылмыс жасаған адамдарды басқа мақсаттармен ұстау, мысалы өш алу үшін, келтірілген шығынының орнын толтырту үшін жүзеге асырылатын болса, онда мұндай ұстау заңды деп саналмайды.



Осы жоғарыда айтылғандарға байланысты мыналарды атап өтуге болады, қылмыс жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстаудың ең бірінші мақсаты оны мемлекеттік билік органдарына әкеп тапсырау болып табылады. Бұдан бұрын атап өткеніміздей, қылмыс жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстаудың екінші мақсаты оның жаңадан қылмыс жасауының жолын кесу болып табылады. Заң шығарушының қылмыстық-құқықтық ұстаудың осы мақсаттарын анықтауының негізді екендігін кейбір авторлардың жүргізген зерттеулері дәлелдеп беретін сияқты. Мысалға алатын болсақ, күш көрсету арқылы ұсталғандардың 60% бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылғаннан кейін де қылмыс жасағандар. Келтірілген мәліметтер осы қылықтық бағыттағы қылмыскерлердің саны азаймай тұрақты тұрғанын көрсетеді. Егер осы адамдар ұсталмай қалатын болса, онда олар одан әрі қылмыс жасауды жалғастыра берер еді. Қылмыс жасап ұсталғандардың 51% әрекеттерін мас күйінде жасағанын көрсеткен<sup>34</sup>. Сөйтіп, қылмыс жасаған адамдарды ұстау, олардың жаңадан қылмыс жасауына тосқауыл қоятын болады.

Айтылғандарды қорытындылай келе, жоғарыдағы мақсаттардың жиынтығы ғана қол сұғушылық жасаған адамдарды қылмыстық-құқықтық ұстаудың құқықтық мазмұнын береді деп түйіндеуге болады.

Екіншіден ұстауға жататын келесі заңды шарттары қылмыс жасаған ұстау кезінде зиян келтіру оның ізге тусуден жалтарып кетуін болдырмаудың жалғыз ғана амалы болып табылады.

Басқаша айтқанда, бұл жағдайда кінәліні ұстау кезінде оған амалсыздан зиян келтіру туралы сөз болып отыр. Кейбір авторлардың көрсеткеніндей, амалсыздықтан зиян келтіру мына төмендегілерді сипаттайтын үш фактордан тұрады екен:

- А) қылмыскерді және оның ұстау кезіндегі қылығын;
- Б) оны ұстаушы адамды;
- В) ұстау жағдайын.

Осы факторлар біріккенде ғана зиянның келтірудің амалсыздығын (қажеттілігін) көрсетеді.

Әрине, қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде оның сыртықы бітімі мен бірге күш-қайраты, сондай-ақ ұстау кезіндегі мінез көрсетуі де ескеріледі. Егер ұсталатын адам денелі, бойшаң, мінезі дөрекі болатын болса сөз жоқ ұстау кезінде қаттырақ зиянға тап болады, өткені ол бәр бәлені өз басына мінезімен және күш көрсетуімен тілеп алады. Ал керісінше, бойы аласа, мінезі жуас адам ешқандай қарсылыққа келмейді де, соған орай оған ешқандай зиян да тимейді, тисе де оншы емес.

Қылмыс жасаған адамды ұстау кезіндегі бірдей шамадағы жағдайда көбінесе ұстаушы адамның сыртқы және ішкі қасиеттері ең алдымен әсер етеді. Мысалы, спортпен айналысып шыныққан, осындай адамдырды ұстауда арнайы айласы мен тәжірибесі бар адам өарсыласына онша ауыр зиян келтіре бермейді. Ал ұсталушы адам керісінше ұстаушыдан күшті болып шықса, жағдай басқаша болады. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде ұстау

---

<sup>34</sup> Шиктыбаев Т. Т. Көрсетілген еңбек. 12-бет.

әрекетінің қандай жағдайда өткені елеулі әсер етеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты ұстаушы адам келтірілуі мүмкін зиянның дәрежесін ескере отырып ұстау әрекетінің тиімді деген әдіс-тәсілдерін таңдап алуы мүмкін. Ұстау жағдайына мына келесі факторлар елеулі әсер етуі мүмкін:

А) уақыты (түнгі, күндізгі мезгіл);

Б) орны (көше, үйдің іші, көлік, ашық алқап, орманды алқап және т.б.);

В) ұсталушылар мен ұстаушылардың саны;

Г) бөтен адамдардың болуы немесе болмауы, сондай-ақ басқа да жағдайлар.

Дегенмен, бұл факторлардың барлығының басты шарты зиян келтірмей ұстау әрекетін жүзеге асыруға болмайтындығын куәландыру болып табылады. Сондықтан ұстауды зиян келтірмейтін басқа әдістерін қолданудың заңды болуын ескеру қажет. Мысалы, ұсталатын адам қашып кеткен кезде оған оқ атпай-ақ. Ит қосып ұстау. Сөйтіп, жоғарыда аталған үш факторға байланысты қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру мұндай адамды ұстаудың өзге құралдары нәтиже бермейтін болғандықтан туындайды деп айтуға болады.

Үшіншіден, ұстауға қатысты заңды шарттардың екінші тобына ұстау кезінде келтірілген зиян мен жасалған қылмыспен келтірілген зиянның бірдей болуы жатады.

Күмән жоқ, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде қылмыскерге келтірілетін зиянның белгілі бір шегі болуы керек. Бұл шектеулер қылмыскердің жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне және ұстаудың жағдайына байланысты болуы керек. Ұстау кезінде келтірілетін зиянның шегін анықтау ұстаудың нақты бір жағдайына байланысты болады.

Жасалаған барлық қылмыстық әрекеттер қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне байланысты санаттарға бөлінетіні белгілі. ҚР ҚК 11-бабына сәйкес, қылмыстың төрт түрлі санаты қалыптастырылған, олар:

1) онша ауыр емес қылмыстар;

2) ауырлығы орташа қылмыстар;

3) ауыр қылмыстар;

4) ерекше ауыр қылмыстар.

Қоғамдық қауіптілік сипат қылмыстың сапалық сипаттамасын көрсетеді. Ол әлеуметтік маңыздылығымен, қол сұғушылық объектісінің құндылығымен, келтірілген зиянның мөлшерімен, сондай-ақ кінәнің нысанымен анықталады. Дәл осы қоғамдық қауіптілік сипатына қарай ҚР ҚК ерекше бөлімінің бір тарауының ішінде адам өміріне қарсы қылмыстарды денсаулыққа қарсы қылмыстардан бірнеше топқа бөліп қарастырады.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі іс-әрекеттің белгілі бір сипатының сандық жағын көрсетеді. Әрбір іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесі, біріншіден, осы әрекеттің құрастырылатын құрамының белгілерін сипаттайтын мән-жайлардан; екіншіден; осы құрамдардың жіктеуші заң шығарушы таныған мән-жайлардан, үшіншіден, қылмыстық ниеттің жүзеге асырылу дәрежесінен, төртіншіден; қатысушыларының бар болуымен, бесіншіден; осы адамның жасаған іс-әрекетінің көптігімен құралады.

Мысалы, кісі өлтіру түрлері бір-бірінен қоғамдық қауіптілігінің дәрежесіне қарай бөлінсе, ал қоғамдық қауіптілік сипатына қарай бірдей болып саналады. Ұстаудың мән-жайларына қылмыс жасаған адамды ұстауды жүзеге асыруға қандайда бір ықпал етуші шарттар мен факторлар жатады. Дегенмен, қандай жағдайда болмасын қылмыс жасаған адамға келтірілген зиян олардың жасаған әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне және ұстау жағдайларына сәйкес болуы міндетті емес. Басқаша айтқанда, қылмыскерді ұстау үшін шектен асқан шара болмауы тиіс.

ҚР ҚК 33-бабының 2-бөлігінде қарастырылған қол сұғушылық жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараның шегінен шығу ұғымында заң шығарушы оның объективті және субъективті шараларын көрсетеді. Соның ішінде объективтік белгілерге мыналарды жатқызуға болады:

А) ұстау шаралары ұсталатын адам жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне көрінеу сай келмеуі;

Б) ұстау шараларының ұстау жағдайына көрінеу сай келмеуі;

В) жағдай қажет етпесе де көрінеу шамадан тыс зиян келтіру.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды шегінен асырудың субъективті белгілері ұстаудың мұндай жағдайында ұсталушы адамға зиян келтірудің қажеттігі жоқ деп сезінген адамның өзінің әрекетінің сөзсіз зардап әкелетіні немесе ежеліу мүмкін деген ойымен көрінеді. Ұстау кезіндегі асыра сілтеудің ниеті әртүрлі болуы мүмкін, ол бірақ саралауға әсер етпейді. Атап өту керек, ҚР ҚК 53-бабы 1-бөлігінің «з» тармақшасына сәйкес, қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажет болған шарлардың шегінен шығып кету кезінде жасалған қылмыс жаза тағайындау кезінде қылмыстық жауаптылық пен жаза тағайындаудың жеңілдетуші мән-жайлары ретінде ескеріледі. Сөйтіп жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қылмыс жасаған адамды ұстау ҚР ҚК 33-бабында көрсетілген белгілерге сай келгенде ғана іс-әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жай болып танылады.

Іс-әрекеттегі қылмыстылықты және соған байланысты жазаны болдырматын келісі мән-жай аса қажеттілік болып табылады. ҚР ҚК 34-бабына сәйкес, қылмыстық заңмен қорғалатын қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды. Теориялық тұрғыдан алғанда, аса қажеттілік деп заңмен қорғалатын басқа қоғамдық қатынастарға, егер ол үшін шектен шығып кету болмаған жағдайда аз зиян келтіру жолымен тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің заңды мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою деп түсінуге болады. Құқықтық қатынаста аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеті қылмысты деп саналмайды.

Аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттің әлеуметтік мәніне қатысты заң әдебиеттерінде мұндай әрекет қылмысты деп танылмайды деп атап

көрсетіледі, шынында да ол қылмыстың басты белгісі – қоғамдық қауіптілігі жоқ болғандықтан ол сыртынан қарағанда солай болып көрінеді<sup>35</sup>.

Бірақ басқа жақ көзқарастар бар. Аса қажеттілік кезінде заңмен қорғалатын екі қатынас арасында шиеленісу болады. Солардың арасынан жақсылығы азына зиян келтіру есебінен жақсылығы көбірек қатынасқа артықшылық беріледі. Басқаша айтқанда, аса қажеттілік кезінде «екі жамандықтың аздауы таңдап алынады». Сөйтіп, аса қажеттілік кезіндегі әрекеттің жақсылығы әлеуметтік жағынан алып қарағанда шамалы болып табылады<sup>36</sup>. Біздің ойымызша, аса қажеттілік кезіндегі әрекеттің қоғамдық қауіптілігі жоқ деген авторлардың көзқарастарының артықшылығы бар сияқты. Әлеуметтік жағынан орынды деп табылатын әрекеттер барлық жағдайда бірдей аса қажеттілік белгілеріне ие бола бермейді. Мысалы, үлкен жақсылыққа жол беру үшін кіші жақсылыққа зиян келтіру қанша дегенмен әлеуметтік орынды бола бермей, әлеуметтік қауіпті де болуі мүмкін. Аса қажеттілікпен жасалған әрекет қоғамдық қауіптіліктен айырылған болуы керек, сонда ғана ол қылмысты деп саналмайды. Мысалы, ғимараттарда өрт болған кезде кейде оны сөндіру және оның жайылып кетпес үшін онымен жапсарлас құрылысты да бұзуға тура келеді.

Аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттің заңды болуына байланысты қылмыстық заң бірнеше шарттарды қарастырады, солардың бірі оның төндіретін қауіпін сипаттаса, басқасы оны жоюдың жолдарын қарастырады. Қауіп төндіретін жағдайға жататын аса қажеттіліктің заңды шарттарына төменде айтылатын белгілерді жатқызуға болады.

Біріншіден, аса қажеттілік кезінде кез келген заңмен қорғалатын мүдделерге қауіп төндірілуі мүмкін. Бұлар нақты тұлғаның, сол сияқты қоғамның немесе мемлекеттің де мүддесі болуы мүмкін.

Екіншіден, қауіптілік көздері ең түрлі деген оқиғалар мен құбылыстар болуы мүмкін. Олардың қатарында мыналарды атауға болады:

- 1) табиғат және қоғамдық зілзалалар: жер сілкіну, су тасқыны, жарылыс, дауыл, құйын, қуаңшылық және басқалар;
- 2) үй жануарлары мен жабайы аңдардың шапқыншылық әрекеттері;
- 3) механизмдердің ақаулығы;
- 4) адамдардың қоғамға қауіпті әрекеттері.

Қауіп тудыратын көздер ретіндегі адамдардың қоғамға қауіпті қылықтары жайлы айтқанда ол құқықтық жағынан қылмыстық жазаланатын әрекеттер ғана болуы керек. Егер қауіптілік әкімшілік құқық бұзушылықпен тудырылған болса. Онда ол бәрібір ҚР ҚК 34-бабында көзделген белгілер бойынша бағаланады. Өйткені, келтірілген зиян қашанда болдырылмаған зияннан асып түсетіні белгілі. Аса қажеттілік жағдайын тудырудың қауіпті көзі ретіндегі қылмыс кінәнің қасақаналық, сол сияқты абайсыздық нысанында жасалуы мүмкін.

<sup>35</sup> Жунусов Б. Ж. Көрсетілген еңбек. 85-бет.

<sup>36</sup> Комментарий к УК РК. – Қарағанды, 1999. 102-бет; Уголовное право России. – М., 1996. 324-бет.

Үшіншіден, аса қажеттілік кезіндегі қауіп, өтірік немесе адамның ойдан шығарғанындай емес, ақиқатты, шын болуы керек. Адамның қауіптілік жөніндегі қателескен жорамалы мен оның шындығы аса қажеттілік тудыра алмайды, бірақ жасалған әректің субъективтік жағына кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, егер шын мәнінде істің мән-жайларына байланысты қауіптілік төнуі жөнінде өзінің қателесуі мүмкін екенін сезе тұра субъект, қауіптілік қайтсе де болады деп бекіткен болса, онда ол өзінің абайсыздық әректі үшін жауап береді. Ал егер ол істің мән-жайларына байланысты өзінің жорамалының қате екенін білмей, қауіптілік дар деп санауға негіз бар деп тоқталса, онда ол қылмыстық жауапқа тартылмайды.

Төртіншіден, қауіптілік рас болуы керек, яғни белгілі бір адамның өміріне, денсаулығына, заңды құқықтары мен мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне қауіп төндіретіндей болуы керек. Олай болмаса, өткен сияқты алдағы болатын қауіптілік те аса қажеттілік жағдайын тудырмайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қауіп төндіруге қатысты аса қажеттіліктің заңды шарттарынан басқа, оны қорғауға жататын заңды шарттар да болады. Аса қажеттілік жағдайындағы оларға мыналар жатады:

1) қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделер. Бұл мүдделер қылмыстық-құқықтық нормалардың тура өзінде көрсетілген. Бұл – адамның өміріне, денсаулығына, заңды құқықтары мен мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесі;

2) зиян қауіптілік көзіне емес, үшінші бір адамға келтіріледі. Мысалы, науқасты емханаға жеткізу үшін бөтеннің автокөлігін пайдалану. Бұл жағдайда зиян автокөліктің иесіне келтіріледі;

3) қоғамдық қатынасқа төнген қауіпті заңмен қорғалатын басқа мүддеге зиян келтірмейінше тойтару мүмкіндігі болмай қалды. Егер қауіптілікті мұндай зиян келтірусіз бетін қайтару мүмкін болса, аса қажеттілікке жол берілмейді.

4) келтірілген зиянның көлемі тойтарыс берілген жорамалды зиянның көлемінен кем болуы. Тойтарыс берілген зиян мен келтірілген зиянның бір-біріне сәйкес келуі туралы мәселені егер ол бір қоғамдық қатынасқа қатысты болған жағдайда шешу онша қиындық тудырмайды. Ал тойтарыс берілген зиян, мысалы күш көрсетумен, ал келтірілген зиян мүліктік немесе басқаша болған жағдайда мәселені шешу күрелірек болады. Келтірілген және тойтарыс берілген зияндардың сәйкестігі туралы тұжырым үшін ең бірінші негіз қауіп төндірілген мүдделердің құндылығы мен маңыздылығы болып табылады.

5) зиян келтіру қажеттілігінің шегінен шығып кетуіне жол берілмейді.

ҚР ҚК 34-бабының 2-бөлігіне сәйкес, құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Аса қажеттіліктің шегінен шығып кету анықтамасынан мынадай объективті белгілер туындайды:

а) зиянның қатерін жою мән-жайлары анық, яғни көрінеу төнген қауіпке сәйкес келмейді. Мысалы, зиян келтіру қауіптің қатерін жоюды бір ғана жолы емес;

ә) келтірілген зиян қатері жойылған зиянмен бірдей болуы мүмкін;

б) келтірілген зиян қатері жойылған зияннан артық болуы мүмкін.

аса қажеттіліктің шектен шығуының субъективті белгісі тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғатынымен көрінеді (ҚР ҚК 34-бабының 2-бөлігі).

Бұл жерде, ҚР ҚК 53-бабының негізінде аса қажеттіліктің шектен шығып кетушілігі қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдетуші мән-жайлар болып табылады. Кінәнің бар-жоқтығы туралы авторлардың, көптеген жағдайда, әсіресе тиісті оқиға тез өрбіген және күрделі жағдайда, мысалы автокөлік оқиғасында, адамның оқиғаның қас-қағым сәтте және тәртіп бұзушылықты елемеушіліктің салдарынан туындаған аса қажеттілік кезінде дұрыс шешім қабылдай алмайтын жағдайға душар болады деп айтқан пікірлеріне қосыламыз. Мұндай жағдайда, жауаптылыққа жетелейтін аса қажеттіліктің шегінен шығып кетуі жайында айтуға болады.

Аса қажеттілік пен қажетті қорғану сырт қарағанда бір-біріне ұқсас. Олардың ұқсастығы мынада:

- 1) олардың әлеуметтік маңыздылығында;
- 2) мақсаттарының бірдейлігінде;
- 3) жалпы негіздерінде.

Сөйтіп, аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттің заңды шарттары елеулі түрде қажетті қорғану жағдайында жасалаған әрекеттің заңды шарттарынан айырмашылықта болады. Аса қажеттілік кезінде заң адамға қажетты қорғанудағыдан гөрі жоғары талап артады. Бұл мұндай жағдайда зиянның қол сұғушыға емес, қауіптіліктің пайда болуына тіптен қатысы жоқ ұйымның, мекеменің және тұлғаның мүдделеріне зиян келтіруімен түсіндіріледі.

Сонымен бірге, жоғарыдағы ҚР ҚК 35-бабында атап өтілгеніндей, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыратын субъектілердің екінші тобын жоғарыда аталған органдармен қызметтес өзге адамдар құрайды. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыратын мұндай субъектілердің санатына кіретін өзге адамдар, біздің ойымызша, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыратын орган қызметкерлерінің тапсырмасымен және солармен бірге әрекет жасауы керек.

Сөйтіп, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың заңды шарттарының біріншісі, ҚР ҚК 35-бабына сәйкес, осындай шараларды жүзеге асыру құқығы бар адамдардың шеңберін анықтау болып табылады.

ҚР ҚК 35-бабында көрсетілгеніндей, жедел-ізвестіру шаралары қылмыстың жолын кесу, әшкерелеу, ашу немесе тергеу мақсатында ғана жүргізілуі тиіс. Сондықтан, егер, адам басқа мақсатта әрекет жасайтын болса, онда оның мұндай қылықтары іс-әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар деп танылмайды. Осыларға байланысты жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың үшінші заңды шарты, ҚР ҚК 35-бабына сәйкес, осындай шараларды өткізудің мақсаты – қылмысты болдырмау, әшкерелеу, ашу немесе тергеу болып табылады.

Атап өту керек, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру мұндай шаралар қатысудың әртүрлі нысандарымен жасалаған қылмыстарға қатысты жүргізілгенде ғана іс-әрекеттегі қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар деп

танылатын болады. ҚР ҚК 31-бабында қылмысқа қатысудың төмендегідей нысандары анықталғаны белгілі:

- адамдар тобы;
- күні бұрын сөз байласқан адамдар тобы;
- ұйымдасқан топ;
- қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым).

Сөйтіп, қылмыстық заңнамалар жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруға теке топ болып жасған қылмыста ғана жол береді. ҚР ҚК 35-бабының мазмұнына қарай жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруды жеке адамның жасаған қылмысында іс-әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар ретінде қолдану мүмкін емес.

ҚР ҚК 35-бабында көрсетілгеніндей, зиян жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру кезінде заңмен қорғалатын мүдделерге келтіріледі. Бұл ереже қолданыстағы заңнамалармен қорғалмайтын мүдделер қылмыстық заңнаманың шеңберіне енбейтіндігін білдіреді. Сөйтіп, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру кезінде зиян тек құқықтық қорғалатын мүдделерге ғана зиян келтіреді екен. Бұл белгілер жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру заңдылығының төртінші шарты болып табылады.

ҚР ҚК 35-бабында жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырған адамдарды келтірген зияндары топтасып жасаған қылмыспен келтіріген зияннан кем болғанда ғана ол іс-әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар болып табылады. Сөйтіп, бұл ережені жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру заңдылығының бесінші шарты деп тануға болады. Осыған орай, егер жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырушы адам құқықтық қорғалатын мүдделерге топтасқан қылмыстылық келтірген зиянға қарағанда көбірек немесе соған тең зиян келтіретін болса, онда бұл адамның іс-әрекетінде қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар бар деп тануға болмайды.

Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруда қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар бар деп тану үшін қылмысты болдырмау, әшкерелеу, ашу немесе тергеу өзге әдістермен жүзеге асырылмауы тиіс. Сөйтіп заң шығарушы жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру алға қойылған мақсатқа жетудің жалғыз ғана әдісі деп таниды. Егер алға қойылған мақсатқа жетудің басқа жолы бар болып, адам оны пайдаланбаған болса, онда бұл адамның іс-әрекетінде қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайлар бар деп тану мүмкін емес. Мұндай ереже жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың тағы да бір заңды шарты болып саналады.

ҚР ҚК 35-бабында көрсетілгендей, адамның әрекеті адамның өміріне немесе денсаулығына, қатер, экологиялық апат, қоғамдық қасірет немесе өзге де ауыр зардаптар қатерін төндіретін әрекеттермен жанасқан жағдайда қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар ретінде қарастырылмайды. Мұндай талапты жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың заңды шарттары деп те тануға болады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың заңды шарттарын екі топқа бөлуге болады:

- 1) жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруға жататын заңды шарттар;

2) жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру кезінде келтірілген зиянға қатысты заңды шарттар.

Заңды шарттардың бірінші тобына мыналар жатады:

- жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыруға құқығы бар шектеулі адамдар;

- жедел-іздістіру шараларын жүзеге асырудың мақсаты – қылмысты болдырмау, әшкерелеу, ашу немесе тергеу;

- жедел-іздістіру шаралары тек қана топтасқан қылмыстылыққа ғана қарсы жүргізіледі.

Заңды шарттардың екінші тобына мыналар жатады:

- жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру кезінде зиян тек қана құқықтық қорғалатын мүдделерге келтіріледі;

- зиян келтіру мақсатқа жетудің бірден-бір жолы болып табылады;

- жедел-іздістіру шараларын жүзеге асырушы адамның келтірген зияны топтасып жасалған қылмыс келтірген зияннан кем болуы тиіс;

- жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру кезіндегі келтірілген зиян адамның өміріне немесе денсаулығына қатер, экологиялық апат, қоғамдық қасірет немесе өзге де ауыр зардаптар қатерін төндіретін әрекеттермен жанасқан болмауы керек. Дегенмен, біз көрсеткен жедел-іздістіру шараларын жүзеге асырудың заңды шарттары осымен ғана шектеледі деп айтуға болмайды.

#### ***4.3 Негізді тәуекел ету және оның заңды шарттары. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау***

Іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын келесі мән-жайлар – негізді тәуекел ету. ҚР ҚК 36-бабында, «қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді тәуекел еткенде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды» деп анықтама берілген.

Ғылым, өндіріс, медицина үздіксіз даму мен жетілдірілу үстінде. Тамаша нәтижелерге қол жеткізу ұмытылысында бұл үрдіс эксперименттермен, сынақ өткізу мен қателіктер жасау жолындағы тәуекелмен тығыз байланысты. Жалпы ойдағы мәні бойынша тәуекел – бұл мүмкін болатын сәттілік, істің игілікпен аяқталуын күтетін үмітті әрекет. Тәуекел кезінде көздеген мақсатқа қол жеткізу жөнінде аса сенімділік бола бермейді. Тәуекел қашанда сәтсіздікпен бірге жүреді. Тәуекел кезінде, сондай-ақ мүмкін деген зиян келтіруді күтуге болады. Кәсіптік, өндірістік және өзге де қызметтерді жүзеге асыру жолында қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізуі үшін адамның кей уақытта заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қатерін төндіріп, нар-тәуекел жағдайындағы әрекет жасауы мүмкін.

Іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жай ретіндегі негізді тәуекел қылмыстық құқық ғылымында көптен бері белгілі болатын, бірақ оның өзінің заң жүзіндегі реттелуін ҚР ҚК 36-бабында орын алғанына онша көп уақыт өткен жоқ. Бұл «адам-мемлекет» өзара қатынас жүйесінің түбегейлі



өзгеруіне негізделіп, тұлғалардағы басымдылықты еншіледі. Тұлғалардың құқықтарын теңестіру, олардың белсенділігі мен шығармашылық күш-жігерін арттыру, сөз жоқ ғылыми сынақтар мен техникалық жаңашылдықты, соңғы тәуекел ретінде арттыруды талап етті. Бір жағынан, тұлғаның өзінің жеке мақсатында зерттеу жүргізу, сынақтар өткізуден арыла алмайды. Осыған байланысты заңды (негізді) тәуекел етуді қылмыс деп танылатын заңсыз (орынсыз) тәуекел етуден болып қарауға тура келеді.

Кезінде қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде қылмыстық заң нормаларына қоғамдық қауіптілік пен заңсыз әрекеттер болдырмайтын мән-жайлар ретіндегі тәуекел етуді енгізу қажеттігі туралы мәселе сан рет көтерілді.

Авторлар тәуекел етуді – өндірістік, болуы мүмкін, қалыпты, шаруашылық, заңды, кәсіби, ғылыми және өндірістік болуы мүмкін деп сипаттады. Кейбіреулері оның түрлері: ғылыми, өндірістік, коммерциялық болады деп заңды және кәсіби тәуекел етуді бір-бірімен теңестіруі. Басқа авторлар терминологиялық мәнінде «өндірістік тәуекел» мағынасы «кәсіптік тәуекелге» қарағанда тарлау, ал қылмыстық-құқықтық мәнінде бұл екі ұғымның мағынасы бірдей деген пікірлер айтылады. Біздің ойымызша, тәуекел етудің барлық түрі (өндірістік, кәсіптік, қаржылық, шаруашылық, ғылыми, коммерциялық) өздерінің тектік және түрлік ұғымдарына сай келуіне орай орында тәуекел ету түрлері болып табылады.

Құқықтық аспекті дәлелді және заңды өндірістік тәуекел етуді тану өлшендерін талдауды ескерді. Кейде әрекетзиянды зардапқа итермеленгенде қоғамдық қауіптілігі жоқ пайдалы нәтиже беретін жағдайлар да болуы мүмкін.

Зиян келтіруге себеп болған тәуекел ету іс-әрекеттегі қылмыстылықты болдырмайтын мән-жайға айналуы үшін ол негізді болуы керек. Тәуекел ету көздеген мақсатқа тәуекелсіз қол жеткізуге болмаған жағдайда, заңмен қолғалатын мүдделерге зиян келуді болдырмас үшін жеткілікті шаралар қолданылған жағдайда орынды деп танылады. Негізді тәуекел ету кезінде, адам көздеген мақсатына қол жеткізу үшін әрекетінің мазмұнын есептеп алады және заңды мүдделерге мүмкін деген зияндарды болдырмайтындай шаралар қабылдайды. Мұндай жағдайда адам ешқандай асығыстық пен ағаттық жасамауға тырысуы тиіс.

Егерде негізді тәуекел ету кезінде қорғалатын заңды мүдделерге зиян келтірілген болса да жасалған әрекет қылмыс танылмайды. Бұған сол үшін тәуекелді әрекет жасалған және зиянға жол бермеу мен болдырмауға шаралар қолданылған оң қадамды мақсат негіз болады. Тәуекел етуге қандай жағдайда болмасын (кәсіби қызметін жүзеге асыруда, болмаса тұрмыс пен демалыста пайда болған күрделі жағдайлардың бетін қайтаруда) кез келген адамның құқығы бар. ҚР ҚК 36-бабының мазмұнына орай, негізді тәуекел етудің заңды шарттарына мыналарды жатқызуға болады:

- 1) мақсаттың әлеуметтік пайдалылығы;
- 2) тәуекел етпейінше көздеген мақсатқа қол жеткізудің мүмкін болмайтындығы;

3) тәуекел етуге жол берген адамның қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуі;

4) адамдардың өміріне, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске ұшт асатын әрекеттердің болмауы.

Осы көрсетілген өлшемдерді нақты мазмұнымен толықтыру үшін адамның нақты бір қоғамдық саладағы қызмет болуы керек. Сондықтан іс-тәжірибеде тәуекел ету туралы нормаларды қолдану үшін осы мән-жайдың нақты да анық анықталғаны, оның заңды шарттары қажет. Мәселен, медицина, әскері іс, спорт сияқты салаларда адамның өмірі мен денсаулығына қатердің бар екені рас. Сөйтіп, орынды тәуекел ету деп қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу немесе заңмен қорғалатын мүдделерге қатер төндіре отырып, өндірістік қызметте зиянды нәтиженің болуына жол бермеу деп танылады.

Егер қоғамдық қауіпті зардаптар ғылыми және практикалық негізделген нормативтік актілерді бұзу нәтижесінде келтірілетін болса, онда бұл негізді тәуекел деп саналады. Заңды, негізді тәуекел әрекеттің қоғамдық пайдалы нәтижесі жалпы қоғам үшін, сол сияқты жекелеген адам үшін кез келген қоғамдық құндылықты сақтау мен арттыру болып табылады. Мұндай құндылықтарға адамның өмірге, денсаулыққа, экологиялық оратаға деген құқығы, шаруашылық, әлеуметтік ғылыми жетістіктері жатады.

Негізді тәуекел ету кезіндегі мақсат әрқашанда құқық пен моральдың шегінен шығып кетпейтіндей заңды әрекеттермен ғана дәлелденеді. Енді негізді тәуекел етудің кейбір түрлеріне тоқталып өтейік. Негізді тәуекелдің түрлері жалпы негізді тәуекел жалпы талаптарға қалай жауап беретін болса, солай адам қызметінің белгілі бір саласына тән арнайы талапты орындайды.

Өндірістік тәуекелдің құқықтың мәселерімен айналысқан М.С. Гринберг, дәлелденген өндірістік тәуекел етудің заңды белгілері ретінде бір мезгілде мыналар қызмет етеді, деп санайды: 1) тәуекел көзделген мақсатқа сай келуі керек. Бұл талаптың мәнін былайша түсіндіруге болады: мақсат мәні болған сауын тәуекелде ауырлау болады, ал онша мәнді емес мақсат үшін қабылданатын тәуекел де онша болмайды;

2) мақсатқа әдеттегі, тәуекелсіз жолмен жете қою мүмкін емес;

3) тәуекел көрінеу зиян келтіруге тиіс емес;

4) тәуекелдің объектісі, тәртіп бойынша материалдық, заттай факторлар болып табылады<sup>37</sup>.

Сөйтіп, заңды өндірістік тәуекел ету субъективті және объективті өлшемдерге бөлінеді. Егер тәуекелдің пайдалылығы субъективті құндылықтар немесе белгілі бір нәтиже мен сәтсіздіктің дәрежесімен анықталатын болса, онда күткен сәтсіздіктен күтпеген нәтиже асып түскен жағдайда өндірістік тәуекел дәлелді болады.

Негізді тәуекелдің тағы бір түрі – муниципалық тәуекел. Қазір әлемде көптеген күрделі операциялар жасалуда, солардың ішінде дәстүрлі «тыйым» салынған ағзалар: жүрекке, бауырға, өкпеге, миға және басқа ағзаларға

<sup>37</sup> Гринберг М. С. Проблема производственного риска в уголовном праве. – М., 1963. 95-бет.

операция жасау бар. Медицина адам ағзасындағы болып жататын күрделі деген істерге араласады. Ол үшін дәстүрге айналған ауруды айыратын және емдейтін жолдармен қатар жаппай қолдануға әлі ене қоймаған әдістемелерді, аспаптар мен дәрі-дәрмектер қолданылуда. Сондықтан да жедел қарау, терапевтік емдеудің сынақтарын өткізудің айтарлықтай медициналық тәуекелі бар. В. И. Самароков атап көрсеткеніндей, дәстүрлі емдеу тиісті нәтиже бермеген жағдайда медициналық тәуекел деп, хирургиялық операциялар, терапевтік емдеулер, медициналық сысынақтап адам өмірін сақтау мен денсаулығын қалпына келтіру үшін заңды қатер тудыру деп танылады<sup>38</sup>. Медициналық тәуекел етуде кезкелген тәуекел әрекеттердің заңды екендігін анықтайтын барлық шарттарды қолдануға болады. Дегенмен, медициналық тәуекел ету мәселерін зерттеген Г.Р. Рүстемова атап өткеніндей ол төмендегідей жағдайда дәлелді бола алады:

1) тәуекелді әрекет медицина қызметкерлерімен нақты бір өмірін құтқарып қалу мен денсаулығын сақтау мен нығайту үшін медициналық сынақ жүргізген жағдайда жасалғанда;

2) өткізілген медициналық сынақ немесе операция өткізу кезеңінде медицина ғылыми мен тәжірибесінің жетістіктеріне сай келгенде;

3) науқас адамның өмірін құтқару, денсаулығын сақтау мен нығайтуға тәуекелсіз қолжеткізуге болмайтын жағдайда;

4) медициналық қызметкер тәуекел жағдайында ауырып қалған немесе медициналық сынаққа түскен адамның денсаулығына зиян келу немесе өміріне төнген қатерді болдырмас үшін қолдан келген барлық мүмкіндікті қолданады.

Еш бір адам тәуекел ету жағдайында өзіне не туған-туыстарының жазбаша келісімсіз емдеуге, немесе медициналық сынаққа түсуге тиіс емес. Егер тәуекел ету (соның ішінде медициналық тәуекел) адамдардың өміріне немесе денсаулығына көрінеу қатер төндіруге, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса тәуекел заңды деп танылмайды. Осы көрсетілген шектеулер заң шығарушының бұрынғы ксро-дағы белгілі болған чернобыль атом энергия станциясындағы, арал өңіріндегі экологиялық апаттарға, бұрынғы КСРО су шаруашылығы министрлігінің көптеген жерлерге қуаңшылық әкелген суармалы каналдар салуға білдірген наразылығы іспеттес. Қоғам, мемлекет мұндай тәуекелге көзжұмушылық жасамауы тиіс, мұндай жағдайдағы жауаптылық кінәнің нысанына байланысты жалпы негізде қарастырылады. Дегенмен, адамның тәуекел ету арқылы әрекет жасауы сотпен қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарастырылады (ҚР ҚК 53-бабы).

Қорытындылай келгенде, негізді тәуекел тұжырымдамасын жалдау кезінде адамның кез келген қызметі белгілі бір тәуекел етумен көрінеді деген тұжырым жасауға болады. Кез келген жаңа технологияны ойластырғанда оның бүгінгі артықтылығы мен қоса ертеңгі оның тудыратын зияны де ескерілуі тиіс.

---

<sup>38</sup> Самароков В. И. Уголовно-правовая оценка медицинского риска // Современные тенденции развития уголовной политики и уголовного законодательства. – М., 1994. 65-бет.

Дегенмен, негізді тәуекел етуді заңды деп тану үшін нақты анықталған шарттары болуы керек.

ҚР ҚК 36-бабына сәйкес, күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды. Бұрынғы қылмыстық заңнамаларды мұндай институты болмаған еді. Ол кейінгі кездегі пайда болған күштеп мәжбүрлеу нәтижесінде азаматтар мен ұйымдардың қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруіне байланысты енгізіліп отыр. ҚР ҚК 36-бабы осы күштеп мәжбүрлеу салдарынан жасалатын әрекеттердің заңдық себептерін анықтайды. Мұндай әрекет негізінде қылмыс деп танылмайды. Сырт қарағанда ол әрекет және сол сияқты әрекетсіздік ретінде көрінеді. Мысалы, қылмыскерлердің тауар қоймасының күзетшісін байлап тастап, қоймадағы мүліктерді тонауы.

Келтірілген бұл мысалдағы күзетші адамның күштеп мәжбүрлеу нәтижесінде өзінің әрекетін басқару мүмкіндігінен айырылу салдарына әрекет жасай алмауы қылмыс деп танылмайды. Жалпы мәжбүрлеу деген сөздің мағынасы адамды еріксіз әлдебір әрекет жасауына итермелеуді білдіреді. ҚР ҚК 36-бабында күштеп мәжбүрлеу, яғни адамның денесіне зақым келтірмей-ақ мәжбүрлеу жайында айтылады. Қылмыстық құқық ғылымы күштеп мәжбүрлеуді жеңуге болатын және жеңуге болмайтын деп бөледі. Жеңуге болмайтын күштеп мәжбүрлеу кезінде адам толығымен өзінің мүмкіндігінше іс-қимыл немесе әрекет жасау қабілетінен айырылады. Мысалы, байлап тасталған күзетші өзінің объектісін күзету мүмкіндігінен айырылады. Жеңуге болатын күштеп мәжбүрлеу кезінде адамда өзін өзі игеру мүмкіндігі болады. ҚР ҚК 36-бабының 1-бөлігінде күштеп мәжбүрлеудің жеңуге болмайтын түрі жайында ғана айтылған. ҚР ҚК 36-бабының 2-бөлігі мәжбүрлеудің екі түрін қарастырады: адам өзінің іс-әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтаған күштеп мәжбүрлеу және психикалық мәжбүрлеу. Мәжбүрлеудің осы екі түрінің екеуі де жеңуге болатын мәжбүрлеу, өйткені бұларда адамның өзінің қылығын таңдау мүмкіндігі сақталады.

Психикалық мәжбүрлеу – бұл адамның еркіне сөзбен, белгімен, қол сілтеумен, қару көрсетумен, яғни қорқыту арқылы әсер ету. Мысалы, кассирдің ақшасын тонау кезінде қару кезену. Мұндай әрекеттер адамның бойында өміріме, денсаулығым, меншігіме және жанымдағы адамдарға да сондай қатер төндіреді деген қорқыныш әкеледі. Мұндай мәжбүрлеудің ықпалымен адам қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстарды да жасауы мүмкін. Дегенмен, психикалық мәжбүрлеу кезінде адамның әрқашан өзінің әрекетін таңдау мүмкіндігі мен құқығы болады. Адам талап еткен әрекетті жасаған кезде сөз жоқ, әдетте ол пайдасы бар ма, жоқ па деп аса қажеттілік жағдайын қарастырады.

Егер күштеп мәжбүрлеу кезінде адам өзінің әрекетін басқару мүмкіндігін сақтап қалса, онда мұндай адамның құқықтық қорғалатын мүдделерге келтірген зияны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе аса қажеттілік туралы ережелер бойынша шешіледі (ҚР ҚК 34-бабы). Бұл жағдайда адам қатер төндірген зиян мен осы қатерді жою үшін жасалатын зиянның біреуін таңдап

әрекет (әрекетсіздік) жасайды. Бұдан бұрын атап өткеніміздей, аса қажеттілік кезіндегі жойылған зиян келтірілген зияннан артық болуы керек.

Жойылған зиян келтірілген зияннан артық болған жағдайдағы жауаптылық жалпы негіз бойынша қарастырылады.

Сөйтіп, адамды құқықтық қорғалатын мүдделерге зиян келтіруге мәжбүрлеу соған қатысты заңсыз күштеп немесе психикалық әсер ету әдістерін қолданумен көрінеді. Осы мәселені қорытындылай келе, тағы да бір рет атап өтетін мәселе, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу заң шығарушымен алғаш рет әрекеттің қылмыстылығын және жазалануын болдырмайтын мән-жайлар ретінде бекітіліп отыр. Сондықтан да, осы институттың құқықтық табиғаты заң әдебиеттерінде әлі де толық мәнінде қамтыла алмай отыр.

ҚР ҚК 38-бабында өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайтыны анықталған.

Бұл мән-жайлар да заңнамалық реттеуде алғаш рет орын алып отыр. Атап өту қажет, өзінің құқықтық табиғатында бұйрықты орындау қылмыстық әрекет болып табылмайтыны белгілі. Кейде бұйрықты орындау заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірумен байланысты болғандықтан қылмыстық бұйрықты орындау мен қылмыстық емес бұйрықты орындау деп бөлуге тура келеді. Бұл институтты қолданысқа енгізу басшалардың өздері мен олардың өкімдерінің беделін өсіреді, сондай-ақ орындаушылардың қауіпсіздігін нығайтады. Енді оларға бұйрықты орындау нәтижесінде зиянды зардаптардың келгені үшін жауаптылыққа тартылудан сескенінің қажеті болмайды.

Жалпы мағынасында бұйрық пен өкім – синонимдер. Бұйрық – бұл билік органының (басшының, бастықтың) ресми өкімі. Бұйрық беру құқығы тиісті биліктік өкілеттігі бар лауазымды адамдарға беріледі. Бұйрық немесе өкім – бастықтың еркін көрсетуі. Бұйрықтың немесе өкімнің міндеттілігі, оның заңдылығына адамдардың бағыныштылығы, оған деген сенімі олардың орыналуына деген негіз деп қарастырылады. Бұйрық, егер ол лауазымды адамның құзыреті шегінде берілген болса, міндетті түрдегі күшке ие болады. Бұл ұйым мен мекеменің қалыпты қызмет жасауының кепілі болып табылатын бастық пен оның қаруындағы адамдардың арасындағы қызметтік қарым-қатынастан туындайды. Бұйрық немесе үкімнің заңдық күші оның атқарылу әрекетіне қарағанды күштірек. Сондықтанда заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам заң алдында жауап береді.

Атап өтетін мәселе, бастықтың бұйрығы немесе өкімін оның қарамғындағы адамның орындауы кезінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруінің заңдылығын бағалауға байланысты мәселе өмір тәжірибесінде жиі кездесіп тұрады. Ең бірінші кезекте бұо әскери қызметшілерге, ііб, қаржы полициясы, кеден қызметі қызметкерлеріне және кейбір санаттағы мемлекеттік қызметшілерге қатысы бар. Бұйрық пен өкімді орындау кезіндегі жасалған әрекеттің заңды екенін анықтау үшін бұйрық пен өкімге міндетті талаптар ұсынылады. Соған байланысты бұйрық немесе өкім төмендегідей болуы керек:

1) белгіленген тәртіппен берілуі тиіс (жоғары тұрған бастықтан бағынышты адамға);

2) тиісті үлгіде бектілген болуы керек (жазбаша немесе ауызша);

3) үлгісі бойынша да (барлық реквизиттері болуы керек), сол сияқты шын мәні бойынша да (қолданыстағы заңға қайшы келмеуі керек) заңды болуы керек. Осы шарттар бар болғанда, заңсыздығы кейін анықталған бұйрықты немесе өкімді орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Берілген бұйрықтың нәтижесінде келтірілген зиян үшін қылмыстық жауапқа оны берген адам тартылады. Мысалы, егер директор өздерінің жеке бас араздықтарына байланысты бір қызметкерді жұмыстан шығарып жіберерсе, онда ол ҚР ҚК еңбек туралы заңды бұзу 152-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа, оның жұмыстан шығарылуын бекіткен кадрлар бөлімінің бастығы емес, директордың өзі тартылады.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау арқылы адамның әрекет жасауы бұйрықты орындаған адамды да, бұйрықты берген адамды да қылмыстық жауаптылықтан босатпайды. Бұл жағдайда адам, бұйрықтың немесе өкімнің заңсыз сипатта екенін білуі тиіс, бірақ солай бола тұрса да ол оны орындайды, ендеше ол сөз жоқ қылмыстық жауапқа тартылуға жатады. Мысалы, ұйым басшысы бухгалтерге қаржы құжатына жалған дерек енгізу жөнінде өкім береді. Егер бухгалтер мұндай өкімді орындайтын болса, онда қылмыстық жауаптылыққа екеуі де – басшы мен бухгалтер тартылады. Егер бухгалтер басшының талабын орындамаса, онды тиісті негіздің болуына байланысты, басшы жауапқа тартылады. Заңсыздық бұл жерде бұйрық берген адамның тәістә тәртіпті сақтамауынан туындайды. Сондай-ақ айта кету керек, заңсыз бұйрықты немесе өкімді көрінеу орындаудан бас тарту қылмыстық жауапқа тартпайды. Бұл жағдайда заң шығарушы заңсыз бұйрықты орындамаған адамның қауіпсіздігін анықтайтын кепілдік белгілейді.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе атап өту керек, бұйрықты немесе өкімді орындау адамды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату белгілерін анықтайтын дербес институт болып табылады. Алайда, бұл мән-жайлар заңды реттеуге кейінгі кезде ғана ие болып отыр, сондықтан да ол заң әдебиетерінен әлі кң орын ала қойған жоқ. Осыған орай ғалым-заңгерлер алдаға уақытты осы мәселені терернірек зерттеп, оның құқық қолдану қызметінде кең қолдау табуына үлес қосар деген ойдамыз.

## **5. ЖАЗА ТУРАЛЫ ІЛІМІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ. ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ. ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ**

### ***5.1 Қылмыстық құқықтағы жаза ұғымы және оның әлеуметтік мәні. Жаза мен қылмыстық жауаптылықтың ара қатынасы***

Қазақстанда бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнамаларды жаза ұғымының анықтамаладры болмады. Сондықтан болар жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін құқықтық әдебиеттерде ол жөніндей әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болатын еді. Олардың бәрі бір-бірінен қанша айырмашылықта болғанымен өзінің мазмұны жағынан бір арнаға құйғандай болып, жаза қылмыс жасаған кінәлі адамды қылмыстық заңнамалардың негізінде соттардың мемлекеттік ерекше шаралармен мәжбүрлеу болып танылды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 38-бабының 1-бөлігінде жаза ұғымы былайша анықталады: «Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады».

Қылмыстық жаза мемлекеттің адаммен жасалған қылмысқа қарсы әрекетін білдіреді. Қылмыскер үшін жаза – бұл оның жасаған қылмыстық әрекетінің қылмыстық-құқықтық зардабы.

Біріншіден, жаза – бұл адамның қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар (әкімшілік құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылық және т.б.) жасауына мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік өзге мәжбүрлеу шараларынан айырмашылықта болатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы. Бұл шараның ерекше сипаты – ол қылмыстық заңмен қылмыс ретінде қарастырылған іс-әрекет үшін ғана тағайындалуы тиіс.

Адамға жаза қолданудің негізі тек қана оның қылмыс жасауы болуы керек. Егер адам қылмыс жасамаса, оған ешбір жағдайда жаза қолданылмауы тиіс. Рас, кеңестік қылмыстық құқығында бұл ережелерді сақтамаудың салдарынан қайғылы жағдай әкеп соқтырған мысалдар баршылық.

Екіншіден, жаза тек қана мемлекет атынан соттың үкімімен тағайындалады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 1-тармағына сәйкес, «адам заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлілі танылғанға дейін қылмыстың жасалуына кінәлі емес деп танылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 3-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасында сот әділдігі тек қана сотпен жүзеге асырылады»

Мемлекет атынан шығарылған және қылмыс жасуды кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындауды анықтаушы айыптау үкімі жасалан қылмыс пен қылмыскердің өзіне берілген мемлекеттің ресми бағасы болып табылады. Осыған байланысты жаза қылмыс жасаған адамды мемлекеттің айыптауы саналады.

Үшіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларына қарағанда, жаза қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жағдайда соттылықтың жойылуы

немесе алынып тасталуы мүмкін құқықтық зардардарына әкеп соқтығады (ҚР ҚК 77-бабы).

Төртіншіден, жаза қатаң жеке сипатқа ие болады. Ол қылмыскердің өзіне ғана қатысты қолданылады және оны қандайда бір жағдайда болмасын басқа бір адамға аудара салуға болмайды (мысалы, кәмелетке толмағандардың ата-анасына)

Бесіншіден, жаза қашанда қылмыс жасаған адамның құқықтыры мен бостандықтарын шектеумен байланысты, оған белгілі бір моральдық жапа шегуге әкеп соғады және белгілі бір игіліктерінен (бостандығынан, мүліктік игілігінен және басқалардан) айырады. Олар моралдық, жанға бататын, материалдық және басқа түрлерде болуы мүмкін. Мысалы, бас бостандығынан айыруға сотталған адам бірқатар жеке құқықтарынан және ең алдымен бостандығынан айырылады. Мүлкін тәркілеуде мүлкіне, айыппұл салуда материалдық жағдайына нұқсан келтіріледі. Белгілі бір лауызымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру сияқты жаза лауызымды, кәсіпті таңдау құқығынан айырады. Жазаның жазалау элементтері үрейлендіру, қорқыту қасиеттерімен көрінеді. Жазалау жазаның ауырлық дәрежесін көрсетеді, жазалау неғұрлым қаттырақ болса, жазаның ауырлығы да неғұрлым жоғары болады. Өз кезегінде тағайындалатын жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың ауырлығына, қылмыскердің тұлғасына және іс бойынша басқа да мән-жайларға байланысты болады.

Жазаның міндетті түрдегі ішкі қасиеті ретіндегі жазалау жөнінде айтқанда, оның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау жазаның мақсаты ретінде қарастырылмайтынын ескеруіміз керек.

Жазалау деп жазаның мәжбүрлеу, күштеу жағын ұғыну керек, яғни заңға сәйкес сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу немесе олардан айыру. Ол жанға бататын, моральдық, материалдық және өзге де сипаттарда болады. Егерде жаза бірдемеден айырмайтын болса, онда ол жаза болмаған болар еді. Жазамен келтірілетін айырудың дәрежесі жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты болады, ол жоғары болған сайын қылмыскер де айыруға көбірек тап болады.

Бірқатар ғалымдар жазалауды жазаның мақсаты ретінде қарастырды. Соның ішінде әсіресе, Н. А. Беляев былай деп жазады: «Жазаның мақсаты ретіндегі жазалауды біз құқық бұзушыға жасаған қылмысы үшін жазаны тарттыратын азап шектіру мен бірденесінен айыру деп білеміз»<sup>39</sup>. Мұндай пікір И.И. Карпецтің де еңбектерінде бар. Мемлекеттік мәжбүрлеу түріндегі ерекше шара – жазаға жағымсыз құқықтық және моральдық зардаптарға әкеп соқтыратын соттылық деп аталатын белгі тән<sup>40</sup>.

Жазаны мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының басқа түрлерінен ерекшелеп тұратын белгісі деп, соттың жазаға беретін жағымсыз түрдегі құқықтық бағасы емес, сонымен бірге қылмыскерге және оның жасаған қылмысына беретін моральдық бағасын санауға болады.

<sup>39</sup> *Беляев Н.А.* Цели наказания и средства их достижения в ИТУ. –М., 1963. 25-бет.

<sup>40</sup> *Карпец И.И.* Наказание. Социальные, правовые и криминологические проблемы. – М., 1973.



Өзінің объективтік мазмұнына қарай жаза – бұл қашанда жазалау. Кез келген жаза белгілі бір дәрежеде жазалаушы мазмұнға ие болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1959 жылдан бері белгілі Қаз.КСР Қылмыстық кодексіндегі жазаның түрі қоғамдық айыптаудан әділетті түрде бас тартты. Ол соттың көпшілік жұрт алдында кінәліге айып тағумен, қажет болған жағдайда баспасөз немесе басқа да ақпарат құралдары арқылы қоғам алдында ақпарат таратумен көрінді (Қаз. КСР ҚК 29-бабы). Мұндай шара өзінің мазмұны жағынан қылмыстық жазаға емес, қылмыс жасап және қоғамдық айыптауға тап болған адамның құқығы мен бостандықтарын іс жүзінде шектейтіндіктен қоғамдық ықпал ету шараларына сай келетін (мемлекет атынан қолданылуына қарамастан) сияқты.

Жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың ауырлығына, осыған байланысты, тиісінше кінәлінің тұлғасына да сай келуі тиіс. Бұл жерде сотталушының бастан кешірген жазаның айыру қиыншылығы мен ауырлығы белгілі бір дәрежеде оның кінәсін ақтауы болып табылады. Жазалаусыз жаза өзінің кез келген ескертуші мәнін жоғалтқан болар еді.

## ***5.2 Жаза мен қылмыстық жауаптылықтың ара қатынасы***

Қылмыстық жауаптылық заңдық жауаптылықтың бір түрі (әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және басқаларымен бірге) болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылықтың басталуы даулы мәселе. Оның негізгі деген үш айқындама көзқарасын бөліп қарауға болады. Біріншіден, қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған адамның жасаған әрекетіне заңмен жүзінде жауап беру міндеті ретінде танылады. Екіншіден, қылмыстық жауаптылық деп, осы көрсетілген міндетті іс жүзінде іске асыру, яғни ең соңында қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларын іске асыру танылады. Үшіншіден, қылмыстық жауаптылық ақиқаттық тұрғыдан алғанда (ақиқатты қылмыстық жауаптылық деп аталатын) заңға лайықты мінез-құлық негізіне жататын және жеке адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасамау жөніндегі өзінің міндеттерін түсіне білуімен көрінетін жауапкершілік ретінде қарастырылады.

Атап өту керек, қылмыстық жауаптылықтың күрделі құбылыстарының ерекшеліктері мен олардың мазмұнын көрсету қасиетіне қарай қылмыстық жауаптылық ұғымына анықтама беруге жоғарыда аталған көзқарастардың бәрінің де құқығы бар деп айтуға болады. Ең маңыздысы – солардың осы мәселенің мақсатты бағытын және іс-тәжірибедегі қолдану жолдарын дұрыс анықтай білу. Заңдық жауаптылықтың, соның ішінде қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері құқық бұзушыларға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шараларымен көрінеді. Бұл жағдайда қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларына тап болатын адамның

қылмыстық жауаптылықты ұғыну міндеті мен осы шаралардың іс жүзіндегі қолданылуы арасында айтарлықтай қайшылықтар жоқ.

Қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шаралары арасынан басты орынды, әрине қылмыстық жауаптылықтың негізгі мазмұнын құрайтын жаза ұғымы алады. Дегенмен, қылмыстық жауаптылық пен жаза ұғымдары бірдей емес. Ең бірінші кезекте ол: «Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді» делінген, ҚР ҚК 2-бабының 2-бөлігінен және «Қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды» делінген ҚР ҚК 3-бабынан туындайды. Осы заңнамалық ережелерден қылмыстық жауаптылық ұғымының мағынасы жазаға қарағанда әлдеқайда кең екенін білуге болады.

Осыған байланысты қылмыстық жауаптылықты қылмыс жасаған адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық шаралары деп тану керек. ҚР ҚК көрсетілген баптарының мағынасынан келіп, қылмыстық жауаптылық жазаға және жаза болып табылмайтын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларына (мысалы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары) бөлінеді. Осыларға сәйкес және қылмыстық жауаптылықтың өзі мынадай екі түрге бөлінеді: жаза тағайындаусыз және жаза тағайындаумен. Бірінші жағдайдағы қылмыстық жауаптылық адамды соттаумен қамтылады (қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, сот мұндай жағдайда жаза тағайындаусыз үкім шығара алады). Екінші жағдайда қылмыстық жауаптылықтың мазмұны адамды тек қана соттау емес, сонымен бірге оған жазалауды қолдану болып табылады (соның ішінде кейбір жағдайларда бұдан белгілі бір жазаны өтеумен байланысқан қылмыстық-құқықтық зардап кіреді, мысалы, соттылық институты).

### ***5.3 Жазаның мақсаттары. Жалпы және арнайы ескертулер. Жазаның мақсатына жетудегі құқық қорғау органдарының рөлі***

Жазаның мақсаты деп жазаны белгілеумен, оны қолдану және жүзеге асырумен қолжеткізілетін соңғы әлеуметтік нәтиже деп тану керек.

Жазаның нақты мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларының алдында тұрған жалпы міндеттерден, қылмыстық құқықтың қызметінен туындайды.

ҚР ҚК 39-бабының 2-бөлігінде жазаның мақсаты былайша анықталған: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді

немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді». Сөйтіп жазаның мақсаты мыналар болып табылады:

- 1 – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
- 2 – сотталған адамды түзеу;
- 3 – жаңа қылмыстар жасаудан сақтандыру.

Жазаны қолданудың әрбір жағдайы көрсетілген мақсаттарға сай келіп отыруы тиіс. Қылмыстық жазаның мақсаты ретіндегі әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру бірінші рет тек қана қазақстандық қылмыстық заңнамалардан орын алып отыр. Мұндай мақсаттың қарастырылуы қылмыстық заңнамаларының маңызды қағидаларының бірі – әділеттік қағидасынан туындап отыр. Жаза мен қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар, егер олар қылмыстық қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне, қылмыстың жасалу мән-жайлары мен кінәлі адамның тұлғасына сай келсе ғана әділетті деп саналады. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі және жазаның қаталдығы арасындағы сай келушілікті талап етеді.

Жаза қылмыстың жасалу нәтижесінде бұзылған жәбірленушінің құқықтары мен бостандықтарын, ең соңында әділеттілікті қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Қылмыстық-құқықтық санкциялардың қалпына келтіру сипаты қылмыстың жасалу нәтижесінде бұзылған құқықтар мен бостандықтардың ерекшеліктерімен тығыз байланысқан. Таза қалпына келтірудегі сипат ақшалай айып салу, мүлікті тәркілеу сияқты мүліктік қылмыстық-құқықтық санкцияларға ие болады. Әрине, қылмыспен келтірілген шығындардың бәрі бірдей міндетті түрде қалпына келтіріле бермейді ғой. Сірә, өлімге ұшыраған жәбірленушінің өмірі, не қылмыстың нәтижесінде жоғалған денсаулық ешқандай жазамен қалпына келтірілмейтін шығар (бірақ, дегенмен, кейбір жағдайларда қасақаналықпен кісі өлтірген үшін мүліктік тұрғыда қалпына келтіруге байланысты қылмыстық-құқықтық санкциялардың функциясы жоққа шығарылмайды). Дегенмен, бұл осындай қылмыс үшін жазалау кезінде әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына қол жеткізу мүмкін емес дегенді білдірмейді.

Мұндай жағдайдағы жазаның әлеуметтік әділеттілікке кінәлі адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы қол жеткізіледі (мсыалы, ұзақ мерзімге оны бостандығынан айыру және жазаға сәйкес мазмұнмен анықталатын қатаң шартқа қоюға мәжбүрлеу). Сөйтіп, жазаның жазалаушы мазмұны, бұдан бұрын атап өткеніміздей, осы жағдайда да әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің өзіндік бір қылмыстық-құқықтық әдісі болып табылады. Сонымен бірге, қылмыстық жазаға және оның жазалаушы мазмұнына байланысты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру жаза қылмыскерге қатысты жазалауды ғана мақсат етеді деген ой келмесе керек. Тіпті ең қатал деген жазаның өзі сотталушыға жан азабы мен тән азабын келтіру үшін қолданылмайды. Аталып отырған жазаны атқаруға байланысты құқықтық шектеулер мен мәжбүрлеп айырудың басқа да мақсаттары бар, солардың ішіндегі ең маңыздысы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру болып саналады.

Қылмыстық жазаның енді бір мақсатын ретінде заңдарда айтылғанжай, сотталған адамды түзеу болып табылады. Түзелу қылмыскердің заңға бағыныңқы адамға айналуымен көрінеді. Бұл жерде, әрине, адамның жазасын өтеп шыққаннан кейін адамгершілігі жоғары инабатты адамға айнылып кетуі жөнінде сөз болып отырған жоқ. Түзеу барысында шешуге болатын айқын міндет – ол сотталған адамды жазаның қатерімен болса да енді қылмыстық заңды бұзуға, яғни жаңадан қылмыс жасауға жол бермеуге көндіру немесе мәжбүр ету. Түзеудің бастамасы кінәлінің қылмыстық жауаптылыққа тартылған сәтінен басталады және сот мәжілісі, кім шығару мен жаза тағайындау барысымен жалғасады, сөйтседе оның қарқынды сәті жазаны өтеу кезінде байқалады. Осыған орай, жазаны атқару органдарының тікелей міндеті сотталғандарды түзеу болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 7-бабының 1-бөлігінде сотталған адамның түзелуі оның мінезінде құқықты сақтаушылық, тұлғаға, қоғамға, еңбекке, адамзат өмірінің нормаларына, тәртібі мен дәстүріне деген дұрыс көзқарасының қалыптасуымен анықталатындығы айтылған. Заң осы мақсаттарға қол жеткізетін негізгі құралдарды анықтайды. Олар: жазаны атқару мен өтеудің тәртібі (режим), тәрбие жұмыстары, қоғамдық пайдалы еңбек, орта білім алу, кәсіби дайындық пен қоғамдық ықпал ету болып табылады (ҚР ҚАК 7-бабының 2-бөлігі).

Ғалымдардың көзқарастарына сәйкес, қылмыстық-атқару құқығында жаза сотталғандардың құқықтық шектеу кешендері – жазалаумен теңестіріледі. Сондықтан жазаны атқару қылмыстық-атқару құқығының нормаларымен реттелген жазалуды атқарудың тәртібі сияқты көрінеді. Қ.Ж. Балтабаевтың атап өткеніндей, жазаның жазалаушы қасиеттері режим арқылы іске асырылады. «Жазаның мәні мен мазмұны көрінетін жазалауды атқару режимі өзінің бағытына қарай көпсалалы. Ол сотталғандарға жазалушы ықпал етуді қамтамасыз етіп, сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі ретінде көрінеді... және бірмезгілде өзге де тәрбиелік ықпал ету құралдарының нәтижелі қолданылуы үшін құқықтық алғашарттар қалыптастырады»<sup>41</sup>.

Жазаның түрлі шаралары түзеудің түрлі құралдарын, әдістері мен жолдарын талап етеді. Жаза шаралары да түзеу құралдары сияқты жасалған қылмыстың ауырлығын, қоғамдық қауіптілігін, сотталған адамның тұлғасын ескере отырып қолданылуы тиіс. Бас бостандығынан айыруды жазасын өтеу кезінде түзеудің негізгі құралдары мыналар болып саналады: бостандықтан айыруды өтеу режимі, қоғамға пайдалы еңбек, тәрбие жұмыстары. Түзеуге ықпал ететін құралдардың мынадай түрлері де қолданылады: сотталғандардың көркемөнерпаздар ұйымдары, мәдени-ағарту және өзге де қызметтер.

Жазаның өзге шараларын қолдану кезінде түзеу құралдары бостандықтан айыру кезіндегі осындай шаралармен салыстырғанда өзіндік өзгешеліктерге ие болады. Бұл жерде түзелудің өлшемі адамның мінез-құлқының өзгеруі, сана-сезімі оянуы, қоғамның заңға бағынышты мүшесіне айналуы болады.

---

<sup>41</sup> Балтабаев Қ.Ж. Исполнений наказаний. Законодательство Республики Казахстан и международные нормы. – Алматы, 1999.

Ақырында, жазаның мақсаты қылмыстың алдын алу болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында ол жеке (арнайы) және жалпы болып бөлінеді. Арнайы алдын алу сотталушының өзін жаңа қылмыс жасаудан сақтандырумен көрінеді. Бұған, біріншіден, қылмыскерге моральдық ықпал етумен, яғни оны түзеу жолымен; екіншіден, сотталушылардың жазасын өтеп жүрген кезінде қылмыс жасауна немесе жаңадан қылмыс жасауына мүмкіндік туғызбайтындай жағдай жасаумен қол жеткізіледі. Шындығына келгенде, қылмыстың көптеген түрлерін (мысалы, зорлау, қалтаға түсу, жалған ақша жасау және басқалар) түзеу мекемелерінде жасауға мүмкіндік те болмайды. Дегенмен, кейбір қылмыстар бостандығынан айыру жазасын өтеп жүргеннің өзінде де жасалып жатады (мысалы, күш көрсету, адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, еркекпен жыныстық қатынасқа түсу және басқалары). Үшіншіден, арнайы алдын алудың мақсатына жалпы алдын алу сияқты жаза қатерімен қол жеткізіледі. Қатер төндіру ең алдымен жазаның болмай қоймайтындығымен көрінеді. Адам жазадан қашып құтыла алмайтындығын, оның ауырлық дәрежесін санасында електен өткізіп, ұғынып, өзін қылмыс жасаудан тежейді. Қатер жөніндегі ой қылмыс жасар алдында да, қылмыс жасау кезінде де санада ұялауы мүмкін.

Әрине, жазаның әлеуметтік әсерлілігінің жалпы айыптау тұрғысынан алғандағы бағалануы жоғары емес. Дегенмен, әр жылдардағы әр елдерде жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің деректері азаматтардың белгілі бір бөлігі нақ жазадан қорыққандығынан қылмыс жасамайтындықтарын айғақтады.

Қылмыстың алдын алу мақсаты туралы айтқанда, қылмыстылықпен күрестің басты құралы жаза екендігі ең бірінші ауызға түсу керек. Жоғарыда атап өткеніміздей, қылмыстылықпен күресте басты маңызға мемлекеттің жүргізіп жатқан экономикалық, саяси, ұйымдастыру-басқару шаралары ие болады. Бұл тұрғыдан алғанда жаза негізгі болмаса да маңызды ғана емес қылмыстылықпен күрестің ең қажетті, ал қылмыстық-құқықтық тұрғыдан ең маңызды құрал болып табылады. Нақ осы жаза ғана қылмыс жасап жүрген адамның қылмыстық қызметін үзе алады. Ол адамгершілік жағынан тұрақсыз адамдардың белгілі бір тобына жаза қатерімен қылмыс жасамайтындай ықпал жасай алады. Осыған байланысты қылмыстық заң мемлекеттік мәжбүрлеудегі ең қатаң шарасы-жазаны жүзеге асыруы ыждаһаттылықпен қарайды. Ол (заң) ең кәнігі қылмыскердің ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін ең қатаң жазаны қолдануды қарастырады. Сонымен бірге заң қылмыс жасағаннан кейін шын көңілімен өкінген, келтірген зияндарын қалпына келтірген, қылмыстың ашылуына көмек көрсеткен адамдарға кешімдірілікпен қарайды,

Жазаның аталған өзге де мақсаттарының қатарына тағы да тұлғаларды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау (күзету) кіреді. Жазаның мақсаты мен қылмыстық құқық міндеттері аралып кеткеніне қарамастан, оның соңғысы экономикалық, ұйымдық, жалпы құқықтық және өзге де шаралардың, соның ішінде қылмыстық-құқықтық тыйым салу мен, жаза қатермен және өзге де ықпал ету құралдарымен шешіледі.

Атап өту керек, қылмыстық заңда белгіленген жаза мақсаттары, өздерінің әртүрлі мазмұндарына қарамастан өзара байланысты және өзара негізделген болып табылады. Бір мақсат бір мақсатты толықтырып отырады, олардың

әрқайсысының қолжеткен нәтижесі екіншісінің жүзеге асуына жағдай туғызып отырады. Сөйтіп, жеткілікті түрде теориялық және тәжірибелік жағынан шешілмей отырған проблемалар жазаның мақсаты туралы мәселелер күйінде қалып отыр. Мәселен қылмыстық құқық теоретиктері жаза мақсатын реттейтін құқықтық нормаларға әралуан түсіндірме беруде. Біреулері, жазаның мақсаты жазалау десе, басқалары – түзеу мен қайта тәрбілеу, үшіншілері қылмыстың алдын алу деп санайды. Қылмыстық жазаның мақсатын дұрыс ұғына білудің айтарлықтай теориялық және тәжірибелік мәні бар. Қашаннан белгілісі, қоғамда ештеңе де сапалы түрдегі ниетсіз, қалаған мақсатсыз жүзеге асырылмайды. Осыдан келіп қылмыстық жазаның мақсаты туралы түсініктің маңызы түсінікті. Заңнамалармен анықталатын мақсаттар бір жағынан құралдарды таңдауға әсер етсе, екінші жағынан, осы таңдап алынған құралдардың осы мақсатты жүзеге асыру әдістеріне әсер етеді. Осы сияқты күрделі байланыстарда білу заңнамаларды жетілдіру үшін де, оларды тәжірибеде қолдану үшін де өте қажет.

Жазаның мақсаты әлеуметтік қоғамда кешенді сипатқа ие болады, ол мемлекетті нығайту мен дамытуға мүдделі қоғамдық қатынастарды қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғаумен көрінеді. Демек, қылмыстық жаза құқықтық тәртіпті нығайту, жасалған қылмыспен нұқсан келтірілген әділеттілікті қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Жаза – әлеуметтік ықпал етудің өткір де қатал құралы, ол қылмысқа қарсы қажетті әсер болып табылады.

Жаза мен қылмыс бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Егер қоғамдық қауіпті әрекет жазаны қамтымайтын болса, онда ол қылмыс деп санала алмайды. Қылмыссыз жаза болмайды, онсыз ол заңсыздыққа айналған болар еді. Сондықтан, қылмыстық жаза қылмыс ұғымымен байланыстырыла зерттелуі тиіс. Алайда, кейбір ғалымдар қылмыс пен жазаның диалектикалық байланыстарын жоққа шығарып, қылмыс туралы ілімді дамытуда қылмыстық жазаны жоғарырақ көтереді.

Мәселен, орыс криминалисі А.Ф.Кистяковский, «қылмыстық құқықта бастаушы орын, сөз жоқ жазаға беріледі. Онда қылмыстық құқықтың ойы мен идеясы көрінеді» деп бекітеді. Ол себепті түрде қылмыс пен жазаның тергеулік бағыныштылығы мен өзара негізділігін жоққа шығарды. Қылмыс пен жазаның арасындағы ара қатынастарға қатысты мұндай көзқарастарды шетелдердің қазіргі көптеген криминалистері бөліседі. Осындай тұжырымдарды талдай отырып, поляк криминалисі Л. Лернелль, қылмыстың үстінен басымдылық көрсететін жазаны жақтаушылар көппен саналады, олар қоғамдық өмір мен қоғамдық санада қылмыс ұғымынан бұрын пайда болды, деп жазады.

Қылмыс пен жазаға қатысты басқа да көзқарастар бар. Мәселен, жекелеген зерттеушілер, қылмыс ұғымымен қатар, жазаны белсене қолдану процесі де бірге жүреді деп санайды. Бірақ, олар, бізге көрінгендей, кенеттен пайда болған құқықтық нормалардың мемлекеттік билікпен реттеліп отыратын құқықты нормаға айналатын процесін ескермейтін сияқты. Бұл орайда, А.И.Трайниннің ғылыми көзқарасын толығымен қолдауға болады. Ол былай деп санайды: «іс жүзіндегі де және ойдағы да қылмыстар жазаға әкеп соғады: жаза туралы мәселе көтерілмек бұрын, алдымен қылмыстық әрекет жасалуы керек. Шын

мәнінде, бүкіл жаза жүйесі жасалған қылмыстармен күрес шаралары жүйесі ретінде қызметтік рөл атқарады, егер бұл орайда басымдылық жөнінде сөз қозғайтын болсақ, онда басымдылық жазаның емес қылмыстық үлесіне тиеді. Бірақ бұл, қылмыс пен жазаның бір-біріне бағыныштылығын жоққа шығару болып табылмайды. Жазасыз қылмыс ұғымы және сол сияқты қылмыссыз қылмыстық жаза болуы мүмкін емес»<sup>42</sup>.

#### ***5.4 Жазаның басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларынан айырмашылығы***

Қылмыстық жазаны қолдану кінәліні басқа түрдегі азаматтық, әкімшілік немесе тәртіптік құқылық жауапкершілікке тартумен де ұштарстырылуы мүмкін. Қылмыстық жаза мемлекет атынан қылмысты іс-әрекеттер үшін кінәлінің кінәсін бетіне басу арқылы берілетін теріс құқылық баға болып табылады. Бетіне басудың және кінәлаудың дәрежесі қылмыстың ауырлығына, кінәлінің жеке тұлғасына және оның қылмысты іс-әрекетті істеудегі мінез-құлқына тікелей байланысты болады.

Жаза сотталған адамға белгілі бір зардап келтірумен тікелей байланысты болады. Мысалы, соттың кінәліні бас бостандығынан айыру немесе белгілі бір кәсіппен шұғылдануға немесе белгілі бір лауазым иесі болуға тыйым салуы, мүлкін тәркілеу мүмкін. Сөйтіп, кез келген қылмыстық жаза тағайындағанда сотталған адам материалдық, моральдық, мүліктік зардап шегеді. Өйткені жаза өзінің мәні жөнінен кінәлі жазалау болып табылады.

Қылмыстық жазаның басқа да мемлекеттік күштей шараларынан ерекшелігі сол, оны қолдану кінәліге барлық уақытта да сотталғандық туралы атақ береді. Сотталғандықтың кінәлі үшін белгілі бір құқылық зардабы бар, ол сотталғандығы туралы өмірбаянында көрсетілуі керек, сотталғандық кейбір жағдайларда қылмысты ауырлататын мән-жайларға жатады. Немесе сотталғандық атақ кейде қылмысты саралауға, жазаның мөлшерін, сондай-ақ жазаны өтейтін колонияның түрін белгілеу үшін маңызды мәнге ие болады. Сонымен, қылмыстық жаза дегеніміз сот арқылы мемлекет атынан қылмыс жасаған адамға қылмыстық заңмен белгіленген мемлекеттік шараны қолдану болып табылады. Қылмыстық жазаның әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын жазадан айырмашылығы мынадай: біріншіден, қылмыстық жаза бұл істелген қылмыстың зардабы, ал әкімшілік шара болса, ол қылмыс болып табылмайтын қоғамға жат теріс әрекеттер үшін ғана тағайындалады.

Екіншіден, қылмыстық жаза сот арқылы мемлекет атынан тағайындалады. Әкімшілік шараларды әкімшілік органдары, лауазым адамдары немесе судья тағайындайды. Қылмыстылықта тек қана сот жазаны тағайындайды. Үшіншіден, қылмыстық жазаның әкімшілік жазадан ерекшелігі сол сот үкімі бойынша тағайындаған қылмыстық жаза кінәліге сотталғандық атақ береді, ал әкімшілік жазаға тартылғандар үшін мұндай құқылық зардап болмайды.

<sup>42</sup> Трайнин А. Учение о составе преступления. – М., 1946. 7-бет

Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың жалпы бастауы: Жазаны дұрыс тағайындау – құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күрес жолындағы жұмыстардың әсерлілігін арттырудың міндетті шарттарының бірі.

Заңды, негізді және әділ жаза тағайындау қылмыстылықпен күрестің және құқықтық тәртіп нығайтудың маңызды құралы болып табылады. Ол қажетті жазалау ықпалдармен қамтамасыз етеді, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғандардың түзелуіне, сол сияқты сотталғандар мен өзге да адамдардың қылмыс жасауын ескертуге мүмкіндік береді.

Жасалған қылмыс үшін тек сот қана жаза тағайындай алады. Одан басқа мемлекеттің ешқандай органы мұндай құқықты пайдалана алмайды. Сот кінәліге жаза тағайындау кезінде нені басшылыққа алуы керек?

Жаза тағауындаудың жалпы бастауы ҚР ҚК 52-бабымен анықталған. Сөйтіп, ҚР ҚК 52-бабында былай делінген:

1. Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

2. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза осы Кодекстің 58 және 60-баптарына сәйкес қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен қатаңдығы төменірек жаза тағайындау үшін негіз осы Кодекстің 55-бабында белгіленеді.

3. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі. Бұл баптың мазмұнынан, оның қылмыстық құқықтың барлық негізгі деген институттарын бойына сіңіріп тұрғанын көруге болады (мысалы, қылмыс құрамы, қылмыс сатылары, қылмысқа қатысу институты сияқты және басқалар). Сот жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқықтың заңдылық, адамгершілік, әділеттілік және жазаны жекелендіру сияқты қағидаларды басшылыққа ала білу керек. Олар ҚР ҚК 52-бабының мағынасынан туындайлы.

Заңдылық қағидасы соттардың жасалған қылмыс үшін жауаптылық қарастыратын заң баптарының белгіленген санкциясы бойынша дәлме-дәл нақты жаза тағайындау кезінде көрінеді. Бұл санкцияның шегі нақты қылмыс пен кінәлі тұлғасының жекеленген ерекшеліктерін ескеру үшін толығымен жеткілікті. Жаза тағайындау кезінде сот ҚР ҚК Ерекше бөлімінің ережелерін



қатаң сақтауы тиіс. Бұл дегеніміз – сот жаза түрлері мен мөлшерін таңдау кезінде мыналарға назар аударуы керек деген сөз:

а) жасалған әрекеттің қылмыс болып саналатын, яғни ҚР ҚК 10-бабының 1-бөлігіндегі белгілерге (қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қайшылығы, кінәлілік, жазалауға жататындық) сәйкес келетінін анықтау керек. Сол сияқты ҚР ҚК 10-бабының 2-бөлігінде Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік белгілерінде басқа да бір іс-әрекет белгілерінің бар-жоқтығын анықтау керек;

б) осы жағдайлардағы іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігін, және сол сияқты жауаптылық пен жазалауға жататындықты болдырмайтын мән-жайларды анықтау керек (қажетті қорғану – ҚР ҚК 32-бабы, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру – ҚР ҚК 33-бабы, аса қажеттілік – ҚР ҚК 34-бабы және басқалары);

в) қылмыс жасаған болса, жазадан босату негізінің бар-жоқтығын анықтау (ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату – ҚР ҚК 73-бабы, төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру – ҚР ҚК 73-бабы);

г) қылмыстың аяғына дейін жеткізіле жасалмағандығына байланысты қылмыстың ниеті мен себептерінің жүзеге асырылу дәрежесін (ҚР ҚК 24-бабы), осыған байланысты қылмыс нәтижесінің әрекеттің қоғамдық қауіптілігін көтеруге жақындығын ескеру керек;

д) қылмыс жасаудағы адамның қатысу сипаты мен дәрежесін ескеру керек (ҚР ҚК 28-29-баптары);

е) жаза түрлерін қолдану тәртібін қатаң сақтау қажет (жаза жүйесі, оларды негізгі және қосымша жаза түрлеріне бөлу – ҚР ҚК 39-бабы, жаза түрлерін қолдануды шектеу – ҚР ҚК 40-51-баптары). Соттар белгілі бір жаза түрлерін заңмен белгіленген тәртіп пен шарттардың нақтылығын сақтай отырып қолдана алады.

Жазаны жекелендіру қағидасы бойынша жаза тағайындау кезінде сот кінәлінің тұлғасы мен жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, жасалған іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне және нақты қылмыскердің тұлғасына сай келетін заң мен сот әділдігі негізіндегі жазалаудың нақты шараларын таңдап алады.

Қоғамдық қауіптілік сипаты – бұл қылмыстың бір түріне ғана емес, барлық түріне тән белгі. А. И. Марцевтің пікірі бойынша, қылмыстың сипаты нң бірінші кезекте оның объектісі сияқты белгімен анықталады.<sup>43</sup> Мысалы, кісі өлтіру қылмысының барлық түрі мен жолының қоғамдық қауіптілігі бірдей, қарақшылықпен шабуыл жасау да сондай. Солай бола тұрса да, мысалы – тонау ұрлыққа қарағанда қауіптірек қылмыс, шабуыл жасау да ұрлық жасаудан гөрі қауіптірек.

<sup>43</sup> Бышевский Ю.В., Марцев А. И. Наказание и его назначение. – Омбы, 1975. 43-бет.

Қазіргі заманғы қоғамымыздың даму кезеңіндегі қылмыстық саясат ауыр қылмыс жасағандарға қатаң жаза қолдануды және қоғам үшін онша қауіпті емес қылмыс жасағандарға адамгершілік көзқараспен қарауды мақсат етеді.

Қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипатын ескере білудің жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларын бағалауда және олардың кінәліні жазалау шараларына әсерін ескеру маңызды орын алады. Мәселен, қауіптілігі аздау қылмысқа жаза анықтау кезінде, кейбір жеңілдетуші мән-жайлар шешуші маңызға да ие болуы мүмкін. Керісінше, қауіптірек іс-әрекет жасалған жағдайда осы жеңілдетуші мән-жайлар тіптен назарға да алынбауы мүмкін. Мысалы, алааяқтық, өзінше билік ету, салақтық және сол сияқты қауіптілігі аздау қылмыстарды бірінші рет жасаған жағдайда аталған мән-жайлар жазаны жеңілдетудің негізі болып табылады. Сол сияқты бандитизм, ауырлататын мән-жайлармен адам өлтіру сияқты ауыр қылмыстарды жасау кезіндегі сол мән-жайлар енді жазаны жеңілдетуші мән-жайлар ретінде қарастырыла алмайды.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі – бұл нақты бір қылмыстық әрекетті сипаттайтын белгі. Сипаты бойынша қоғамға қауіптілігі бірдей қылмыс, олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай түрлі айырмашылықта болуы мүмкін. Қоғамдық қауіптілік дәрежесі қол сұғу объектісіне келтірілген шығынның мөлшері мен сипатына, қылмыстың жасалуы тәсіліне, кінәнің, ниеттің, мақсаттың және басқа да жағдайлардың сипаты мен дәрежесіне байланысты. Соттың әділетті жаза тағайындауы үшін «кінәлінің тұлғасын» ескеру қажеттігі ерекше көрсетіледі. Бұл соттың кінәлінің моральдық бейнесін, оның өткендегі және осы кездегі еңбек қызметін, Республика алдында сіңірген еңбегі, қоғамдық өмірдегі және тұрмыстағы мінез-құлқы, жас шамасы, денсаулық жағдайы, соттылығының бар-жоқтығы және басқаларын анықтауымен көрінеді. Сонымен қатар заң кінәлінің қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын ескереді.

Жазаның әділеттілігі қағидасы қылмыстық заңнама талаптарының бірін құрайды. Жазаның әділеттілігі – бұл біздің қоғамымызға тән адамгершілік қасиет белгісі. Кінәліні түзу жолға түсіріп қана қоймай, қоғамның барлық мүшелерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғай отырып, олардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін сақатуды қамтамасыз ететін қылмыс қана әділетті деп танылады. Әрбір кінәлі адам өзі жасаған қылмысына сәйкес жазалануы тиіс. Сот жазаның әділеттілігін қоғамға седиіре білуі керек.

Жаза тағайындаудың жалпы ережелерінің әрбір талаптары жаза тағайындау кезінде жеке-жеке дербес мәнге ие болғанымен жиынтығында жазаның әділетті болуын қамтамасыз ететін болуы тиіс.

## 6. ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАДАН БОСАТУ

### 6.1 Қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымы мен маңызы

Көптеген жағдайда кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе кінәліні соттау кезінде жаза өтеуден толығымен немесе ішінара босату арқылы да жалпы және арнайы есерту мақсатына қол жеткізуге болады.

Қылмыстық құқық осының жолдарының бірі қылмыстық жауаптылық пен жазалаудан босату институты деп біледі.

Қылмыстық жауаптылық ұғымының ауқымы жазалау ұғымына қарағанда кең. Кейбір жағдайларда қылмыстық жауаптылықтың жаза қолданбай-ақ немесе оны атқармай-ақ немесе толығымен атқармай-ақ қолданылатын кездері де болады.

Сонымен бірге қылмыстық жаза тағайындау мен оны атқару қылмыстық жазаны жүзеге асыру тәртібімен ғана жүргізіледі.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық іс қозғауден бас тарту немесе оны тоқтату жолымен де көрінуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылықтың мәнін түсіне білу қылмыстық жауаптылықтан кез келген босатудың өзі жазалаудан да босату деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде субъекті айыптау үкіміндегі қылығына берілген ресми бағалаудан да арылады. Басқаша айтқанда, қылмыстық жауаптылықтан босату жазалаудан да босату деп танылады, сол сияқты жазадан босату да қылмыстық жауаптылықтан ішінара ғана босату деп танылады, өйткені бұл жерде адам сотталған атанып, қылмыскер деп жарияланған болып шығады.

Демек, қылмыстық жауаптылықтан босатуды айыпталуы үкімі нысанында көрінген және соттылық сияқты құқықтық зардаптан құтыла алмайтындай қылмыс жасаған адамның қылығын заңмен қарастырылған жағдайда құзырлы орган адамдарының мемлекет атынан ресми түрде айыптаудан бас тартуы деп анықтауға болады. Қылмыстық жауаптылықтан босатуды бұлайша түсіну қылмыстық жауаптылықтың өзінің тиісті ұғымына сәйкес негізделуі керек, деп ұйғарады көптеген ғалымдар.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықтан босатудың мынадай түрлерін қарастырады:

1) шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы);

2) қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 66-бабы);

3) Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 67-бабы);

4) татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 68-бабы);

5) кепілгерлік белгілей отырып, жазадан босату (ҚР ҚК 69-бабы);

6) жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 70-бабы);

7) ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 71-бабы);

8) рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (ҚР ҚК 78-бабы);

Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы);

1. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе, немесе қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам, егер ол ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмыстарда болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқа да қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдессе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық қылмысты алғаш рет жасаған адамды тек қана сот шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Қылмысты ашуға жәрдемдесу тергеу органдарына жасалған іс-әрекеттің барлық мән-жайларын анықтауға, қылмысқа қатысушыларды, қылмысты жасаған қарулар мен құралдарды, қылмыстық жолмен табылған заттарды тауып алуға белсене көмектесу арқылы көрінеді.

ҚР ҚК 65-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату шарттарының бірі кінәлінің өз еркімен бүлінген мүліктерді қалпына келтіру, оларды жөндеу, ақшалай қайтарымын жасау түрімен көрінетін қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтіру болып табылады. Қалпына келтіруге мүліктік зиян ғана емес, моарльдық зиян да жатады. Мысалы, жала жабу немесе балағаттауға байланысты көпшілік алдында кешірім сұрау.

1. Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

ҚР ҚК 65-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға мыналар негіз болып саналады:

Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, азаптаулар, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Заң, шын мәнінде босату туралы мәселе қойылған іс-әрекеттің өзі мен оны жасаған адамға қатысты босатудың өлшемдік негізін айырым көрсетеді. Белсенділік деп өзінің ішкі сана-сезіміне қарай ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмысты ашуға өз бетімен ерік білдіруі мен құлшынуы танылады.

Қажетті қорғаныс шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 66-бабы);

Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам істің мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру іс-әрекеттегі қылмыстылық мән-жайларды болдырмайтын қоғамдық пайдалы ірекет ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, қылмыстық заң қажетті қорғану шегінен асқан кездегі жазалауға жататндықты да жоққа шығармайды. ҚР ҚК 32-бабының 3-бөлігінде нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеуі сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылатындығы айтылған.

Кез келген қол сұғушылық, әсіресе ол кездейсоқ, кенеттен болса адамның психикасын қоздырып, тепе-теңдігінен айырып және сөз жоқ толқушылыққа әкеп тірейді, соның нәтижесінде қауіптілік жоғарылай түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда қорғанушы оқиғаны жағдайдға сай бағалай алмай қалады да, қорғаныс әрекетін күшейте түседі.

Осыған орай ҚР ҚК 66-бабы, егер қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау кезіндегі жасаған әрекетіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады. Профессор И. Ш Борчашвили адам бойындағы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау қажетті қорғану шегінен асқан кезде ғана емес, қажетті қорғанудың кез келген жағдайында болады деп санайды. Сондықтан да ҚР ҚК 66-бабының құрылысы қажетті қорғанудың шегінен асудың құқықтық жай-күйін, оның қылмыстық-құқықтық мәнін көрсетпейді, деп ұйғарады автор.

Заң шығарушы қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуды мынадай белгілі бір шарттары болғанда ғана қарастырады:

1) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамның бойында үрейлену, қорқу немесе сасқалақтаудан басқа мысалы, кек алу, өкпелеу, жазықсыз тису сияқты себептер болмауы тиіс;

2) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде аталған себептер басқа әрекеттердің салдарынан емес, қоғамға қауіпті қол сұғушылық болғанда ғана орын алуы тиіс, мысалы, тәртіпсіз қылық, әкімшілік құқық бұзушылық азаматтық-құқықтық іс және т.б.;

3) қажетті қорғанудың шегінен асқан жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде қалған басқа жа мән-жайлар ескеріледі, мысалы, жасалған қол сұғушылықтың орны, уақыты, жағдайы. Қорғану сипаты мен дәрежесі, құл сұғушылар мен қорғанушылардың саны және т.б.;

4) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босатуды шешу құқығы сотқа ғана беріледі.

67-бап. Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережесі, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған жасаған жағдайларды қоспағанда, мұндай қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 68-бабы);

68-бап. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

2. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

4. Осы баптың ережелері:

1) азаптаулар;

2) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмелетке толмаған адам он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда, мұндай қылмыс;

3) абайсызда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайын қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыс;

5) террористік қылмыс;

6) экстремистік қылмыс;

7) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды;

8) бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін осы Кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Осы жоғарыда аталған шарттардың барлық жиынтығы болғанда ғана ҚР ҚК 68-бабына сәйкес, қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз бар деп танылады.

69-бап. Кепілгерлік белгілей отырып, жазадан босату

1. Сот қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазалардың өзге де түрлері қатарында айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды кепілгерлік белгілей отырып, жазадан босатуы мүмкін.

2. Кепілгерлік белгілеу жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген айыппұлдың ең жоғары мөлшеріне тең мөлшерде кепіл енгізуден тұрады.

3. Кепілгерлік мерзімі:

1) қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – алты айдан бір жылға дейін;

2) онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде – бір жылдан екі жылға дейін;

3) ауырлығы орташа қылмыс жасалған кезде – екі жылдан бес жылға дейін белгіленеді.

4. Егер жазадан босатылған адам кепілгерлік кезеңі ішінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасамаса, кепілгерлік мерзімі өткеннен кейін кепіл кепілгерге қайтарылады.

5. Егер кепілгерлік кезеңі ішінде адам жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот жазадан босату туралы шешімнің күшін жояды және үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша оған жаза тағайындайды. Бұл ретте кепіл мемлекеттің кірісіне айналдырылады.

6. Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыстар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 70-бабы);

1. Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның содан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Бұл бапта заң шығарушы қылмыстық жауаптылықтан босатудың өз алдына дербес төмендегідей екі негізін қарастырады:

- істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан жасалған әрекеттің қоғамға қауіпті емес деп танылуы;

- сол кезге дейін қылмыс жасады деп танылған адамның өзінің қоғамға қауіпті емес деп танылуы.

ҚР ҚК 70-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі мәселені шешер кезінде жағдайдың өзгеруіне нақты нелер себеп болғанын және ол неліктен жасалған істің қоғамға қауіптілігін жоғалтқанын анықтап алу керек.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жағдайдың өзгеруі деп объективті әлеуметтік нақты жағдайдағы ғана емес, басқа да осы сияқты әрекеттердің қоғамға қауіптілік күшін жоғалта отырып, өзгеріске ұшырауын тануға болады. Бұл мысалы, 30-40-жылдарғы – соғыс уақытының бейбіт уақытқа ауысып, тамақ өнімдеріне корточкалық жүйенің жойылуы, 80-90-жылдардағы – еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өмірдің өте маңызды өзгерістері.<sup>44</sup>

Мұндай өзгерістерді жаңа жағдайдағы қоғамдық сана-сезім басқаша жағдайда жасалған және дәл жасалған кезінде қоғам үшін елелу қауіп тудыратын қоғамдық қауіпті іс-әрекет ретінде қабылдамайды. Жағдайдың өзгеруінде нақты бір іс-әрекет ғана емес, осы сияқты іс-әрекеттердің барлық түрі қоғамға соншалықты қауіп тудырмайтындай болуы тиіс. Жағдайдың өзгеруі оған қылмыстылық сипат беретіндей іс-әрекеттің жасалатын орны мен уақытындағы ерекше жағдайлардың болмауымен көрінуі мүмкін. Мысалы, егер тым көбейіп кеткендігіне қорек жетпей қырылуы қауіпі төнген жағдайда тыйым салынған жерлерден бағалы тұқымды балық түрлерін аулау және бұл жерден балық аулауға ресми түрде рұқсат етілген болса, онды бұл әрекет қылмыс деп саналмайды.

ҚР ҚК 70-бабының 2-бөлігінде заң бірінші рет онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамның өзінің қоғамға қауіптілігі жоқ деп тапқанда қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады. Сөйтіп, жауаптылықтан босату мынадай жағдайларда ғана болуы мүмкін:

а) бірінші рет қылмыс жасағанда;

<sup>44</sup> *Поленов Г.Ф.* Уголовное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997. 152-бет; Уголовное право Республики Казахстан. Жалпы бөлім. – Алматы, 2003, 264-бет.



б) жасалаған қылмыс кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс санатына жатақанда;

в) адамның мінез-құлқы іс сотта қаралған уақытта қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтын болғанда.

Кінәлі тұлғасының қоғамдық қауіптіліктен арылуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатқан жағдайда өзгеріс кінәлінің еркіне қарай болуына (мысалы, егер қылмыстық әрекеті көліктегі қауіпсіздік ережесін бұзу немесе бөтеннің мүлкін талан-таражға салумен байланысқан болса, қоғамға қауіпті емес немесе материалдық жауаптылығы жоқ жұмысқа ауысуы), сондай-ақ оның еркіне қарамай-ақ болуы мүмкін (жұмыстан шығарып жіберу, әсер қатарына шақыру және т.б.). Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің адамның жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілік күшін қау уақытта жоғалтатынын көрсетпейді. Дегенмен, сірә ол тергеуге дейін немесе істі сотта қарағанға дейін анықталуы тиіс. ҚР ҚК 70-бабында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату анықтау органының немесе тергеушінің прокурормен келісімі бойынша, сондай-ақ прокурордың немесе соттың келісімімен жүзеге асуы тиіс.

## ***6.2 Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау***

1. Егер сот түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам өзінің түзелуі үшін сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейді деп танылса, ол мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін. Бұл орайда адам қосымша жаза түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдана отырып, сотталған адамға осы Кодекстің 45-бабының бірінші бөлігінде көзделген міндеттерді жүктеуі мүмкін, ол бұларды жазаның өтелмей қалған бөлігі ішінде орындауға тиіс.

3. Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

а) кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату осы баптың жетінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жойылған болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

5. Сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса

және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін.

6. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқына бақылау жасауды оған босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша - мамандандырылған уәкілетті мемлекеттік орган, ал әскери қызметшілер жөнінде - әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиясы жүзеге асырады.

7. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

а) өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, сот осы баптың алтыншы бөлігінде аталған органдардың ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмей қалған бөлігін орындау туралы қаулы ете алады;

б) қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді;

в) қылмыс қасақана жасалса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

8. Жазасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға сотталған адамның қоғамға қауіптілігін жоғалтуы және тағайындалған жазасын толығымен өтемей-ақ мүлдем түзелу мүмкіндігі негіз болады.

Мұндай мүмкіндік сотталушының үлгілі тәртібі және үкім мен жазаны өтеу режимінен туындайтын міндеттерді орындауға адал ниетпен қарау сияқты өлшемдік негіздердің көмегімен анықталады.

Үлгілі тәртібі деп барлық нормаларды, жатақхана ережелерін, мораль нормаларын, жаза өтеу режимінің барлық талаптарын, тапсырылған жұмысты сапалы орындауын, қауіпсіздік техникасын сақтауын, жабдықтарға, материалдар мен аспаптарға ұқыпты қарауын түсінуге болады (ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13-желтоқсандағы «Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» нормативті қаулысының 9-тармағының 6-бөлігі).

ҚР ҚК 70-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

а) кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату осы баптың жетінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша (әкімшілік жаза қолданылған қоғамдық тәртіпті бұзу; абайсызды немесе қасақана қылмыс жасағаны үшін) жойылған

болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

ҚР ҚК 70-бабының 3-бөлігіне сәйкес, бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек

Тіпті, сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға кедергі бола алмайды (ҚР ҚК 70-б. 5-бөл.).

Жазаны атқару жүктелген мамандандырылған мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды сот сотталғанның тағайындалған жазаны өтеу орны бойынша қолданады.

Бұрын қолданыста болған заңнамаларға қарағанда қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылатын адамдар шеңбері айтарлықтай тарыла түскен. ҚР ҚК 70-бабының 7-бөлігі мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды болдырмаудың негіздерін қарастырады. Мұндай болдырмаушылық мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған сотталушының жазасының өтелмеген бөлігін қалпына кайтаруды білдіреді. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде объективті жағдайларға байланысты (мысалы ауырып қалуына байланысты) өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарса мұндай жағдайлар мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды болдырмай тастайды.

Жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде жаңадан қылмыс жасалған болса, бұл жерде осы қылмыстың қасақана әлде абайсызда жасалғаны маңызды орын алады, өйткені мұндай жағдайдағы құқықтың зардаптың да маңызы де ерекшеленеді.

Егер қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді. Бұл жерде істің барлық объективті және субъективті мән-жайлары ескерілуі тиіс.

Қылмыс қасақана жасалса, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қайтып алынады.

Қылмыс қасақана жасалса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша (үкімдердің жиынтығы бойынша) жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (ҚР ҚК 73-бабы).

1. Кішігірім, орташа ауыр және ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамға сот оның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын ескере отырып, жазаның өтелмей қалған бөлігін оның жеңіл түрімен

ауыстыра алады. Бұл орайда адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

3. Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот осы Кодекстің 39-бабында аталған жаза түрлеріне сәйкес, осы Кодексте әрбір жаза түрі үшін көзделген шекте жазаның кез келген неғұрлым жеңіл түрін таңдап алуы мүмкін.

ҚР ҚК 73-бабына сәйкес, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру тек қана бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін қолданылады.

Заңмен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру екі түрлі шарты белгіленген.

Бірінші шарты сотталушы сол үшін жаза өтеп жатқан қылмыстың ауырлығына қатысты.

ҚР ҚК 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру тек қана кішігірім және орташа ауырлықтағы ғана емес, ауыр қылмыстарға да қолданылатын болды.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы шешім қабылдар кезінде сотталушының жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын, оның еңбекке деген көзқарасын айғақтайтын деректер, жазалау мен мақтау шараларының бар-жоқты ескеріледі.

Негізгі жазаның өтелмеген бөлігімен қатарласа сотталған адама қосымша жазадан де толығымен немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Екінші бір жағдай іс жүзінде өтелген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылатын тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасының мөлшері жайында. Мұндай ауыстыру жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін (ҚР ҚК 73-б. 2-бөл).

Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот осы ҚР ҚК 40-бабында аталған жаза түрлеріне сәйкес, Қылмыстық кодексте әрбір жаза түрі үшін көзделген шекте жазаның кез келген неғұрлым жеңіл түрін таңдап алуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру сөзсіз босатудың бір түрі болып табылады. Егер сотталған адам жазаның неғұрлым жеңіл түрін өтеп жүрген кезінде жаңадан басқа қылмыс жасайтын болса, онда оған екінші үкім бойынша тағайындалған жазаға ауыстырылған жазаның емес, неғұрлым жеңіл жазаның өтелмеген бөлігі толығымен немесе ішінара қосылады.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (ҚР ҚК 74-бабы).

1. Жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдерді қоспағанда, сотталған жүкті әйелдерді және он төрт жасқа толмаған баласы бар әйелдерді сот тиісінше бір жылға дейінгі немесе бала сегіз жасқа толғанға дейінгі мерзімге жазасын өтеуден босатуы мүмкін.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде аталған сотталған әйел баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған әйелді бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталушы әйелді сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады.

3. Бала сегіз жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған әйелді жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Егер сотталған әйел жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды.

Жазадан босатудың осы түрін қолданудың негізі әйелдердің жүкті болуы мен жас балаларының болуы жазаны өтеуді және осы жолдағы мақсатқа жетуді қиындататын болғандықтан олардың жазасыны жазаны өтеуінің орынсыз деп саналауы болып табылады. Осыған байланысты заңмен жазаны кейінгі қалдыруға қажетті екі түрлі шарт қарастырылған. Біріншіден, әйелдің жүктілігі немесе он төрт жасқа толмаған балаларының бар екендігі анықталуы керек. Екінші жағдай, әйел адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан артық мерзімге сотталмаған болуы керек. Заң мағынасы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру үкім шығару кезінде де, жазасын өтеу кезінде де қолданылуы мүмкін.

Егер сотталған әйел баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтарса, не оны жалғастырса, немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған әйелді бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталушы әйелді сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады (ҚР ҚК 74-б. 2-бөл).

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру соттың үкімі бойынша тағайындалған жасазадан біржолата босату болып табылмайды. ҚР ҚК 74-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бала он төрт жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған әйелді жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы

шешім қабылдауы мүмкін. Заңда соттың әйелдерді жазадан қашан босататындығы, олардың жазасының неғұрлым жеңіл түрімен ауыстарылатындығы жөнінде сөз қозғамаған. Егер сотталған әйел жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындайды (ҚР ҚК 74-б. 2-бөл.).

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (ҚР ҚК 75-бабы).

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оны өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуы пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

2. Өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамға сот жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануы мүмкін не оны сот жазаны өтеуден босатады немесе науқасының сипаты, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар, олар сауыққан жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтіп кетпесе, қылмыстық жауаптылыққа және жазалануға жатады.

4. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмелетке толмаған адамның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға қатысты жасау жағдайын қоспағанда, осындай қылмыс, адамдардың қаза табуына алып келген не аса ауыр қылмыс жасауға ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс үшін сотталған адамдарға қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылмайды.

ҚР ҚК 75-бабындағы тәртіп бойынша жазадан босату екі түрлі негіздеме бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылу пайда болғанда (ҚР ҚК 75-б. 1-бөл.).

2) адам жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шеккенде (ҚР ҚК 75-б. 1-бөл.).

Психикасының бұзылуы қылмыс жасағаннан кейін не жазасын өтеп жүрген кезде пайда болуы мүмкін. Бірінші жағдайда сотталатын адам жазадан босатылады, ал екінші жағдайда жазасын одан әрі өтеуден босатылады.

ҚР Жоғарғы сотының 2002 жылғы 11-сәуірдегі «Ауруына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» нормативті қаулысы 2-тармағына сәйкес, «сотталған адам психикасының бұзылуына байланысты жасалған қылмыстың ауырлығына, тағайындалған жазаның мерзіміне, жазаның өтелмеген бөлігіне, түзелу дәрежесі мен басқа да жағдайларына қарамастан жазасын өтеуден босатылады. Мұндай адам жазадан міндетті түрде босатылуы

тиіс. ҚР ҚК 91-бабына сәйкес, мұндай адамдарға сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін».

Өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын уақытша психикасының бұзылуы (қояншық, жүйке тарылуы) ҚР ҚК 75-бабы бойынша босатуға негіз бола алмайды.

ҚР ҚК 75-бабының 2-бөлігіне сәйкес, өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамға сот жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануы мүмкін не оны сот жазаны өтеуден босатады немесе науқасының сипаты, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырылуы мүмкін.

Ауруына байланысты жазадан босату жазаны атқару органының немесе мекемесінің ұсынысы бойынша немесе сотталғана адамның өзінің сұрауы мен дәрігерлік комиссия қорытындысының негізінде қолға алынады.

ҚР ҚК 75-бабының 1 және 2-баптарында көрсетілген адамдар ауруларынан жазылған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі (ҚР ҚК 71-бабы) немесе айыптау үкімінің мерзімі (ҚР ҚК 77-бабы) ескіріп кетпесе, оларға қатысты жазаны атқару жаңадан көтерілуі мүмкін.

Психикасы қылмыс жасағаннан кейін бұзылған адам емделген жағдайда жаза тағайындау немесе оны жаңарту кезінде адамға психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қолданылған уақыт психиатриялық стационарда болған бір күні бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен жазалау мерзіміне есептеледі (ҚР ҚК 97-б. 2-бөл).

76-бап. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру

1. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталған адамды, егер өрт немесе дүлей зілзала, отбасының еңбекке қабілетті жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан оның отбасы үшін аса ауыр зардапқа әкеп соққан мән-жайлар туындаса, сот жазадан босатуы мүмкін.

2. Террористік немесе экстремистік қылмыс не қылмыстық топ құрамында жасалған немесе кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамдарды қоспағанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер болған кезде, үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды шектеу он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты қылмыс жасалған жағдайда кәмелетке толмағандарға қолданылмайды. Қылмыстық кодекс төтенше мән-жайлардың болуын адамды жазадан босатудың немесе жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы мәселелерді шешетін негіз ретінде қарастырады.

Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдары – көптеген адамдының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіп төндіретін қоғамдық өмір немесе табиғат

құбылысы. Қылмыстық кодексте мұндай мән-жайлардың тізімінде өрт немесе кездейсоқ апат (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл және т.б.) беріледі. Сонымен бірге, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлар айтылады. Осы аталған мән-жайлар сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Жазадан босатудың осы тұрының қажетті шарттары мыналар болып табылады:

- ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарының болуы;

- босатудың кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамдарға тарауы;

- отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыру мүмкіндігі. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазаны өтеуді кейінге қалдыруға ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жазасын өтеуді кейінге қалдырудан басқа барлық жағдай негіз бола алады. Кейінге қалдыру мерзімі үш айға дейінгі мерзімге қарастырылған. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату мен жазаны кейінге қалдыру сөзсіз болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың әрқилы түрі шартты және сөзсіз сипатқа ие болады. ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату сөзсіз сипатқа ие болады, яғни ол адамның мінез-құлқына қатысты бұрын қолданылған талаптармен жанаспайды. Шартты түрде босату жазадан босату институты қатарына жатады, яғни адамға сынақ мерзімі ішінде орындауғы тиісті заңмен қарастырылған белгілі бір ұсыныстар қояды. Мұндай талаптарды бұзу шартты түрде қолданылатын жазадан босатуды қайтып алуға әкеп соқтырады. Адамға қойылатын талаптармен бірге жүретін жазадан босатудың түрлері мыналарда қолданылады: шартты түрде соттау (ҚР ҚК 63-бабы), (ҚР ҚК 70-бабы), жазаны өтеуді мерзімінен бұрын-шартты түрде босату.

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату негізінде бір-бірінен мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- оларды қолданудың негіздемелерімен.

Қылмыстық жауаптылықтан босату көптеген жағдайда, егер жасалған қылмыс кішігірім немесе орташа ауырлықта деп сипатталғанда жүзеге асырылады. Бұл жерде оны жасаған адам жасағаны үшін мемлекет атынан сот соттамай-ақ түзелуі мүмкін. Ал жазаны өтеуден немесе оны одан әрі өтеуден босатуға келетін болсақ, ол ендігі сотталған адамдарға қолданылады; оның үстіне бұл босату сотталған адамның түзелуіне (мысалы, мерзімінен бұрын-шартты түрде соттау), немесе іс жүзіндегі жазаны атқарусыз-ақ жазаның мақсатына жету мүмкіндігінің болуына (мысалы, шартты түрде соттау), немесе ескіру мерзімінің өтуі салдарынан кінәлі қоғамға қауіпті саналмай және үкімді атқару орынсыз болып қалуы негізделеді;

- оларды қолданудың іс жүргізулік тәртібімен. Жазаны өтеуден босату заңда көрсетілген тәртіп мен жағдайда, тек қана сотпен жүзеге асырылады;



Қылмыстық жауаптылықтан босату сотпен, прокурормен, сондай-ақ прокурормен келісе отырып тергеуші немесе анықтару органымен қолданылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК 38-б. 1-бөл.).

Қылмыстық жауаптылықтан босатқан кезде адам сотталмаған деп саналмайды, жазадан босату соттылықты алып тастай алмайды (айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден басқа жағдай – ҚР ҚК 77-бабы).

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың жоғарыда аталған түрлерінің арасынан әдістемелік түрде орынды деп ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 69-бабы) мен айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босатуды (ҚР ҚК 75-бабы) қарастыру орынды болып көрінеді.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту мен айыптау үкімін атқару мерзімінің ескіруі. Қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруі деп қылмыс жасаған күннен бастап белгілі бір уақыттың өтуіне қарай заңмен анықталған шарттар бойынша адамды қылмыстық жауаптылықтан босату танылады.

Қылмыс пен жазаның арасында неғұрлым уақыт аз өткен сайын оған ықпал ету әсерлілігі соғұрлым жоғары болады. Сол сияқты керісінше, қылмыс жасалғаннан кейін уақыт өткізіп барып, жазалауды қолға алу жалпы тәртіп бойынша жазаның мақсатын жүзеге асыру тұрғысынан алғанда тым орынсыз болып табылады (ҚР ҚК 39-бабы).

Расында да уақыт өткен сайын қылмысты тергеу қиындай түсетіні анық, көптеген жағдайларда дәлелдемелер күшін жойып немесе жоғалтып алады, куәлерге белгілі болған деректердің көбісі ұмытылып қалады немесе бұрмаланады, сондықтан көп ретте осындай істерді соттың дұрыс қарау қиынға түседі немесе мүлдем мүмкін емес болып шығады.

ҚР ҚК 71-бабында қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіру мерзімі өзінің ауырлығын заңмен қарастырылған сол қылмыс үшін жазада көрсететін жасалған қылмыстар қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне катысты теңестіріліп бірдейлестіріледі.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату:

1. Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер:

1) қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл;

2) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл;

3) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл;

4) ауыр қылмыс, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;

5) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Ескіру мерзімдері қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі.

3. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімдерінің өтуі жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді.

4. Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімдерінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімдерінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап қайта басталады. Бұл ретте, егер қылмыс жасаған уақыттан бері ескіру мерзімі үзілмесе және мынадай мерзімдер:

- 1) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл;
- 2) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;
- 3) ауыр қылмыс, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;
- 4) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаса, ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімін есептеу жаңа қылмыс жасалған күннен бастап қайта басталады. Өзге жағдайларда, егер ескіру мерзімі өткенге дейін адам қайтадан қылмыс жасаса, әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі дербес өтеді.

5. Осы Кодекс бойынша өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмысты жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімінің өтуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға болады деп таппаса, онда өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

6. Бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.

Қолданыстығы ҚР Қылмыстық кодексі қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіру мерзімін санау кезін ескіру мерзімінің басталу сәті қылмыстың жасалған күні, ал соңғы мерзімі үкімнің заңды күшіне енген сәті деп белгілейді.

Ұзаққа созылған қылмыс жасау кезіндегі ескіру мерзімінің басталуы қылмыстың тоқтатылу сәті – кінәсін мойындап келу, қылмыскерді ұстау кезі және басқа да жағдайлар. Жалғаспалы қылмыс жасау кезіндегі ескіру мерзімінің басталуын жалғаспалы қылмыстың бір буыны болып табылатын соңғы көріністің жасалуы деп санауға болады.

Ескіру мерзімінің өтуі бұзылмаған жағдайда ғана ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылық қарастырылмайды. Қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатылады. Бұл ретте ескіру мерзімінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап жаңартылады. Бұл орайда, егер қылмыс жасаған уақыттан бері жиырма бес жыл өтсе және ескіру тоқтатылмаса, адам қылмыстық жауапқа тартылмауы керек.

Айыптау үкімі ұзақ мерзімнен артық не кем жағдайда орындалмайтын болса, онда жалпы тәртіп бойынша арнайы, сол сияқты жалпы ескерту тұрғысынан алғанда оны енді орындау орынсыз. Сондықтан, ҚР ҚК 75-бабында белгіленген бұрын тағайындалған жазаны белгілі бір жағдайда орындау артық деп саналады.

Айыптау үкімін орындамаудың себептері санқилы болуы мүмкін: сот кеңсесінің немесе тиісті жаза бойынша өтеу шараларын жүргізуші органдар не қылмыстық-атқару мекемелері қызметкерлерінің салдыр-салақ жұмысы. Дегенмен, көбінесе айыптау үкімі сотталған адамның жазадан жалтару кезінде орындалмай қалады.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуі соттың айыптау үкімі шығарылғаннан кейінгі заңмен белгіленген мерзімі орындалмай қалып, осыған байланысты сотталған адамның жазаны өтеуден босатылуымен көрінеді.

Мұндай босатудың негізіне мерзім ғана емес, жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты, ауырлығы алынады. Сондықтан, айыптау үкімінің ескіру мерзімінің ұзақтығы жасалған қылмыстың санатына байланысты болады.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату

1. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күнінен бастап есептегенде:

- 1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғанда – бір жыл;
- 2) онша ауыр емес қылмыс үшін сотталғанда – екі жыл;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғанда – бес жыл;
- 4) ауыр қылмыс үшін сотталғанда – он жыл;
- 5) аса ауыр қылмыс үшін сотталғанда он бес жыл мерзімде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады.

2. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімінің өтуі, жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан, тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді.

3. Егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адам ұсталған немесе айыбын мойындап келген кезден басталады. Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы кезіне қарай өтіп кеткен ескіру мерзімі есепке алынуға жатады. Бұл ретте айыптау үкімі, егер оның шығарылған уақытынан бастап жиырма жыл өткен болса және ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасау арқылы үзілмеген болса, орындала алмайды. Жазаны өтеу кейінге қалдырылған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

4. Егер адам осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдер өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімін есептеу жаңа қылмыс жасалған күннен бастап қайта басталады.

5. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін болады деп таппаса, өмір бойына бас бостандығынан айыру

жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Кәмелетке толмағанның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты осындай қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуі негізінде жазадан босату соттың қарауы бойынша тек қана ҚР ҚК 77-бабының 2-бөлігіне сәйкес өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға қатысты қолданылады. Сот мұндай жазадан босату не босатпау мәселесін шешу кезінде қылмыстың сипатын, зардаптың ауырпалығын, сотталған адамның тұлғасын, жазадан жалтаруының ұзақтығын және оның себептерін ескереді.

Қылмыстық кодексте ҚР ҚК 160-174-баптарында көзделген бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайтын жағдайы да қарастырылған. Бұл дегеніміз осы аталған қылмыстық әрекеттер бойынша айыптау үкімі жазаны өтеуден жалтарған адамның ұсталған уақыты мен кінәсін мойындап келіуіне қарамастан атқаруға жатады.

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасы.
2. Қылмыстық заңнаманың уақыттағы, кеңістіктегі және адамдар арасындағы әрекеті. Қылмыстық заңнаманы сот-тергеу тәжірибесінде қолдану.
3. ҚР қылмыстық құқығының ұғымы, қағидалары және міндеттері.
4. Қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теоретикалық және қолданбалы проблемалары.
5. ҚР әрекеттегі қылмыстық заңнамасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы, оның сипаттамасы және қылмыстардың саралануының құқықтық мәні.
6. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық.
7. ҚР қылмыстық құқығы бойынша қатысудың ұғымы мен мәні.
8. Қатысу белгілерінің объективтік және субъективтік белгілері.
9. Қатысудың түрлері.
10. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қатысушыларының қылмыстық жауаптылығының негізі мен белгілері. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысындағы, 21 маусым 2001ж. шешімі.
11. Қылмысқа жанасу, оның нысаны.
12. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қатысушыларының қылмысқа жанасудан айырмашылығы.
13. Қатысудың арнайы сұрақтары.
